

**«Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп»
Кітапхана жұмысының айлық жоспары
Қыркүйек айы**

2024-2025 оқу жылы

№	Тема/Таблицы	Мазмуну	Жумас түрү	Улантты	Орындалды	Жауапты
1	«Китеп-белек булагы»	Окуучуларга окуулыктын камтамалдыгы	Окуулык таратуу		1-9 сыныптар	Китепканалары
2	«Сыңаруулар Тулдар жүйөсү орай «Телем-төмөңдө түрөткө»	Окуучуларга аныктын биздин маанаты жайлы айтуу, аныктын уйрөтү.	Көрүнө		1-4 5-9 сыныптар	Китепканалары
3	«Окуучуларга сынак»	Биздин айткан китеп аркылуу берилетинин үзүмдүрү, жоготкан адам өмүрүндөгү жакшылык, ыңгай мен биздин ийгилик жайлы түшүндүрү; Окуучулардын китепке деген жакындыгын арттыруу; Китепке сүйүгө, аны күтүп, аны устатка көрүнөтү.	Сынак		1-сыныптар	Китепканалары
4	«Менин сүйүктү китебим»	Окуучулардын адеби китепке жакындыгын арттыруу. Биздин айткан өз үлөсүн жакшы билетин жакшылык, ошентип китептерин талаш отуруп, руханий- талым үзүмдүрү, китеп окутуу баалуу.	Окуучулар аркылуу китеп окуу сайысы		6-7 сыныптар	Китепканалары
5	«Окуу жүйөсү мектеп» жобасы. Окуучу Китептин 120 жылдыгы	Окуучулар Китептин өмүрү мен жакындыгын туралы маалымат беруу	Китеп жүйөсү		5-7 сыныптар	Китепканалары Сыйын жетекчи

Китепканалары : Мырзабек Нагима

«Кітапханаға саяхат»



Кітапхана-
жылды. Білім,
адамгершілігі
орында.

Кітапханашы: Мырзабек.Н

2024-2025 жыл

Дәлімет:

Қыркүйек айының 7-8 күні мектепке даярлық, 1-ші сынып оқушыларына сынып жетекшілері кітапхананы таныстырып, кітап оқу шарттарын, балаларға арналған кітаптар көрсетілді.

«Кітапханаға саяхат»

2024 жылдың 12-13-ші қыркүйегінде мектепке даярлық және 1-ші сынып балаларымен мектеп ішіндегі кітапханаға саяхат жасалды.

Мақсаты:

- Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру;
- Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру;
- Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру;
- Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету.

Кітапхана өмірімен таныстыру, білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру; бұлдіршіндердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру; кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу. Бұлдіршіндерге ең бірінші кітапхана, залы, кітаптардың қалай орналасқаны, кітапханаға қалай жазылу керектігі туралы толық мағлұматтар берілді. «Кітап-білім бұлағы»

«Кітап-білімнің қайнар көзі» екені барынша түсіндірілді. Сондай-ақ іс-шара барысында бұлдіршіндердің назарына ертегі кітаптар тағы да басқа көркем суреттелген кітаптар ұсынылды.

Кітап әлемінің табалдырығын аттаған-ақ бізді кітапханашы апай құшақ жая алып, кітапхананы аралатты. Балақайлар өздерін қызықтырған сұрақтарға тағылымды жауаптар алды. Кітапханашы балаларға келушілердің тіркелу орнын көрсетті. Олар кітапхананың оқу залдарында өздерін қалай ұстау керектігін, кітапты қалай пайдалану керек екенін білді. Үміт апай балаларға кітапқа деген құштарлығын оята білді. Адамға рухани байлық беретін кітап екенін балалар түсінді. Балаларға кітапхана өте қатты ұнады және кітапханашы апайдың көрсеткен оқыған кітаптары қатты қызықты болды. Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру;

Кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу. Өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. қабілеттерін, өз ойын көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Елжандылық тәрбиелеу. «Кітап-ой –сананың қозғаушы күші» дегендей, кітапты насихат түрлі әдістерін пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын

Құрметті оқушылар !!!

Бүгін кітаптар әлемінде қолданыстағы кітапханадағы неше түрлі түсті кітаптар, журналдар сендерді күтін тұр.

Сендер мына сөздерде көріп тұрған кітаптар неше түрлі, бірақ әрбір кітаптың өзінің орны бар. Мысалы: орысша, қазақша кітаптар әр қайсысы бөлек тұрады және әр кітап алфавит бойынша тұрады. Одан басқа балалар кітаптары жеке мына жерде тұрады. Кітапханада кітап көрмесі жазушылардың туылған күндеріне, неше түрлі тақырыптарға ұйымдастырылады.

Оқушы кітапханаға бірінші рет келіп кітап алғанда алған кітаптарын формулярға жазады.

Формуляр класс бойынша қойылады.

Кітапхананың өз ережесі бар. Бүгін сол ережемен таныстырып өтейін.

- Кітап оқырда орындыққа түзу отыр
- Кітап беттерін бұрыштарын бүктеме
- Кітап мұқабасы бүлінбес үшін қаптап ал
- Кітап беттерін жыртып
- Кітапқа сурет салма, жазба
- Кітапты ешқашан тамақ ішіп отырған жерге әкелме
- Кітапты жәй, асықпай оқысаң жақсы түсінесің
- кітапты арасынан теріп оқымай, соңына дейін оқы
- Кітап арасына қарындаш қалам салма
- Кітапханада шулауға болмайды, өйткені басқа оқырмандарға кедергі келтіреді
- Кітапты уақытында қайтару керек, әйтпесе басқа оқырмандар күтіп қалады
- Кітапты жоғалтып алма

Саяхаттан суреттер:

« Б.Құдайыазаров атындағы негізгі орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Тілім менің тірегім »

Кітапханашы:Мырзабек.

2024-2025 жыл

Мәлімет:

5-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім»

атты көрме

5-қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері мерекесіне орай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау мақсатында:

«Тілім менің тірегім» тақырыбында оқырмандарға көрме ұйымдастырылды. Аталмыш көрмеге кітапхана қорындағы тіл тақырына катысты кітаптар, газет-журналдар беттеріндегі Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны, шығармаларына шолу, көрмесі ұйымдастырылды мәліметтер ұсынылып, библиографиялық шолу жасалды

Мақсаты: Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету

Ақын өмірі мен шығармаларын таныстыру 5 қыркүйек Қазақстан

«Тілім менің тірегім»

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті!

5-қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері мерекесіне орай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау мақсатында:

«Тілім менің тірегім» тақырыбында оқырмандарға көрме ұйымдастырылды. Аталмыш көрмеге кітапхана қорындағы тіл тақырына катысты кітаптар, газет-журналдар беттеріндегі мәліметтер ұсынылып, библиографиялық шолу жасалды

Өмірбаяны

Арғын тайпасының Шакшак руынан шыққан. Атасы Шошак оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақто Костанай, Каркаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы

өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Нешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911).

«Масаның» негізгі идеялық қазығы – жүргізілісті оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылтуға тырысты. Абайдың ағартушылық, сыншылық дәстүрін жаңартып отырып, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады.

Хронология

Ахмет Байтұрсынұлы Алматы мұражай-үйі, 1998

Туған жері — бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы).

1882—1884 жж. ауыл мектебінде оқыды.

1890 ж. Торғайдағы екі кластық, орыс-қазақ училищесін, 1895 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген.

1895—1909 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады.

1909 ж. патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 ж. жер аударылды.

Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дана ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге

1912 ж. Оқу құралы. Қазақша алифбасы Орынборда жарық көреді.

1913 ж. Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды. Патша үкіметі құлатылғаннан кейін ұлт-азаттық қозғалыс күшейеді.

1918-19 жж. Алаш Орда қатарында болады.

1919 ж. маусымның 24 Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалады.

1922-25 жж. Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Ақ жол» газетінде қызметкер.

1925-29 ж. Қазақ халық ағарту институтында (Ташкент) және ҚазПИ-де оқытушы болды.

1929 ж. маусымында қамауға алынып өзі Архангельск облысына жер аударылған, ал жұбайы мен қызы Томскіге жіберілген. 1934 ж. Қызыл Крест комиссиясында қызмет еткен Е. Пешкованың (Максим Горькийдің зайыбы) қолдауымен Ахмет Байтұрсынұлы босатылған. Сол кезде ол жұбайы Бадрисафамен бірге Алматыға қайта оралған. 1937 ж. тамыз айында Ахмет Байтұрсынұлы тағы да қамауға алынған, алты айдан соң, желтоқсанның 8 «халық жауы» есебінде атылған.

Ахмет Байтұрсынұлы кітаптары

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Акынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Акын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын,

айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде акын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шокан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиган-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Баю» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Фильмдер

1994 — «Алаш туралы сөз» Алашорда режиссері: Қ.Умаров

Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм”

2009 — «Алашорда» Алашорда режиссері: Қ.Умаров

Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақфильм” Шәкен Айманов атындағы

«Менің сүйікті кітабым»



Кітапханашы: МЫРЗАБЕК.Н

2024-2025 жыл

әлімет:

«Менің сүйікті кітабым»

Қыркүйек айында 7-8 сынып оқырмандары арасында кітап оқу сайысы

1. Команда құрамы 3 оқушыдан.
2. Эмблемасы, бірыңғай киімі, ұраны, таныстыруы (3 шумақтап артық емес.)
3. Командалық сайыстың сұрақтары : әдебиет, өнер.
4. Сұрақтар : логикалық.
5. Дұрыс жауап- 3 балл
- Көрсерменнің көмегіне сүйену (сыныптастар көмектесе алады) - 2 балл
- Сотқамен көмек сұрау- 1 балл
- Таныстыру- 5 ұпай
6. Мәнерлеп оқу. Өлең, шығармадан үзінді жатқа оқу -5 ұпай.
7. Әр топтан 1 оқушы өз өнерін ортаға салады-5 ұпай.

Сайыстың мақсаты:

1. Мектеп кітапханасына оқырман тарту.
2. Дарынды, алғыр сыныптарды анықтау.
3. Ұйымшылдыققа үйрету.

Ұйымдастыру бөлімі:

Сахна бұрышына жюрилер отырады.
Командалар сахна төріне шағын столға дөңгелене отырады, жеке-жеке, ара қашықтығын сақтап.

Сайыстың өткізілу барысы:

Жүргізушілер шығады.

1 жүргізуші:

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Терең білім алып, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өмірімізді білу үшін кітапты көп оқу керек.

2 жүргізуші:

Кітап адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол елді, жерді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттен аулақ болуға үйретеді. Кітап оқу дегеніміз- оқырманның рухани өмірінің бір жағы.

1 жүргізуші :

Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп- өркендеуі . «Ктап – білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұңғыық мөлдір бұлағынан оқырмандарды сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналған кітапхананың алар орны ерекше.

2 жүргізуші:

Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысына пайдаланады. Одан ақыл- кеңес, тәлім- тәрбие, үлгі- өнеге алады. Кітап біздің рухани жай азығымыз. Жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай- ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін кастерлеп, халықтың салт- дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың енісінде.

Олай болса біздің мектебімізде бүгінгі өткелі отырған 7-8 сыныптар арасындағы оқырмандар сайысы да соның айғағы. Оқырмандарымыз әртүрлі жанрда оқиды. Олардың біреуі поэзияны оқыса, біреуі проза, роман, әңгімелерді оқиды.

Интернет- бір күндік, кітап – мәңгілік дегендей кітаппен сусындағанға не жетсін!

Біздің бүгінгі мақсатымыз да оқыған шығармалары бойынша өз ойын еркін жеткізе білетін, шешендік өнерін меңгерген «Үздік оқырмандарды» анықтау.

I жүргізуші:

Жігіттер! Ал, мен енді серпілемін,

Сок самал, бөс, бораным, желпі желім!

Келмейді уайымдап жер тірегім.

Несіне үмілеймін, еңтігемін,

Енді мен желпінемін, желпінемін, - деп ақнық Мұқағали айтқандай, сайысымызды бастайық..

II жүргізуші:

сайысқа төрелік ететін білікті де білімді, қадірлі қонақтарымызды таныстырайық..

Жюри төрағасы:

Жюри мүшелері:

1

2

3

4

I жүргізуші:

-Жарыстың шарты алдын- ала хабарландыру ретінде берілгенін естеріңізге саламыз.

II жүргізуші:

Шуу жануар, канатым – Ақтабаным,

Артқа таста талайдың мақтағанын.

Тежеймін тізгінінді, қақпағаным,

Медет маған межеден аттағанын.

Ең дарынды, ең талантты сыныптардың білімпаздары сахна төрінде деп есептейік. Алғашқы ән сіздерге арналады.

II жүргізуші:

-Жарыс қорытындысында «Ең үздік банкер» номинациясы бойынша жеңімпаз команданың сынып жетекшісі, «Ең үздік демеуші» номинациясы бойынша жоғары дайындықпен келген сынып, «Ең талантты, білімпаз» номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткен, үздік жауап берген сайысқа қатысушы жекелей марапатталады.

Шығарманың аты мен авторы, кейіпкерлер кімдер?

Жауабы: С. Сейфуллин. «Бандыны қуған Хамит» Кудря мен Хамит.

«... Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын,
қунақарлықтан, көрсекызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның алғыруынан құтқаратұғын,
аласқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын — мен»

Шығарманың авторы, атауы, сөз несі кім?

Жауабы: Абай. 17-ара сөз, Сөз несі- Қайрат.

8 сынып.

2-кезең.

7 сынып.

-Ойласам бұл ханымның ақылы асты,

Қарашын дәл сіздей ме, жаман састы

Мен түсінен шошымын бүгін тағы

Қолымнан жібек баулы...(не) қашты.

Көп нүктені орнындағы сөзді табу, шығарманың атауы. Ойлануға 1 минут.

Жауабы – сұңқар «Қозы көрпеш- Баян Сұлу»

8 сынып. «... Шың тастың ішінде, биік құздың арасында иіріліп аққан су бір мүйістен
екіншіге қарай шыққанда, тау қойнауынан шыққан құсықтай ақтарыла жөнеліп,
екінші мұрыншақтан бұрылғанда, жер тесігіне сүңгіп, құйылып жатқандай
болады. Қалың биік, алып жартас бір ұртына бір өзенді сіміріп жұтып, жер астына
кетіп жатқандай. Мұрыншақтан аса беріп, асау су жоғалып жатыр.

(Шығарманың атауы, авторы, суреттелген жер атауы)

Жауабы: М. Әуезов. «Қараш- қараш оқиғасы» Талғар сайы.

Ал енді бірінші кезеңнің екінші тапсырмасына кезек берейік. Әдебиет бойынша
логикалық сұрақтар.

7 сынып бойынша

1. Қара басып ұйықтап қалып, жігітінен айырылған сұлу қыз.

Шығарманың аты, авторы, кейіпкер кім?

Жауабы: С. Мұқанов. «Есіл бойында»

2. 5 метр жерде тұрған адамды бесатармен ата алмай құлағынан айрылған кейіпкер?

Шығарманың аты, авторы, кейіпкер кім?

Жауабы: С. Сейфуллин. «Бандыны қуған Хамит» Кудря.

8 сынып бойынша.

1. Шикі ет жейді, аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, кеудесі аюдың
кеудесіндей. Бұл – Таусоғар ма?

Шығарманың аты, кейіпкер кім?

Жауабы: «Оғыз-каған» жырынан үзінді. Оғыз.

І жүргізуші:

I жүргізуші:

- Сонымен қоржынға қолдан салайық.

Кезегімізді алайық.

Жарыстан біз қаншайық.

Таныстыру кезеңін бастайық.

Естеріңізге сала кетейік: 5 ұпайға дейін.

(Қоржыннан әр команда өз номерін алады. Сол бойынша таныстырады.)

II жүргізуші:

- Құрметті қазылар алқасы, командалардың таныстырудағы бағысын берсеңіздер.

(жәорилер жеке – жеке бағасын айтады.)

I жүргізуші:

- Сонымен алғашқы белес артта қалды. Ендігі үлкен кезең- әдебиет, сөз өнері, білім сайысы.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем

Мен оның қасиетті тілін сүйем

Мен оның құдіретті түнін сүйем

Кезек өздеріңізге.

(Әр сайыскер 1 шығармадан үзінді немесе тақпақ оқиды.)

II жүргізуші: II кезең.

Әдебиеттен логикалық сұрақтарға кезек берейік. Оқушы құпия мәтінді анықтайды.

Сөз кітапханаз меңгерушісі Шамшияр-апайда. (сұрақтар оқылады.)

7 сынып. «Ех, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер- әлемді шулатып, сотқар атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар.

Кімге де болса бір әке керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде: «Жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынадай еді» деп, еске алып, армандап отырмай ма?»

Шығарманың аты, авторы, кімнің ойы?

Б. Сокпақбаев. «Менің атым Қожа». Қожаның ойы

7 сынып.

«Бала өте сезімтал-тып. Бір ауыз жылы сөзден іші – бауыры езіле елжіреп, алдекандай аянып көмейіне түйіліп, жас тығылып қалушы еді. Кімді аяйды? Өзін-өзі аяй ма? Әлде аяушылық атаулы сезімді аңсағаны ма – белгісіз.»

Шығарманың аты, авторы, кейіпкер кім?

Шерхан Мұртаза. «Тұтқын бала». Тұрар.

8 сынып.

8 сынып.

«Ормандарда да, далаларда да үн жоқ. Кең байтақта екі жаудың күні бойы жанталасып, шайнасқанына тек ормандар, далалар, барлық жер мен аспан көк үндемей қарап қана тұрған тәрізді.»

III кезең - өнер сайысы. Үй тапсырмасы бойынша құпия түрде бір шығармадан көрініс даярлап келу.

Ш жүргізуші

Өнер деген қазақтың пірі емес пе,

Өнер деген өмірдің жыры емес пе.

Ендеше өнерлілер ортамызда

Көңілді бөліңіздер көрініске.

-Бұл кезеңде топ мүшесі алынған шығармаға қысқаша түсінік береді. Сыныптастары 3 минуттық көрініс көрсетеді. Қазылар алқасы актерлік шеберлігіне, шығарма таңдауына, образды аша білуіне байланысты 5 балл мөлшерінде баға бере алады.

-Сонымен бұл кезең де аяқталды. Есептеу комиссиясы мен қазылар алқасы қорытындысын шығарғанша ән-күйге кезек берейік

Іс-шарадан суреттер:



«БИБОЛ КҰДАЙНАЗАРОВ

атындағы негізгі орта мектегі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы»



Кітапханашы: МЫРЗАБЕК НАҒИМА

2024-2025 жыл

Мәлімет:

«Оқуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы

Максаты: Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру

Қыркүйек айында 5-7 сыныптардың қатысуымен Кітап көрмесі болып өтті. Балалар суретшінің өмірбаянымен танысты. Сурет көрмесін тамашалады.

Биыл Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толады. Оны шын мәнінде халық суретшісі деп атауға болады.

Қазақ малшысының кедей отбасында дүниеге келген Әбілхан әкесінен ерте айырылып, мұстаждықты, еріксіз еңбектің ауырлығын сезініп, жергілікті байдың қолында малшы болып жұмыс істеген. Бірақ ол әрқашан сурет салуға талпынды. Ол өзінің алғашқы суреттерін жалпақ тас тақтайшаларда, қағазда салды.

1927 жылы Ә. Қастеев Түркісіб құрылысына келді. Бірақ сурет салуын тоқтатпады. Суретшілер туралы да, кәсіби сауаттылықты үйрену мүмкіндігі туралы да ештеңе білмей, ол қалай көрді солай сала берді және мүмкіндігінше көп сурет салды. Оның сурет салуға бейімділігін құрылыс саласының басшылығы байқап, дарынды жігітті Алматыға оқуға жіберді.

Сол кезде қалада реалист суретші Николай Хлудов жұмыс істеді. Оның студиясында Әбілхан бояулармен және кенептермен жұмыс жасау, кескіндеме негіздері бойынша алғашқы білім мен дағдылар алды, классиктердің шығармашылығымен танысты. Бұл оның тағдырын түпкілікті анықтады. Ол өз таңдауын жасады, суретші боламын деп шешім қабылдады.

Әбілхан Қастеев Мәскеуге екі рет оқуға жіберілді, бірақ жағдайлар оған елордада кәсіптік білім алуға мүмкіндік бермеді. Ол әрине қатты өкінді. Дегенмен, оны сурет салумен үстірт айналысты деп айтуға болмайды. Әбілхан өте дарынды және еңбекқор еді. Алматыға оралып, суретші ретінде жұмыс істей бастады.

Ә. Қастеевтің алғашқы шығармашылығындағы ең үздік жетістігі портрет болды. Осы жанрда жасаған туындылары суретшінің жоғары шеберлігін көрсетеді. Олард түпнұсқаға ұқсастығын ғана емес, сонымен қоса бейнеленген кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне терең үңілуін де көрсетеді. Уақыт өте келе суреттердің тақырыбы айтарлықтай кеңейеді. Ол тарихи тақырыптарда, жанрлық туындыларда көптеген кенептер жасайды. Оның еңбектерінде табиғатқа деген сүйіспеншілік, жүрегіне жақын адамдарға деген құрмет, адам өмірінің қарапайым көріністеріне деген қызығушылық байқалады.

1937 жылы ол суретшілер Одағына қабылданды. Ал 1942 жылы Алматыда Әбілханның алғашқы жеке көрмесі өтті. Оның барлық өнері рухы, мазмұны және дүниетанымы жағынан ұлттық нақышта болды, сондықтан 1944 жылы ол «Қазақ КСР Халық суретшісі» атағына ие болды.

Ә. Қастеев - нақты сюжетті суреттер салуда дағдыланған суретшілердің бірі. Ол көп саяхаттады, эскиздер, сюжеттік суреттемелер жасады. 1956-60-шы жылдары суретші «Қазақстан жерінде» атты акварельдер сериясын жасайды. Бұл серияға теміртаулықтарға өте жақын «Теміртаудағы бөгет» туындысы кіреді, өйткені ол біздің қаламызға арналған. Бұл индустриалды ландшафт, алдыңғы қатарда бөгет, ал алыста металлургия зауыты және Самарканд су қоймасының айнасы бейнеленген. Соншалықты жақын, танымал жерлер.

Өз өмірінде Ә. Қастеев көптеген туындылар жасалы. Оның өнері үздіксіз дамыды. Өмірінде шығармашылық үзілістердің болған кездерін атап өту мүмкін емес. Ерекше еңбекқор адам болды. Қазір Ә. Қастеевтің шығармалары оның есімімен аталатын өнер музейінде жинақталған. Ол қазақ бейнелеу өнерінің дамуына зор үлес қосқан бірегей тұлға, дарынды суретші.

Іс-шарадан суреттер:

«Бекітемін»

Мектеп директоры:



«Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп» КММ

Кітапхана жұмысының айлық жоспары

Қазан айы

2024-2025 оқу жылы

№	Тақырыбы	Мәселесі	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындалуы	Жетістігі
1	Оқу құстары негізгі- жобасы бойынша 80% және 1 Нұрпейісовтың 100 мәселесіне орай "Қал мен тау" проекті жасау. "Сондай шарық" дәстүрлі өнерін қайта бағу	Шығармашылық туралы мәселе Беру. Шығармашылық аяқталуы	Тапсырма саяхат		8-9 сыныптар	Жетістігі Сондай шарық
2	XX ғасырдағы мәдени дәстүрлер жөніндегі мәселелер - Байғалиев Мәлімов, Ізяс Жаңабаев, Сәтін Сейфуллин туралы - 100 жыл бейнесіне арнап	Азаматтық мәдениетіміз, оның қалыптасуы мен дамуына қатынасты жетілдіру және оны құптау, оны қалыптасуына орай туындайтын мәселелер	Беру		5-сыныптар	Жетістігі
3	"Оқуға құлшыныс" негізгі жобасы аясында бағдарламалық жұмыстардың жетілдірілуі және оны	оқушылардың түрлі оқуға баулу жөніндегі мәселелер негізінде оқушылардың оқу, оқыту және оқыту бейнесі бағу, шығармашылық қалыптасуы	Оқуға құл, саяхат		1-4 сыныптар	Жетістігі
4	"Ғылым - өміріміздің құнды бөлігі"	өміріміздің құнды бөлігі ретінде оны бағу, оны қалыптасуына орай туындайтын мәселелер			1-4 сыныптар	Жетістігі

« Б.Құдайыазаров атындағы негізгі орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Ертегі еліне саяхат»



Кітапханашы: Н.Мырзабек....

2024-2025 жыл

Мәлімет:

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында өткізілген іс-шаралар»

Қазанның 18-19 күні кітапхана жоспарына сәйкес «Ертегілер еліне саяхат» атты сайыс өтті.

1-4 сынып оқушылары арасындағы сайыс

Мақсаты:

- 1) Оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру;
- 2) Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; балалардың логикалық қабілетін, танымын дамыту. Зейінін, ақыл - ой белсенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру.
3. Еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу, ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру - көрсету, сұрақ - жауап, баяндау, бақылау, дидактикалық, логикалық ойындар.

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен, шармен безендірілген сахна, «Кітап қалай жасалды?», «Ертеге кейіпкерлері» тақырыбындағы слайд презентация, суреттер, «Ертегілер елінде» көрме, тапсырмалар берілген карточкалар, бейнетаспа.

Амандасу. Шаттық шеңбер:

Дөңгеленіп тұрайық
шеңберді біз құрайық
Қол ұстасып бәріміз
Ақ тілекті жолдайық
Әлемде нұр тыныштық
Әрбір бейбіт күн ыстық
Қайырлы таң балабақша
Қайырлы күн достарым
Достарымды көргенде
Қуана қарсы аламын
Сәлем! Сәлем! Сәлем!

Кітапханашы : Ата -аналар, қонақтар, оқушылар! Бүгінгі «Ертегілер еліне саяхатқа» қош келдіңіздер. Бүгін біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз.

«Кітап оқисын ба, жас дос?» сауалнама жүргіземіз.

2. Сенің жақсы көретің ертегің?
3. Ең алғаш оқыған кітабың?
4. Қай кітапты, ертегіні қайтадан оқыр едің?
5. Сенің сүйікті әдеби кейіпкерің?
6. Қазір қандай кітап оқып жатырсың?
7. Кітапханашы апайлардың аты кім?

«Кітап қалай жасалды?» тарихқа саяхат. Экранға назар аударыңыздар.

Әдеби монтаж «Ертегі сиқыры»

1-оқушы: Өткен күн таңтамаша ертегі ғой,

Айтады ертегі сыр, ертегі ой.

Ертегі айтса еліктіріп балалар,

Қиялға қызықтырып ертеді ғой.

2-оқушы: Ертегіде халықтың мұң-зары бар,

Орман, тау, өрмелейтін құстары бар.

Жамандықпен алысып, жауын жеңген

Халқымның ұлдары мен қыздары бар!

3-оқушы: Жауларымен алысып жекелеген,

Батыр ма ел намысын өтемеген.

Ертегімен халқымыз ертеңіне

Ұрпағын қызықтырып жетелеген.

4-оқушы: Кел онда, ертегіні шертейік біз,

Қауымды мына келген ертейік біз.

"Ертегі еліне" бір саяхаттан,

Келгендерді соңымыздан ертейік біз.

Өте жақсы, балалар! Ендіне ертегілер елінің жақпасын ашайық! Бізді қандай ертегілер күтіп тұр екен.

Сайыс шарттары:

1. Миға шабуыл
2. Ерте, ерте, ертеде ертегілерден үлгілі
3. Кейіпкерлерді қорғау

5. Суретпен жұмыс
6. Кімнің заты?
7. «Кітап неңеі сүйеді?»

«Мінге шабуыл» сұрақтар беріледі.

1. Ертегілер туралы кім не біледі?
2. Ертегілерде кімдер туралы, нелер туралы айтылады екен?
3. Ертегінің қандай түрлері бар?
4. Ертегі басталғанда қалай басталады?

Балалар, ертегілер — бұл қиял-ғажайып оқиғалар туралы әңгімелер. Ертегілердің түрлері көп. Хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, шыншыл ертегілер, аңыз-ертегілер болып бөлінеді. Сендер өздерің қандай ертегілер білесіңдер? Әжелерің ертегі айтады ма? Сендерге қандай ертегілер айтты? Қане, кім айтар екен?

"Ерте, ерте, ертеде Ешкі жүні бөртеде Қырғауыл жүні қызыл екен, күйрек жүні ұзын екен".

2-тапсырма: "Ерте, ерте, ертеде..." деп ертегілерден үзінді оқылады. Бұл тапсырмада ертегінің аты, кейіпкерлері, ертегіде не туралы айтылады? Осы сұраққа жауап берсек "Ертегілер елінің" қақпасы ашылады.

3-тапсырма: Балалар ертегілердің жағымды, жағымсыз кейіпкерлері болады. Жағымды кейіпкерлерді атайықшы, өте жақсы. Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаймыз? Келесі тапсырмада топ басшылары мына суреттердегі ертегі кейіпкерлері болып өзін-өзі қорғайды..

"Мақта қыз бен мысық"

Мақта қыз: Мен Мақта қыз үйімді тазаладым,

Сен, мысық, қайта-қайта мазамды алдың.

Қатық төктің, еңбекті қадірлемей,

Құйрығыңды жұлып ал жазаладым.

Мысық: Көзіме көрінбей тышқан,

Мен мысықтың іші тышқан.

Қатығыңды қайтардым төккен,

Біздің ортасында мыстан кемпір отыр. Ертегіде мыстан кемпірдің істері сендерге жағымсыз болады ме, әлде жағымсыз ба? Өзі не дер екен?

Мыстан: Мен мыстанмын, мыстанмын,

Жақсылыққа дұшпанымын.

Су астынан шыға кетп,

Алиқаныштан қасқанмын.

Тісімі жұлып дақтырып,

Сытырғышқа мініп ұшқанмын.

Жас емеспін, кәрімін,

Ертегінің сәнімін.

Көркейтуге келгенмін

Ертегілер ауытқан.

Дәу қай ертегінің кейіпкері? Ол туралы не айта аласындар, балалар?

Дәу: Мен жалғыз көзді Дәумін,

Балаларға, батырларға жаумын.

Тауыңды да, тасыңды да дақтырамын,

Тек жамандық жолыңа шапқаладым.

Тылай жерде ақылмен алдап кетті,

Қанбақ шал ма, қылғаны-ай, қап мынаның.

(Қақтадағы қанбақ шалды тұзаққа алады).

Қанбақ шал: Мен Қанбақ шалмын, қанбақтаймын,

Жел сексе ағаштан түскен жаңғақтаймын.

Алып дәуді алғалдым аңыры мен,

Қу түлкіден құтылдым аңыры мен.

Еңбекшің жаман ұяққа жоламаймын,

Мен қанбақ шал, жел сексе домалайтын.

утқан. Сөйтіп өзінің мұратына жеткен кейіпкер солай ма балалар?

Біздің ортамызда тағы қонақтар бар. Олар Керқұла атты Кендебай, Мендікыз, Толағай

Тазша бала: Мен Тазша баламын,

Кіп-кішкентай ғанамын.

Қысылғанда сөз табамын,

Қырық өтірік пе кедергі,

Жаңылмай айтып беремін.

Ақылыма тәңгі боп,

Алтын үйді басыма,

Той жасады хан қызын

Отырғызып қасыма.

Керқұла атты Кендебай: Алмас қылыш жарқылдап қасымдағы,

Жамандықты жайраттым жолымдағы.

Азу тісін қағыпап арыстанның,

Жеті басты аждаһармен алысқанмын.

Міне Дәудің жалғыз көзін ойып алдым,

Әйтпесе батыр деп мені мойындыр кім?

Мен батыр, Керқұла атты Кендебаймын,

Кәнеки, тұра алады жолымда кім?

Менді қыз: Мен Менді қыз ақыл мен көркі қонған,

Жақсылыққа әрдайым серік болған.

Ертегіде хан, кара батырлар да

Жүреді мендей қыздың ақылымен.

Толағай: Аптап ыстық кең даланы қуартқан,

Егін күйіп, бұлақтарды суартқан,

Мен Толағай тау көтеріп ел үшін,

4-тапсырма. Үй тапсырмасы.

Мәнеріне, дауыс ырағатына, актерлік шеберлігіне назар аударылады.

5-тапсырма. Ертегілер елінен және мультфильмдерден суреттер көрсетіледі.

6-тапсырма. Суреттер таңдап алынды. Соған сәйкес ертегі құрастыру керек.

Көрсермен қозайымы.

5 есекте неше құйрық бар?

2 иттің неше тұмсығы бар?

үстел үстінде 3 алма мен 2 алмұрт тұр, барлығы қанша жеміс тұр екен?

үйректің 2 балапаны мен қаздың 2 балапаны суда жүзіп, шулап жүр. барлығы қанша балапан жүзіп жүр?

Жарайсындар балалар, Машаның есептерін тамаша шештіңдер.

1. «Кімнің заты?» ойыны

1. Өзі тамақ пісіретін - қазан - «Үр тоқпақ!»

2. Алдайтын таяқ - «Алдар көсе»

3. Бағалы сақа - Алтын сақа

4. Ұшатын кебіс - «Маленький Мук»

5. Көк есек пен, ескі шапан - «Қожанасыр»

6. Гауһар айна - «Ұйқыдағы ару»

Кітап немі сүйелі?

Ойын шартында мен сіздерге бірнеше нұсканы айтам, келіссеңіздер шапалақ ұрасыздар, келіспесеңіздер ұрмайсыздар.

-Қаптағанды - иә

-лас қолмен ұстағанды

-қар мен жаңбырға тастағанды

-Аялап ұстағанды

-кітап сөрелерінде тұрғанды

-кітапқұмарларды

-полда жатқанды

-құрметтегенді

-Жұмыртқа жакқанды

-төбелескенді

Қорытынды.

Ертегі біздің қиялымызға канат бітіреді екен, ертегі сендерді жамандықтан аулақ
ерте, жақсылық жасауға, адалдыққа үйретеді екен, олар керек кезде бір - біріне
қолғау келеді; біріккеннің арқасында; достығының арқасында барлығында жеңіп
қалады екен.

Олай болса әділқазылар мүшелерінің қорытындысын тыңдайық.

Жарайсындар балалар! Сендер жаралындар, барлық тасырманы да орындап, сайыс
межесіне жетіп, жеңіп алған орындарыңыз құтты болсын!

«Б.Худайбергенов негізгі орта мектеп
әкімшілігінің мемлекеттік мекемесі»

«Рәміздерім-мактанышым»



Кітапханашы: Н.Мырзәбек

2024-2025 жыл

«Рәміздерім-мақтанышым» кітап көрмесі

Мәлімет: мектеп кітапханасында ағымдағы жылдың 10 қазан күні «Рәміздерім - мақтанышым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Бұл көрмеде мемлекеттік рәміздерге арналған барлық мәліметтер қойылған.

Мақсатымыз

оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру.

Көрмеге еліміздің рәміздері туралы жазылған альбомдар қойылды. Кітаптар және мерзімді басылымдардағы материалдар ҚР Мемлекеттік рәміздерін мерекелеу тарихымен, тәуелсіз Қазақстан рәміздерінің құрылу тарихымен таныстырылды. Ұсынылған әлебиеттер де Мемлекеттік рәміздердің авторлары туралы, Ту және Елтаңба жасаудағы жұмыстары туралы естеліктер берілген.

Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтудің басты негізі – Отанға деген сүйіспеншілікті, ұлтқа деген патриотизмді қалыптастыру, ел идеяларын кеңінен дәріптеу және дамыту. Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұранға деген терең құрмет сезімін қалыптастыру.

Көрмеге Ата Занымыз «Қазақстан Республикасының Конституциясы», Н.Назарбаевтың «Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы», Ы.Сағынтаевтың «Қазақстан Республикасының рәміздері», Е.Шаймерденовтың «Қазақ елінің рәміздері», Ж. Ішпекбаевтың «Мәңгілік Ел осылайша сомдалған», Д.Махаттың «Тәуелсіздіктің нұрлы таны», Жұмекен Нәжімеденовтың 3 томдық шығармалар жинағы т.б мемлекеттік рәміздердің тарихы мен маңызы турасындағы кітаптар, фотоальбомдар, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар қойылды.



« Б.Құдайназаров атындағы негізгі орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Әбдіжәміл Нұрнейісовтың 100 жылдығы



Кітапханашы: Н.Мырзабек.

Мәлімет:

Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай Қазанның 5і 6-9 сыныптардың қатысуымен Сынып сағаты өтті. Акынның өмірбаянымен, шығармаларымен оқушылар таныстырылды.

"Қан мен тер" трилогиясы,

"Соңғы парыз" дилогиясы әңгімелеп беру

Мақсаты: Шығармашылы туралы мағлұмат беру. Оқырмандар өз ойларын толық жеткізе білу

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов (1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы, Арал ауданының Құланды поселкесінің Үшкөң ауылы — 2022 жылы 5 ақпан) — Қазақстанның халық жазушысы, XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ардагері, Оңтүстік және Прибалтика майданында, Луганск түбінде миномет ротасында саяси қызметкер, кейін штабист ретінде Балтық маңында Курляндия плацдармындағы шайқастарға қатысқан.

Өмірбаяны

Тегі

Әлімұлы тайпасының Шекті руының Жақайым тайпасынан.[1]. Ата-тегі Арал маңын ежелден қоныс еткен. Жетінші атасы Тайқожа батыр, одан Қалдан, одан Арғынбай би, одан өз заманында асқан байлығымен танылған Сыланбай, одан туған Нұрпейіс бодыс болған. Нұрпейістен Кәрім, Нәжім, Қали деген ұлдар туған. Осы үшеуі, Кәрімнен туған Әбдіжәміл төртеуі 1941-45 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бұлардан аман қалғаны Әбдіжәміл ғана. Әкесі Кәрім қыран салып саяттаған, ауылнай қызметін атқарған кісі. Соғыс қарсысында балық колхозында істеген. 1944 жылы 21 сәуір күні Тернополь түбіндегі ұрыста қаза тапқан.

Өмір жолы

Жазушы өзі туралы сыр-сұхбатында: «Біздің ру жақайым, одан Бәйдібек, одан Бәйімбет шығады. Бәйдібек батыр, бір тайпа елдің басшысы, көсем болған кісі. Әбілқайырмен бірде тіл табысып, бірде тіл табыса алмай, алшайысып жүретін өркөкірек, өзіншіл жан болыпты. Орыс офицерінің жазуында 1745 жылы қайтыс болды делінген. Батырды жерлеуге Нұралы хан және Есет Көкіұлы батыр келіпті. Алтыншы атамыз Қалдан жуас, қой аузынан шөп алмас момын кісі болыпты. Дегенмен, өз жөнін ақылына бағындырып отырады екен. Бесінші атамыз Арғынбай заманында би болған, сөз бідетін, от ауызды кісі деседі. Бірде жол жүріп келе жатқан Арғынбай ауыл шетіндегі үйге келіп түседі. Үй иесі дастарқан жайып: "Ареке, алдыңызға жібек дастарқан жайдық, зерен қойдық, сол зерендегі асқа ат қойып ішіңіз", — депті. Ыдыстағысы боза болса керек. Сонда Арғынбай тұрып: "Мынау мойтап деген ас екен, ішіп ал да ой тап деген ас екен, Ақылды ішсе — дана болатын ас екен, Ақымақ ішсе — диуана болатын ас екен", — деп сусынды ерніне тигізіп, қайтарып беріпті деседі. Арғынбайдың басында құлпытас бар, оны баласы Сыланбай кірешілерге ілесіп Орынборға барған кезінде әкеліп орнатқан.

Сыланбайдан – Нұрпейіс, Нұрпейістен – Кәрім, Кәрімнен – өзім. Өзім туған жылымды білгеніммен, айы-күнін білмеймін. Соғыстың алдында әкемнен: “Қу күні тудым?” – деп сұраған едім. “Оны қайтесің?” – деді. “Комсомолға өтейін едім”. “Ит біліп пе. Теңіз жағасына қар жауды. Кешкісін ауылдың сиырына қатиді. Қасқыр қарнын жарған қара өгіздің етінен шешеңе қалжа жасап бердік. Ойымша, шамамен қараша болуы мүмкін”, – деген еді жарықтық. Нұрпейіс екінші сайлауда болыс болған, екінші сайлаудың ортасында мешіт ұстаған. Иمامы Бұхарадан бітіріп келген Үмбет ақын. Беларан деген аласа тау бар. Қатпар-қатпар тас, алқа бел ұзын, бір тұмсығын теңізге сұғып жатады. Сол жердегі ауылда оқыдым. Бізде Арқадағыдай аштық болған жоқ, теңіз жағалап балық аулағанның өзегі талмайды екен. Зәт дегеннің үйін жалдап оқыдық. Кейде әйелі шығып: “Бірақ сабақ болмайды. Қожайын ауырып қалды”, – дейтін. Ол күні қуанып үйге қайтамыз. Акерке есімді сұлу апайымыз сабақ берді. Нұрпейіс ерте 53 жасында қайтыс болды. Қаңтарда әжем бақилыққа аттанды. Мен де шешемді мойындаған жоқпын. Нұрпейістің кенжесі болып өстім. Сол жылы өзім жалаңаяқ болған соң мектепке бармадым. Келесі жылы 2-сыныптан оқыдым. 3-сыныпты Құландыда, 4-сыныпты Көкаралда бітірдім. Менің оқуым ит тістеген терідей болды. 5-сыныптан бастап дұрыстап оқыдым. 6-сыныпта интернатта жаттым», – дейді.[2]

«Сәбит Мұқановтың “Аласқандар”, “Жұмбақ жалау”, Мұхтар Әуезовтің “Абай” романындағы алғашқы екі кітабы (эпопеяның екінші кітабы кейінше шықты), Сервантестің “Дон-Кихот” романының қазақша аудармасы қол сөмкемізден түспеуші еді”.[3]

10-сыныпты оқып жүріп повесть жазғалы бел будым. Әскерден қайта оралсам – баяғы жазғандарымның бәрі жоқ. Қатесі көп еді, жоғалғаны жақсы болды.» – дейді жазушы естелігінде.[3]

1942 жылы орта мектепті тәмамдасымен армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Қысқа мерзімді курстарды бітіргеннен кейін Оңтүстік және Прибалтика майданында, Луганск түбінде миномёт ротасында саяси қызметкер, кейін штабист ретінде Балтық маңында Курлянд плацдармындағы шайқастарға қатысты. «Біраз жасадым. Еш уақытта бұл жасқа келемін деп ойламаппын. Тәркілеу болып жатқан уақыт есімде. Сол кездегі көп нәрсе көз алдымда. Ашаршылықты көрдім: өмірге өкпем жоқ. Қайғы-қасіреті, қуаныш-қызығы да көп болды. Аштықта есектің етін жеумендер болатын. Мектепте оқып жүргенімде күнде маған сүтке салып, бір кесе сөк беретін. Әкемнің екі әйелі болды. Кешқұрым туыстар біздің үйге жиналады. Көшелі атамыз кіріп келіп, екі келіні тазалап отырған шикі қаздың басын алып, тұмсығынан ұстап, аузына салып, ұзақ талмап шайнайтыны есімде қалыпты. Бұл аштықтың тіршілігі еді. 1943 жылы наурызла лейтенант болдым. Әуелі ұшқыштар курсы оқытты. Курс маған қиын болды. Әуеге көтерілген кезде көп құсатын едім. Ұшақты қондыру да маған қиынға соғатын. – дейді жазушы.[2]

1946 жылы желтоқсанда әскерден босанған Әбдіжәміл армия қатарында жүріп бастаған «Курляндия» романын жазуға кіріседі. Оны бітіріп баспаға берген соң, 6 жыл Қазақ мемлекеттік университетінде оқиды. 1954 жылы Мәскеудегі М.Горьки атындағы Әдебиет институтына түсіп, 1956 жылы бітіреді. Тырнақалды кітабы үшін Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты атанады. Проза саласында үзбей еңбектенуімен қатар, өткір сынымен, публицистикалық мақалаларымен де көзге түседі. 1962-1964 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының органы – «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып істейді, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1964 жылдан бері ұзақ жылдар бойы бірыңғай шығармашылық қызметпен шұғылданып, нарық заманында халықаралы қазақ ПЕН клубын ұйымдастырып, оның президенттігіне сайланады. 2000 жылы ПЕН клуб жанынан «Таң-Шолпан» журналын шығарады. Көп жылдардан бері осы әдеби-көпшілік журналының редакторлар кеңесінің төрағасы. Өткен XX ғасыр қазақ әдебиетіне мол сыбаға қосқан суреткерлердің бірі – Әбдіжәміл Нұрпейісовті «Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыз шақты шетел тіліне аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүние жүзіне танытып, әлем әдебиетшілері қасқа жайсандарының үздік бағасына ие болды. Француз Луи Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопьян, Валентин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыз Шыңғыс Айтматов, башқұрт Мұстай Карим, немістер Лео Кошут, Ральф Шредер, қазақстандық Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхамеджан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Герольд Бельгер, Акселеу Сейдімбек, т.б. ол туралы тебірене жазды.

«...Әбдіжәмілдің өмір бойы жазғаны біртұтас, бір ғана эпопея десе лайық. Ол эпопеяны «XX ғасыр және қазақ әлемі» деп атауға да болар еді. Ғасыр басындағы сергелден («Қан мен тер»), ғасыр ортасындағы сұрапыл («Курляндия»), ғасыр соңындағы сүргін («Соңғы парыз») біртұтас сабақтастығымен көркем полотно кұрайды».[4]

«Ымырт», «Сергелден», «Күйреу» атты үш кітаптан тұратын шығарма қазақ халықының тарихи бір дәуірдегі өмір кезеңін камтиды. Жазушы жекелеген адам тағдырлары арқылы тұтас бір халықтың тарихи тағдырын суреттеді. Берекесі кеткен ел тұрмысының тұтас суреті камтылған трилогияда кино қаншақан тірліктен жоғын іздеп, жоғалтқанын табам деп тас басып, теңіз кешіп жүрген тағдырлар бар.

« Б.Құдайназаров атындағы негізгі орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері

Кітапханашы: Н.Мырзабек....

Мәлімет: 5-11 сыныптар арасында баяндама оқылып сурет көрмесін тамашалады
 Мақсаты: Ақындардың шығармаларын, оның қызметі мен шығармашылығы жайындағы әдебиеттерді тауып оқуға, қазақ әдебиетінің озық туындыларын насихаттау.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері - Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 130 жыл библиографиялық шолу
 Әдебиет өкілдері өмірбаяны, шығармаларына шолу жасалып баяндама оқылды
 XX ғасырдағы қазақтың ұлттық әдебиетінің жаңа жолмен дамуына зор үлес қосқан, Қазақстанның қоғамдық тарихында көрнекті орын алатын қайраткер Сәкен Сейфуллин 1894 жылы бұрынғы Ақмола облысының Нілді болысының бірінші ауылында орта шаруалы, өз еңбегімен күн көрген Сейфолланың шанырағында дүниеге келген. Әкесі Сейфолла мен анасы Жамал ұлдарына азан шақырып қойған Садуақас деген есімін еркелетіп, Сәкен деп атап кеткен. Сәкеннің әкесі Сейфолла сөзге шешен, домбырашы, саятшы, аңшы, ал шешесі Жамал әңгімеші, ертегіші адам болған. Осындай өнегелі отбасында тәрбиеленген Сәкен де жастайынан ел ішіндегі ақын-жыршылардың, әншілердің өлең-жырларын қызыға тыңдап, құмартып өскен. Әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таныған Сәкен 1905 жылы Нілді мыс қорыту зауытына келіп кісі қолында жұмыс істей жүріп, орысша үйренеді. Тырнақалды қадамын Нілді зауытында қалжың өлең жазудан бастаған болашақ қаламгер «Айқап» журналына хат-хабар, сын мақала, бірнеше өлеңдерін бастырған. 1914 жылы Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жиырма жасар Сәкеннің «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шыққан. 1916 жылы семинарияны бітірген Сәкен Сілеті-Бұғылы деген жерде ауыл мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастаған. Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық, шығармашылық қызметінің жаңа дәуірі 1917 жылдан басталған. Ақмола қаласындағы әр түрлі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрген Сәкен 1918 жылы ұсталып, Ақмола, Петропавл түрмелерінде, атаман Анненковтың «Азап вагонында», Колчактың Омбы лагерінде ауыр азап шегеді. Тоғыз айға созылған ауыр азаптан 1919 жылы наурыз айында қашып шыққан Сәкен «Дүйсенбі» деген жалған атпен Әулиеата жеріне келіп, кеңес өкіметін орнату жұмыстарына белсене қатысқан. Сәкен бұл азапты күндер мен көрген қиыншылығын «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романында жан-жақты баяндаған.

Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» атты алғашқы жыр жинағына кірген өлеңдері ағартушылық, демократтық бағытта жазылған. Ақын өзінің «Кім басшы аға халыққа», «Жетімге», «Қазақ сабағы», «Надан бай», «Оқымаған қазақ», «Інішегіме» атты өлеңдерінде халықты өнер-білім үйренуге, мәдениетті болуға, ғылым игеруге шақырса, «Туған» ел», «Нұра», «Жайлауға көшу», «Айт күні», «Жайлауда қымыз ішу» сияқты өлеңдерінде елге сағыныш, туған жерге деген махаббат, ауыл көрінісі, ел тұрмысы, этнографиялық жайттар суреттелген.

С. Сейфуллиннің әдеби-шығармашылық мұрасын төмендегідей топтап көрсетуге болады.

Поэзиялық шығармалар жинағы	Драмалық шығармалары	Прозалық шығармалары	Зерттеу еңбектері
«Өткен күндер», 1914 ж. «Асау тұлпар», 1922 ж. «Домбыра», 1924 ж. «Экспресс», 1926 ж. «Көкшетау», 1929 ж. «Альбатрос», 1933 ж. «Қызыл ат», 1934 ж. «Социалстан», 1935 ж.	«Бакыт солына», 1917 ж. «Қызыл ұнқарлар», 1920 ж.	«Тар жол, тайғак ешу», 1927 ж. «Жер қазғандар», 1928 ж. «Айша», 1922 ж. «Жемістер», 1935 ж. «Бандыны қуған Самит» «Жұбату»	«Қазақ әдебиеті», 1932 ж. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», 1933 ж.

С. Сейфуллиннің 1922 жылы Орынборда басылып шыққан «Асау тұлпар» жинағы қазақ поэзиясына жаңалық әкелген туындылардан құралған. Жинаққа енген «Асығып тез аттандық», «Қызыл ерлер», «Жолдастар», «Жұмыскерлерге», «Біздің тұрмыс – экспресс», «Қара айғыр» өлеңдерінде өмірге енген жаңалықтарды, жаңа заманның көрсеткіші болып табылатын: пойызды, ұшақты, экспресті, жұмысшы табын ерекше шабытпен жырлаған. Жинаққа енген «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Қашқынның ауылы», «Шөлде» өлеңдерінде Анненковтың азап вагонынан қашып шыққан Сәкеннің туған жерге, кең далаға деген сүйіспеншілігі, еркіндікті, бостандықты аңсауы жырланған.

С. Сейфуллиннің шығармаларында символға айналған: асау тұлпар, қызыл сұңқар, акку, домбыра, экспресс, альбатрос, сыр сандық, толқын бейнелері бар. Осылардың ішінде Сәкеннің «Көкшетау» поэмасында, «Жемістер» повесінде, «Аққудың айырылуында» шығармасында сұлулықтың, тазалықтың идеалы ретінде алынған бейне – акку. Әсіресе, Сәкеннің гуманистік көзқарасын көрсететін «Аққудың айырылуы» шығармасында бірінсіз-бірі тірлік ете алмайтын акку құстардың барша қасиеті махаббаттың, сүйіспеншіліктің идеалы ретінде асқақтата суреттелген.

С. Сейфуллиннің ақындық поэзиясының биік шыңы – «Көкшетау» поэмасы. Поэма «Көкшетау», «Қалмақ қызы», «Әнші ақындар», «Қазіргі Көкшетауда» деген төрт бөлімнен, 47 тараудан тұрады. Поэманың тоғыз шумақтан тұратын прологы эстетикалық көркемдігімен, мағынасының тереңдігімен ерекшеленсе, таудың аңызын баяндайтын «Жеке батыр» тарауы үш шумақтан тұрады. Поэманың ең негізгі бөлімі қазақ-қалмақ қарым-қатынасының бір оқиғасын суреттеуге арналған.

Ұрыста қолға түскен қалмақ қызының портретін ақын:

Сол қыздың әп-жәттігі келген жасы,

жасында жетім калған Бейімбет шешесі Гүлгизар мен әжесі Бойдастың тәрбиесінде өскен.

Ауыл молдасынан сауатын ашқан Бейімбет 1910 жылы Әбдірахман Аргынбаевтың медресесінен дәріс алған. 1913-1914 жылдары Троицкідегі «Уазифа» мектебінен, одан кейін Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінен білім алған. «Ғалия» медресесінде татар халқының жазушылары Ғалымжан Ибрагимовпен, Мәжит Ғафуримен танысқан, олардан тәлім-тәрбие алған. Медреседе шығатын «Садақ» қолжазба журналында алғашқы көлемді туындысы «Шұғаның белгісі» жарияланған. 1916-1921 жылдары ауылда мұғалімдік қызмет атқара жүріп, ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбына «Қанды тұман», «Съезд», «Әкесінен хат», «Садақбайға», «Қанды кек» деген шығармаларын жазған.

Бейімбет Майлин 1923-1937 жылдары аса өнімді еңбек етіп, елуге тарта кітап пен жинақ жариялаған.

Бейімбет Майлиннің әдеби шығармашылық мұрасын төмендегідей топтап көрсетуге болады.

Поэзиялық шығармалары	Прозалық шығармалары	Драмалық шығармалары
«Мұқтаждық» «Мал», «Қарынға» «Байлыққа», Ажар» «Қанды тұман» «Кедей», «Қойшы» «Қараша үй», Қанай» «Ақсуаттың санында» «Шал мен қыз» «Мырқымбай» «Рәзия қыз», Ұлу» «Қашқан еліншек», «Байдың қызы», б.	«Шұғаның белгісі» «Сары ала тон», «Сексен сом» «Шапайдың хаты» «Айранбай», Егеубай» «Кенес ағасы – Кәмида» «Раушан – коммунист» «Қара шелек» «Күлтай болыс» «Арыстанбайдың тұқышы», «Азамат Азаматыч» б.	«Шұға», «Жалбыр» «Біздің жігіттер» «Майдан», Амангелді» «Талтанбайдың әртібі» «Шаншар молда» «Ауыл мектебі» «Неке княр» Көзілдірік»

Бейімбет Майлиннің ақындық шығармашылық жолы 1912 жылдан басталған. Ақынның «Мұқтаждық», «Мал», «Байлыққа», «Қарынға» өлеңдерінде кедейлердің ауыр халі, мұқтаждығы көрсетіліп, қоғамдағы әділетсіздіктер сыналса, «Қанды

Оралған аш беліне қалаң иісі.

Қап-қара қарлығаштың қанатындай

Іілген ақ маңдайда екі қасы, –

деген жолдармен кескіндесе, поэманың негізгі кейіпкері Адақ бейнесін:

Қара сұр, ұзын бойлы, емес талмақ,

Денесі көк құрыштай, өркеш – шалқак,

Қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты,

Қақпақтай қобы жауырын – топшы жалмақ, –

деп, мүсіндік портретін жасаған. Сыртқы мүсініне ішкі жан дүниесі сай келген, адамгершілікті ту етіп ұстаған Адақ үлесіне тиген қалмақ қызына өзінің тұлпары Керкөжекті мінгізін, еліне қайтарады.

Поэмада қолға түскен қалмақ қызының тағлырын жұмбақ тәсілмен жаза отырып, шығарма сюжетіндегі драматизмді үдете көрсетіп, шығарманың трагедиялық сипатын қоюлыта түсу ақынның суреткерлік шеберлігінің бір қыры болып табылады.

«Көкшетау» поэмасы – күрделі композицияға құрылған, сан алуан образдар галереясы жасалған, бірнеше сюжеттік желісі бар шығарма.

С. Сейфуллиннің қаламынан туған «Тар жол, тайғак кешу», «Жер қазғандар», «Айша», «Жемістер», «Бандыны қуған Хамит», «Жұбату» атты прозалық шығармалары, «Бакыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» деген пьесалары, «Қазақ әдебиеті», «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» сияқты зерттеу еңбектері қазақ әдебиетіне қосылған құнды мұралар қатарына жатады.

Сталиннің жеке басына табыну кеселінен жазықсыз жалаға – репрессияға ұшыраған Сәкен Сейфуллин 1938 жылы 26 ақпанда ату жазасына кесілген.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия жанрларында өнімді еңбек етіп, ауыл адамдарының санасындағы өзгерулер мен жанаруларды, әлеуметтік өмірдің қайшылықтары мен күрделі оқиғаларын шындық болмысымен суреттей білген Бейімбет (Бимағамбет) Жармағанбетұлы Майлин 1894 жылы Торғай өңірінде Дамбар болысындағы Ақтөбе деген жерде дүниеге келген. Әкесінен екі

ғұман», «Канды кек» шығармалары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі аласапыранды суреттеуге арналған. «Кедей», «Жауыз кім?», «Қысқы түнде», «Қараша үй», «Қойшы» шығармалары ауылдағы таптық теңсіздіктер зардабын көрсеткен. «Мырқымбай» топтама өлеңдерінде жаңа заманға сай кедейдің санасында туған өзгерістерді бейнелеген. «Қыздың сәлемі», «Қашқан келіншек», «Ақсуаттың жанында», «Аужар», «Рәзия-қыз», «Маржан» шығармаларында әйел теңсіздігі сөз болса, «Шал мен қыз», «Азат әйел», «Ғазиза», «Ажар» өлеңдерінде азаттыққа қолы жеткен жастар жайы жырланған. «Құбақан», «Көзілдірік» өлеңдерінде адам бойындағы жағымсыз қылықтарды сықақ еткен. «Бүгін», «Құтты болсын мейрамын», «Кедейге», «Ұлы күн» өлеңдерінде кедейлердің қуанышына ортақтастығын білдіріп, олардың жаңа қадамын қуана құптаған. «Кедейге» деген өлеңінде:

Сенің зарың – зарлайтыным өмірде,

Сенің арың – арлайтыным өмірде,

Сен не көрсен мен де соны көрмектін,

Белді бұзам ауырға да, жеңілге, –

деп, өзінің тілегі де, жүрегі де кедейлермен бірге екенін ақтарыла жеткізсе,

«Ұлы күн» өлеңіндегі:

Кедей деп туғам, кедей деп өлем,

Не көрсем де, кедеймен көрем,

Кедей қуанса, кедей жұбанса,

Бір елі көкке тимейді төбем, –

деген жолдар арқылы акын бұл ойын нақтылай түскен.

Кедей тақырыбын өзінің қаламгерлік бағдарламасы етіп ұстанған Б.

Майлин кедейлердің өкілі ретінде Мырқымбайды типтік бейне ретінде алып, осы тақырыпқа жиырма шақты поэзиялық шығарма жазған.

Б. Майлиннің ерекше көп жырлаған тақырыбы – әйел теңдігі мәселесі. Бұл тақырыпқа арнаған өлең-поэмалары: «Қыздың сәлемі», «Қашқан келіншек», «Ақсуаттың жанында», «Рәзия», «Маржан», «Зайкүл», «Байдың қызы», «Шал мен қыз», «Азат әйел», «Ғазиза», «Тен әйел», «Ажар». Ал «Қанай», «Кемпірдің ертегісі» поэмалары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен азамат соғысының шындығын суреттеуге арналған. Сонымен бірге акынның балаларға арнаған «Хан күйеуі» және «Өтірікке бәйге» деген поэмалары бар.

Б. Майлин шығармашылығының ең тартымды да көркем саласы прозалық шығармаларының туңғышы – әйел теңсіздігі тақырыбын ерекше ашып көрсеткен, қысқа-қысқа оң үн тараудан тұратын «Шұғаның белгісі» повесі. Повестің тақырыбы – жастардың бас бостандығы, әйел теңсіздігі. Шығарманың кейіпкерлері:

Шұға – негізгі кейіпкер. *«Төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен қыз. Ақжүз, таздырмаш, келі де қап-қара, өзі де үріп ауызға салғандай еді».*

Әбдірахман – Шұғаның сүйген жігіті. *Үдеге берік, табанды, сүйгеніне адал, білімді, мінезге бай азамат. «Әбдірахман мектепті бітіргенде, дабысы жер жарды. Өте зерек болған сой, үлестелері де мақтаса керек».*

Есімбек – Шұғаның әкесі, бай. Әбдірахман кедей болғандықтан, қызымен қосылға қарсы болып, Әбдірахманға жала жабады, түрмеге отырғызды.

Айнабай – бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып тұтандырып жүретін қызылқоз бәле.

Күлзипа – Айнабайдың қызы – жасы 17-лер шамасында. Орта бойлы, қара сұрлау, сік қабақ, сұстаныңқырап тұратын қыз.

Құрман – Есімбектің құдасы.

Зайкүл – Шұғаның жетесі.

Қасымжан – оқиғаны баяндаушы әңгімеші жігіт.

«Шұғаның белгісі» повесі – жастардың теңдікті, еркіндікті аңсап, әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы үн көтере бастағанын реалистікпен бейнелеген көркем туынды.

Б. Майлиннің «Кедей теңдігі», «Айранбай», «Сексен сом», «Шапайдың хаты», «Сары ала тон» әңгімелерінде кедейлердің өсу жолын көрсетсе, «Күлтай болыс», «Кенес ағасы – Қамыла», «Раушан – коммунист» шығармаларында кедейлердің тұрмыс-тіршілігіндегі, ой-санасындағы өзгерістерді әйелдер бейнесі арқылы жеткізген. «Үлбөлсын», «Қызыл әскердің үйі», «Қара шелек», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Көктеректің бауырында», «Арыстанбайдың Мұқыншы», «Колхоз қорасында», «Он бес үй» шығармаларында кедейлер өміріндегі шаруалардың ұжымдық шаруашылыққа бірігуі кезіндегі оқиғалар сөз болған. «Қанды кең», «Өлім тырнағында» әңгімелерінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен азамат соғысы жылдарының оқиғасы, таптық күрестің барысы суреттелген. Жазушы «Азамат Азаматыч» романында, «Раушан – коммунист» повесінде қазақ кедейлері қатарынан оқыған адамдардың шыға бастауын көрсеткен.

Б. Майлин қазақ әдебиетіндегі драматургия саласында да қарқынды еңбек еткен. «Ауыл мектебі», «Шаншар молда», «Неке кияр», «Көзілдірік», «Талтанбайдың гәртібі», «Шұға», «Жалбыр», «Біздің жігіттер», «Майдан», Г. Мүсіреповпен бірігіп жазған «Амангелді» пьесаларында поэзиялық, прозалық шығармаларындағы тақырыптарды тереңдете түскен. Жазушының ең көрнекті де көлемді, таптық тартысқа құрылған драмалық шығармасы – «Майдан». Шығарманың әдеби



«Бекітемін»



Мектеп директоры:

« Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп» кмм
Кітапхана жұмысының айлық жоспары

Қараша айы

2024-2025 оқу жылы

« Б.Қудайназаров атындағы негізгі орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

"Таза кітап"



Кітапханашы: Н.Мырзабек.

2024-2025 жыл

"Таза кітап" атты оқулықтарға рейд

Білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету мақсатында "Таза кітап" атты оқулықтарға рейд жүргізілді. Тексеру 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Сабақта оқулықтардың болуы, мұқабаның болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексерілді. Шараға кітапхана белсенділері мен кітапханашысы катысты. Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Құрметті білім алушылар мен ата-аналар! Оқу әдебиеттері-табысты оқудың шарты. Әрбіріміз таза және ұқыпты кітапты қолымызда ұстағымыз келеді, ал ол үшін оны сақтау керек. Оқулықтарыңыз қандай жағдайда екенін қараңыз! Оқулықтар оралып, таза болуы керек.! Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Ескерту жасалынып, кітаптарында еш өзгеріс болмаған оқушыларды атап жазуды жөн көрдік:

2 а сыныбы Сынып жетекшісі:

2 „Д“ сыныбы Сынып жетекшісі

9 сынып Оқушылардың барлығы қаптамаған кітаптарын

Құрметті білім алушылар мен ата-аналар! Оқу әдебиеттері-табысты оқудың шарты. Әрбіріміз таза және ұқыпты кітапты қолымызда ұстағымыз келеді, ал ол үшін оны сақтау керек. Оқулықтарыңыз қандай жағдайда екенін қараңыз! Оқулықтар оралып, таза болуы керек.! деген нұсқаулықтар берілді.

№	Тавырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындалуы	Жауапты
1	«Оқуға қалай негізгі айысы ақылға» Мәңгілік еліміздің ақылға негізгі ақылға	Оқуға қалай негізгі ақылға ақылға. Оқуға қалай негізгі ақылға ақылға. Оқуға қалай негізгі ақылға ақылға. Оқуға қалай негізгі ақылға ақылға.	Оқуға негізгі ақылға		1-2 сағаттар	Оқуға қалай негізгі ақылға
2	Қазақтың Республикасының тұрғындарының жұмысы (1993)	Қазақтың Республикасының тұрғындарының жұмысы.	Қазақтың		3-7 сағаттар	Қазақтың
3	Оқуға қалай негізгі «Тұрғындар»	Оқуға қалай негізгі «Тұрғындар»	Оқуға қалай негізгі		1-2 сағаттар	Оқуға қалай негізгі

Қазақстан Республикасы: Мәңгілік Ел

« Б.Құдайназаров атындағы негізгі орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды?



Кітапханашы: Н.Мырзабек...

Мәлімет:

«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында «Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды?

«Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?» атты отбасылық оқулар өткізілді.

Отбасын кітап даналығы нығайтады

Балаларды кітап оқуға тартуға үлкен әсер ететін ең маңызды әрі басты институт – отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты.

Балалар әдебиеті бөлімі 24 қараша күні ұлттық мәдени, отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған «Отбасын кітап даналығы нығайтады» атты ашық есік күнін ұйымдастырды.

Максаты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.

қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларды саралап, бала бойында адамгершілік, имандылық тәрбиені қалыптастыру, мейірімділікке, сүйіспеншілікке, ата-анасын құрметтеуге баулу, оқушыларға кітапқа деген қызығушылығын ояту, кітап оқуға ынталандыру арқылы шығармашыл, әлеуметтік бейімделген жеке тұлғаны дамытуға жол ашу, ойлауға, білуге құмарлығын дамыту, кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

«Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?» атты отбасылық оқулар өткізілді.

Максаты:

Балаларды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған, отбасылық оқуға Алия 4 «Б» сынып, Бағрат 2 «Г», Салих и Марьям 3 «Б», Султан 3 «Б», Ягмур 3 «Б», Самира 3 «Б», Артём 3 «Д» сынып оқушылары қатысты. Қатысушылар баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру жөнінде және оқыған қызықты кітаптары жайлы пікірлерін айтты. Балалардың «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын, отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету.

Іс-шарадан суреттер:



10:08



Бибол Құдайназаров НОМ

Түркістан облысы білім басқармасының Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" жүзеге асыру мақсатында жоспарға сәйкес 1-9 сыныптар арасында "Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы" ("Балалар кітапханасы" жобасы) аясында өткізілді. Мақсаты: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Ұлттық мәдениетті дәріптеу.



Нұсқаулық Комментировать Отправить Поделиться



«Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп» КММ
Кітапхана жұмысының айлық жоспары
Желтоқсан айы
2024-2025 оқу жылы

Р/с	Тақырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындалуы	Жауапты
1	19-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұңғышы» атты кітап көрмесі	Оқушыларға Тәуелсіздік - Желтоқсанның жемісі, Тәуелсіздік жолындағы күрестерді тасымал қойнауына жазғызып келе жатқан ұлы тарихтың бір бөлігісі екендігін түсіндіру. Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алуынан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына тоқту жасау.	Көрме, түпнұсқа сабақ		8-9 сыныптар	Кітапханашы
2	Мұхамеджан Тынышбаевтың тұңғышы - 145 жыл	Әйгілі, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жетісті. Алашорда қоғамының құрушылардың бірі екенін түсіндіру	Кітап оқу сағаты		6-8 сыныптар	Кітапханашы
3	«Салауатты өмір- көгеріс» көніс	балаларды зиялы әдеттерімен сыртандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау.	Көбіне пән		2-сынып	Кітапханашы
4	«Қызыл жалай оқушысы»	Оқушыларды терең ұстауға шақыру.	Рейд жүргізу		1-сыныптар	Кітапханашы

Кітапханашы: Мырзібек Нәзімә

А. Құлыбекұлының ағамдары мен дос
арна жолында

«Қазың қалай оқулықөреді»



Кітапхананың: Н. Мырзабек...

Мәлімет:

«Қалың қалай оқулық?» оқулықтарға рейд

Білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету мақсатында

Мектебімізде қантар айының 10-11 күні 1-11 сыныптар арасында «Қалың қалай оқулық?» атты рейд тексеріс жүргізілді.

Рейд тексеріс кезінде кітапханашылар мен мектеп белсенділері мектеп бойынша барлық сыныптарды аралап, оқулықтарды тексеріп өтті.

Тексеру барысында бастауыш сыныптар бойынша 4 оқушыға, 5-7 сыныптар бойынша 15 оқушыға, 8-11 сыныптар арасында 7 оқушыға оқулықтар күтімі жөнінде қатан ескертулер жасалды.

Осы жағдайларды ескере отырып сынып жетекшілері оқулықтарды дұрыс пайдалану жөнінде оқушыларға және ата – аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізеін деген ұсыныс айтылды. Әр оқушы сабақ кестесі бойынша мектепке оқулықтарды міндетті түрде әкеліп пайдалану қажет. Осыны пән мұғалімдері де сабақ барысында дұрыс қадағалау керек.

Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалтқаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Құрметті білім алушылар мен ата-аналар! Оқу әдебиеттері-табысты оқудың шарты. Әрбіріміз таза және ұқыпты кітапты қолымызда ұстағымыз келеді, ал ол үшін оны сақтау керек. Оқулықтарыңыз қандай жағдайда екенін қараңыз! Оқулықтар оралып, таза болуы керек!

Іс-шарадан суреттер:



P/c	Тақырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындалуы	Жауапты
1	16-жестөксіз Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұрғыны» атты өтіп көрсет.	Оқушыларға Тәуелсіздік – Желтоқсанның мерекесі, Тәуелсіздік жолындағы күрес теріс тасырлар қойылуына жалғасын жеті жеткін ұлы тиректің бір бөлгісі сияқты түсіндіру. Ұлы Дала тарихымен бағу. Тәуелсіздік алаңына кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шілтеу жасау.	Көрме, танымалдық сыйық		8-9 сыныптар	Қызылшанын
2	Мұхамеджан Тынышбаевтың туған күні – 145 жыл	Ойынға арқып, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу. Алашорда қимылымен құрушылардың бірі екенін түсіндіру.	Кітап оқу сыйы		6-8 сыныптар	Қызылшанын
3	«Салауатты өмір-нәтижесі көзі»	балаларды нәтижесі азайтудың сақандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталу.	Қолымен		2-сынып	Қызылшанын
4	«Қызыл қызы оқушы»	Оқушыларды таза ұстауға бағытталу.	Рейд жүргізу.		1-9 сыныптар	Қызылшанын

Қызылшанын

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

Мұхамеджан Тынышбаевтың
туғанына – 145 жыл

Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

күні Мұхамеджан Тынышбаевтың

Мәлімет: кітапханамызда желтоқсанның туганына – 145 жыл толуына байланысты көрме өткізілді. Көрмеге 10-11 сыныптар қатысты. Оқушыларға библиографиялық шолу жасалып, көрме қойылды

Максаты:

Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу. Алашорда қозғалысын құрушылардың бірі екенін түсіндіру

Мұхамеджан Тынышбайұлы (1879-1937) — қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алаш Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері.

Алаштың ірі қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, ағартушы, тұңғыш темір жол инженері Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы Лепсі уезі Мәканишы-Садыр болысында (қазір Алматы облысы Қабанбай ауданы) туған.

Ауыл молдасынан хат таныған соң, 1890 жылы Верный ерлер гимназиясының даярлық сыныбына қабылданады. Мұхамеджан Тынышбаевтың тағдыр-талайы білім мен ағартуға, ұлттық теңдік пен өркениетке ұмтылған қазақ халқының тағдырымен бір.

Даярлық сыныпты қоса есептегенде, 10 жыл аталған гимназияда оқыған М.Тынышбаев оны үздік (алтын медальмен) аяқтайды.

1900 жылы оқушыны ұлтқа бөліп алаламайтын, білімдіні қадірлейтін гимназия директоры М.В. Вахрушевтің Жетісу губернаторына дәлелденіп жүріп стипендия бөлігінің арқасында (ол шақта мемлекет есебінен оқу тек осылай жүргізілген) Мұхамеджан император І Александр атындағы Петербург темір жол транспорты институтына қабылданады. Бұл институтты 1906 жылы бітірген.

Ресейде болған жылдары

XX ғасырдың басында Ресейге ештеңе батыс демократиясының лебі жетеді. Бұл осы империядағы зиялыларды оятты.

Мысалы, 1905 жылы Ресей, Әлихан Бөкейхан айтқандай, "тұңғыш және соңғы рет Еуропа болды". Яғни, сол жылы 17 қазанда патшаның манифесті жарияланып, елге біраз сөз, ой бостандығы берілген. Ал, 1906 жылы Ресейде тұңғыш Мемлекеттік Дума шақырылды.

Осындай тарихи оқиғалардың ортасында жүрген Мұхамеджан Тынышбаев саяси күрестің әліппесін үйрене бастады. Мұны жас қайраткер тез меңгерді. Оның саяси жетілгенін растайтын деректер аз емес. Мысалы, ол 1905 жылы қазақ сынды шет ұлттарды билеуде өкіметтің әскери тәртіптен арылып, азаматтық жолға түсуін ұсынған дәлелді хатын министрлер комитетінің төрағасына жолдаған. Соңдай-ақ, сол

114 жылы кайраткер Жетісу темір жол құрылысына қайта ауысады. Бұл жолы ол
рыс - Әудие ата учаскесінің басшысы және бас инженері болып қызмет атқарды.

Осы шақта инженер Мұхамеджанға Ташкент Мұғалімдер институтына оқуға бармақ
олып қаржыдан қысылып жүрген Т.Рысқұлов ұшырасады. Бұл 1915 жыл еді.
1.Тынышбаев бір кезде өзі де осылай қиналғаны есіне түсіп, Тұрарға әжептәуір ақша
сынады және мұндай керекті қаражатты кейін де адресіне салып тұратынын айтады.

Екі азаматтың осы риясыз көңілі адал бауырластыққа ұласады.

Тынышбайұлы жазған мақалалары

Знаменит Мұхамеджан XX ғасырдың 10 жылдары Орынборда шығып тұрған «Қазақ»
газеті төңірегіндегілермен де араласып-хабарласып тұрады. Аталған газетте
публицистің «Соғысушы патшалар әскері», «Сүңгуір қайық», «Темір жол һәм Еуропа
соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина», «Бардыбек Сыртанов», «Садуақас
Шалымбеков» т.б. мақалалары жарық көреді.

М.Тынышбаевтың саясат сахнасында аса күрескерлік танытқан уақыты - 1916-1917
жылдар. 1916 жыл оқиғасы тұсында ол «Қазақ» тобында болды. Сол себепті де
Қытайға кетуге мәжбүр болған қандастарын елге қайтару жұмысының жуан
ортасында жүрді. Мұхамеджан анықтаған мына дерек кісіні селт еткізбей қоймайды:
Жетісуға қатысты 44 болыс елде 47 мың 759 түтін болған, соның 40 мың 250 түтіні
қашып-босқан, ал өлген адамның саны 95200 . Бұл да алапат қырғын еді.

1917 жылы сәуірде Уақытша үкімет М.Тынышбаев пен О.А. Шкапскийді Жетісу
облысындағы комиссарлар етіп тағайындайды. Түркістан автономиясы 1917 жылы
қараша айының соңында Қокан қаласында жарияланғанда, кайраткер осы автономия
үкіметінің төрағасы (премьер-министр) болып сайланды. Алайда Қоканда құрылған
Түркістан автономиясы бірер ай ғана өмір сүріп, большевиктер тарапынан аяусыз
жанышталды. Алаш партиясы құрылатын бірінші жалпықазақ съезіне де, Алаш
автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съезіне де Жетісу облысы атынан
қатынасты. Соңғысында ол Ұлт кеңесі (Алаш Орда) құрамына кірді.

Күрделі кезеңде түрлі саяси-мемлекеттік жүйеде қилы жауапты іс жасаған
кайраткердің ұлтқа бөліскен еңбегі нәтижесіз емес еді. Мұхамеджанның орасан
жұмысын былайша топтап-таразылауға болады:
саяси кайраткер ретінде құқы аяққа тапталған ұлтының теңдігі жолында дәйекті іс
атқарды;

маман-теміржол инженері ретінде төңкеріске дейін де, одан кейін де шойын жолды
салуда ұлт мүддесін бірінші кезекке қойды;

публицист ретінде орыс тілінде шыққан мақалаларында Петербордың зиялы
қауымына патша шенсуніктерінің әділетсіздігін жеткізсе, қазақ тіліндегі
мақалаларында қандастарына теңдік алудың жөн-жобасын көрсетті;
тарихшы ретінде қазақ елінің көне дәуірден бүгінге дейінгі шынайы тарихын
жасаудың батыл бағыттарын іс жүзінде анықтап берді.

Түркістан-Сібірдегі қызметі

1921-1922 жылдары Түркістан кеңестік автономиясының Жер-су комиссариатында су
шаруашылығын басқарды.

жылы қарашада автономияшылардың бірінші съезіне қатысып, «Қазақтар жән азаттық қозғалысы» атты баяндама жасаған («Русский Туркестан», №1, 1906). Баяндамасында М.Тынышбаев былай дейді: «Үкіметтің нені көздегені белгілі: біріншіден, жабайы да тағылық репрессияларымен және тіл, салт-сана, дін һәм руханият атаулыны орыстандырмақ; екіншіден, түрлі әкімшілік шаралармен, әкімдермен, ережелермен қазақты құқықсыз, заңнан тыс етпек; үшіншіден, оларды қаны сінген, сүйегі көмілген өз жері пен айырып, шөл- шөлейт жерге қуып, өлім құшағына тапсырмақ. Міне, қазақ бұрынғы дербестігі мен еркіндігінің орнына, орыс боландығына қантөгіссіз кіргендігінің ақысына жалғандығы. Қайраткердің осы рухтағы өткір мақалаларының бірі - «Қазақтың қазіргі жағдайы мен өмірге қажетті сұранымының жалпы сипаттамасы» деп аталады.

Бұл М.Тынышбаевтың 1993 жылғы жинағына ел бей қалыпты. Мақалада автор халқының ауыр жағдайға тап болу себебін және оған құтылудың жөн-жобасын ұсынады. Осындай ашық пікірінен соң, патша тыңшылары Мұхамеджанның артынан аңду қояды.

Мұхамеджан Тынышбайұлы

Темір жолда жұмыс істеуі

М.Тынышбаев 1906 жылы елге келіп, біраз уақыт Жетісу теміржолын жобалау ісіне қатысады.

I Мемлекеттік Думаның құғындалғанынан хабарлар ол ел құқына қажетті табынды жоғамдық-саяси жұмысымен көрінеді. Нәтижесінде 1907 жылы 28 жасында II Мемлекеттік Думаға Жетісу облысы атынан депутат болып сайланады. Сөйтіп, енді ол биік саясатқа көтеріледі. Алайда II Думаны да патша құғындап таратады.

1907 жылы 3 маусымдағы жарлығымен империя ісі қазақ сынды шет ұлттарды (ресми жер иелігі жоқ ұлттарды) Думаға сайлану құқынан айырады.

Бұл жағдай қазақ зиялыларының ашу-ығасын тудырғаны тарихтан мәлім (елді ояту рухындағы еңбектер осы кезден көшірек жариялана бастайды).

Дума таратылған соң М.Тынышбаев қайта кәсіби қызметіне кіріседі. Енді ол Түркістан генерал-губернаторлығы қарамағындағы аймақтың теміржол құрылысына инженер ретінде атсалысады.

1907- 1914 жылдар аралығында Әмудария үстіне салынған көпір құрылысына, Ұрсат (Урсатъенск) - Әндіжан теміржол құрылысына жетекші маман, бас инженер есебінде қатысады.

Теміржол салысына байланысты еңбегін ғала парыздағанның өзінде М.Тынышбаев - Кіндік Азия көлемінде елеуге лайықты инженер-теміржолшы.

1925-1932 жылдар аралығында Қазақстан кеңестік автономиясында жаңа стананы (Қызылорда) жасақтау ісінің бас инженері. Түркістан-Сібір құрылысының кетекші маманы қызметін атқарды.

1922 жылы Ташкентте құрылған «Гала» атты мәдени-ағарту ұйымына басқарма мүшесі болып сайланады. Осы шақта ол бірнеше тарихи еңбек жазды. Оның ел алдындағы елеулі еңбегі - Түркістан-Сібір теміржол құрылысына маман ретінде қатынасуы еді.

1932 жылы сәуір айында тұтқындалып, Мәскеу-Донбасс теміржол құрылысына жұмысқа жіберіледі. Бұдан қайтып елге келгенде, 1937 жылы қарашада қайта тұтқындалып, ату жазасына кесілді.

1879 жылы 12 мамырда бұрынғы Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Салыр болысында (қазіргі Қабанбай ауданы) дүниеге келген.

1889-1900 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады. Верный гимназиясын алтын медальмен тәмамдады. Жыл сайын кластан класқа 1-ші дәрежелі марапатпен көшіп, үздік үлгірім, өнегелі тәртібімен ұстаздарының ықыласына бөленеді. Гимназияны бітіргенде педагогикалық кеңестің шешімімен ол ғылымда, әсіресе, математикада үздік жетістікке жеткені үшін Алтын медальмен марапатталады.

Жыарма жасар Мұхаметжанның Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне тілмаш болып орналасуына жол ашады. Бірақ оқуға ынталы жас жоғары білім алуға ұмтылып, император Александр I атындағы Петербург теміржол транспорты институтына түсуге тілек білдіреді. Бұл жолы да тағдыр оған күле қарайды. Өзінің мұғалімі, гимназия директоры М.В.Вахрушевтің көмегімен казынадан 360 сом жылдық стипендия алып, Петербургке аттанады.

1900-1906 жылдары Санкт-Петербургтегі I Александр атындағы жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтта оқып, мұнда да ол ерен қабілетімен ұстаздарын танқалдырып, институтты үздік бағамен бітіреді.

Институттың соңғы курсына жүргенде 1905 жылғы төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономистерінің съезіне қатысып, онда «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасайды, өз халқының мұнын жеткізіп, Министрлер комитеті атына өтініш жолдайды. Онда қазақтарды басқарудың басты принциптерінің қазақтардың мүддесімен сай келмейтіндігін ғылыми тұрғыдан негіздеуге күш салады және басқарудың әскери жүйесінен азаматтық жүйеге көшуді талап етеді. Жас саясатшының бұл талабының атақты «Қарқаралы петициясы» талабымен үндесіп жатуы — халқым деген қазақ азаматтарының әр жерде жүріп, бір мақсатқа қызмет еткенін айқын көрсетеді.

1905 жылдың аяғында Оралда өткен Қазақстанның бес облысының делегаттар съезінің жұмысына қатысады. Осы съезде болашақ "Алаш" партиясының сұлбасын құруға ниет жасалған болатын.

Институт қабырғасында оқып жүрген кезде-ақ ол туған халқының, мұнын мұндап, жоғын жоқтап баспасөзде уытты мақалалар жариялайды және әр түрлі жиындарда сөз сөйлейді. Осындай бір жиында 1905 жылы 19 қарашада өткен автономшылар одағының I съезінде ол баяндама жасайды. Онда ол былай өткір сөйлегені: Қазақтардың жер мәселесі — сөзсіз аса маңызды... Үкіметтің неш көздеп отырғаны

түсінікті: біріншіден, ... казактарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, казактарды ... қауқарсыз тобырға айналдыру; үшіншіден, ... ежелгі атақонысынан айыру... қандай қанқұйлы, зымиян мақсат?! Жалпы М.Тынышбаев 1905-1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық саяси өміріне белсене араласа бастайды. 1907 жылы Ресей ІІ-ші Мемлекеттік Думасына Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Қазақ депутаттарының Дума трибунасынан Столыпиннің аграрлық саясатын сынаған үндері естіледі, әсіресе Бақытжан Қаратаевтың жасаған баяндамасы үлкен шу тудырды. Мұның аяғы 1907 жылдың 3 маусымдағы заң бойынша «еркіндікшіл» Дума таратылып, казактардың Мемлекеттік Думаға өз өкілдерін сайлау құқығынан айырылуымен тынады. ЖОО бітірген соң Орта Азия өңірі мен Жетісу теміржол құрылысында инженер болып қызмет істейді. 1916 жылғы көтеріліс туралы Түркістан генерал-губернаторына берген түсініктеме нұскасында оны кеңінен толғап, отаршылдық зорлық-зомбылық қимыл-әрекеттеріне қысқаша шолу жасауы — тобықтай түйіндеп айтылған зор ғылыми еңбек болып табылады. Ақпан төңкерісіне дейін Мұхаметжан өзінің темір жол инженері мамандығы бойынша Орта Азияда, Жетісу облысында біраз жыл қызмет етеді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен өзге қазақ зиялылары сияқты ол да үлкен үміт күткен еді. Сондықтан да ол бұл кезде бел шеше қызмет етіп, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде тез танылады. Сол жылы көктемде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, сонымен қатар осы үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады.

1917 жылы қазан айында Том қаласында өткен Жалпы Сібірлік съезге өзге алаш қайраткерлерімен бірге қатысып, Сібір кеңесінің құрамына енгізіледі. Сол жылғы желтоқсанда өткен Жалпықазақтық съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланып, кейін Алашорда үкіметінің төрағасының орынбасары ретінде көптеген заң актілеріне қол қояды.

Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерімен бірге М. Тынышбаев та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласады.

1911-1918 жылдары темір жолдың Урсатьев-Әндіжан бөлімшесінде бастық, бас инженер болып қызмет атқарды. Одан кейін Жетісу темір жол бөлімшесінің Арыс-Әулиеата құрылысын басқарды.

1917 жылы шілдеде өткен Жалпы қазақтық съезде Жетісу облысынан Бүкілресейлік Құрыл-тай жиналысына депутаттыққа ұсынылады.

1917 жылғы желтоқсан айында жарияланған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженін» жобасын қабылдауға қатысады.

1918 жылы бүкілтүркістандық IV-ші мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қокан») автономиясының премьер-министрі болып сайланады.

1919 жылы Бүкілодақтық Аткару комитеті бұрынғы алашордалықтарға кеңірім жариялағаннан кейін, ол Түркістан өлкесінің Семей халық ағарту комиссариатында жауапты қызметтер атқарады.

Жол катынасы институтына түсіп, 1906 жылы бітіреді. 1905 жылы автономияшылар одағы ұйымының ұйымдастыруымен өткен съезге қатысып, сөз сөйлейді. Ол өз сөзінде патша өкіметінің қазақ жерінде жүргізіп отырған отаршылдық саясатын айыптай отырып, ендігі уақытта ұлттық еңідегі қазақтарға автономия берілуін талап етеді. Институтты бітірген соң инженер-маман есінде Орта Азия темір жолы құрылысына жіберіледі. 1907 жылы екінші Іс-шаралар думына депутат болып сайланып, онда аграрлық комиссия құрамында қызмет етеді. Дума тарапынан соң Орта Азия темір жолы құрылысына айрықша қызығушы-инженер болып тағайындалып, Әмудария өзені арқылы өтетін темір жол салуға қатысады. 1911 жылы Урсатъевск - Әндіжан темір жолы құрылысының бас инженері, 1914 жылы Арыс - Әулиеата темір жолы құрылысының бас инженері қызметтерін атқарады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Тынышбаев Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті құрамына мүше болып тағайындалады. Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі ретінде Жетісу облысындағы 1916 жылы Қытайға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек көрсету ді ұйымдастырады. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, онда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылады. Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезіне қатысып, онда құрылған Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып сайланады. Бірақ көп ұзамай бұл қызметтерінен бас тартады. Екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің құрамына сайланады. Тынышбаев Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге қазақ елінің дербестігін қалпына келтіруге, елдің амандығын сақтауға күш салады. Ол осы мақсатта Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсекев, Ғ.Танашев секілді Алашорда үкіметі мүшелерімен бірге Уақытша Сібір үкіметімен, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері комитетімен және Колчак үкіметімен келіссөздер жүргізуге қатысады. М.Тынышбаев сонымен бірге ғылыми жұмыспен де белсене айналысты. Ол Орыс география қоғамы Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының, «Талап» ұйымының мүшесі болды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының қызметіне атсалысады. Халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дереккөздері бай, ғылыми тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер жазады. Оның тарихты терең түсіне білгендігі, зерттеушілігі, қазақ халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды түпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады. Бұл пікірге Тынышбаев еңбектеріндегі «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қырғыз-қазақтың шығу тегі», «Қазақ этнонимі туралы», «Алтын орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Ақтабан шұбырынды» секілді, т.б. тақырыптағы еңбектері дәлел бола алады. Қазақ тарихының көне дәуірі, орта ғасырлар кезеңі, жаңа заман ретінде жеке қарастыратын күрделі мәселелерді кеңінен қамтуға талпынысы тарихшы-ғалымның өзіндік қалыптасқан тарихи көзқарасы бар екендігін аңғартады. Сонымен қатар еңбектері ұлттық мүдде тұрғысында жазылуымен ерекшеленеді. Ол қандай да бір халықтың тарихын жазу үшін сол ұлттың тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік меңгеру керек деген принципті берік ұстанған және бұл принципті өзге зерттеушілердің де ұстауын талап етеді. Тынышбаев 1922 жылдан Түркістан АКСР-і Су шаруашылығы басқармасында, Ташкентте жер судандыру бөлімінде, Қызылорда қаласының құрылыс-жөндеу жұмыстарында, Жетісу губерниясы атқару комитетінің

Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі күшпен талқандағаннан кейін М. Тынышбаев Алашорда қайраткерлерімен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жатқан көптеген әр түрлі үкіметтермен (Уақытша Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сияқты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады, азамат соғысы жылдарында қызылдарға қарсы күреседі. Бірақ одан күткендей нәтиже болмайтынын көргеннен соң 1920 жылдан бастап, Кеңес өкіметінің жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етеді.

1924 жылдан бастап қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУде оқытушы болды.

1925-1926 жылдары жана астана Қызылорда қаласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда қаланы сумен қамтамасыз ету жолын және көптеген жана объектілер салу туралы ұсынады.

1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір жолын салуға қатысады.

1926 жылы Тұрар Рысқұловтың ұсынуымен Түркісіб темір жол жобасы мен құрылысына қатысты. Бір жолы қолына А.П.Чулошниковтың қазақ халқы тарихына қатысты еңбегі түседі. Осы кітаптағы ұлттың намысына тиетін пікірлерге қарсы сын жазып, академик В.В.Бартольдке жібереді. Ғалым бұған қатты риза болып, қазақ халқының тарихын зерттеп, жазуға кеңес береді, ең болмаса болашақ зерттеушілер үшін тарихи деректер мен материалдарды жазып қалдыруға ақыл қосады. Осы жолда Мұхаметжан Тынышбайұлының 1926-1927 жылдарда жазған еңбектері: "Материалы по истории киргиз-казахского народа", "Киргиз-казахи в XVII-XVIII веках", "Ақтабан шұбырынды" және тағы басқалар.

Сталиндік зобалаңда ол 1930 жылы 3 тамызда тұтқындалып, бес жылға сотталып Воронежге бес жылға жер аударылады.

1933-1937 жылдары ол айлауда жүріп Мәскеу-Донбас темір жол құрылысында жұмыс істейді.

Онда ауырып, оралғанымен 1937 жылы қараша айында қайта тұтқындалады да, 1937 жылы Ташкент түрмесінде "Халық жауы" деген желеумен атылады.

1959 жылдың 29-қыркүйегінде Мұхаметжан Тынышбаев Қазақ КСР-сы Жоғарғы сотының, және де 1970 жылы КСРО прокуратурасы мен Түркістан әскери округының прокурорының шешімімен ақталып шықты.

Алматыдағы Қазақ Көлік және коммуникация академиясы М.Тынышбаевтың есімімен аталады.

Осыдан 145 жыл бұрын (1879-1938) Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан ТЫНЫШБАЕВ дүниеге келді.

Ол 1900 жылы Верныйдағы ер балалар гимназиясын алтын медальмен бітірді.

Гимназияда оқып жүргенде Тынышбаев өзінің ізденімпаздығымен, жан-жақтылығымен ерекшеленіп, 1899 жылы Верный қаласында өткен А.Пушкиннің 100 жылдық мерейтойында баяндама жасады.

Гимназия директоры Жетісу облыстық әскери губернаторына жолдаған өтінішінде Тынышбаевты «тамаша шәкірт қана емес, нағыз талант иесі» екендігін мәлімдеп, жоғары оқу орнында білім алуына арнайы стипендия бөлуді сұраған.

бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инженер-маман ретінде таныта білді. 1927 жылдан Түркістан - Сібір темір жолы құрылысында еңбек етті. Тынышбаевтың кәсіби шеберлігі Түрксіб құрылысын салу барысында айрықша танылды. Осы еңбектеріне қарамастан Тынышбаев кеңестік биліктің қуғын-сүргініне ұшырап, Түрксібті салып жатқан кезінде 1930 жылы тамыздың 3-інде тұтқынға алынады. Оған «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айыптар тағылады. Кейінгі жылдары да үнем бақылауда болған ол, ақырында кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Алматыдағы Қазақ Көлік және коммуникация академиясы М.Тынышбаевтың есімімен аталады.



« Бибол Құдайназров атындағы орта мектеп» кмм

Кітапхана жұмысының айлық жоспары

Ақпан айы

2024-2025 оқу жылы

№/с	Тақырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындауы	Жауапты
1.	«Оқуға құштарлығын қалып арттыруға болады»	Оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Дебат		1-11 сыныптар	Кітапханашы Қалақ п.д. мұғалім.
2.	«Қырлайды жүрес» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу	XX ғасырдың ұлы ақыны Мұқанали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таныстыру. Ойшыл, ақыл, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу.	Оқу сағаты		9-11 сыныптар	Кітапханашы
3.	«Отты жылдар жаптарығы» Ауған аралықтарына арналды.	Жеңістің мәңгілік түсіндіру арқылы Отанда деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің тарихына қызығушылығын арттыру.	Тариха жолу, кітап көрмесі		1-11 сыныптар	Кітапханашы
4.	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Қыз-Жібек" операсына –90 жыл	Білімділік тереңнен, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, іскеністерін арттыру	Кітап көрмесі		3-6 сыныптар	Кітапханашы Сынып жетекші

Кітапханашы:

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

«Оқуға күштарлықты қалай
артғыруға болады?»



Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет:

«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады»

Максаты: Оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Кітап неге оқымайды? - деген сауалдың жауабын жан-жақты іздеу. Баланы жасынан кітап құмарлыққа баулу және осы мақсатқа жету жолдарын зерттеу, жүзеге асыру мақсатында

«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады»

тақырыбында 9, 10 сынып оқушыларымен дебаттық пікір сайыс болып өтті. Кітаппен шындап жұмыс істей алмау біреулердің кітапқа деген сүйіспеншілігін мұқалтса, енді біреулерді жүйесіз, ойланбай оқуға әкеліп соқтырады. Ол үшін оқу мәдениеттілігін игеру керек. Басқаша айтқанда, оқушы кітапты жеңіл уақыт өткізу үшін емес, өздігінен білім алып, өз еңбегін ұйымдастыруға және жетілдіруге пайдаланған жөн.

Сайыста оқушылар өз ойларын ашық айтып, белсенділік танытты.

Кітап оқудың тиімді - тиімсіз жақтары бар. Біз осы жайында өз ой - пікірімізді таразыға салып көрейік.

Қатысушылар: Жактаушы

«Ақиқат» тобы,

Даттаушы «Парасат» тобы.

Сайысымыздың ережелерімен бөлімдерімен таныстырып өтейін.

Сайысымыздың бөлімдері:

I. Кіріспе

1. Екі фракцияда үш спикерден болады.
2. Екі фракцияның спикерлері өздерін таныстырады.

II. Негізгі бөлім

1. Негізгі кезең бұнда спикерлер аргументпен (дәлелдемелермен) мысалдар, статистикалық мәліметтермен таныстырады.
2. Екі фракцияның ұсынысарымен қосымшалары.
3. Екі фракция бір - біріне сұрақ қояды.

III. Қорытынды.

1. Залда отырған қатысушыларға 2 түсті карточка таратылады. Жактаушы жақты қолдайтындар жасыл карточка, даттаушы жақты қолдайтындар көк карточканы жәшікке саламыз.
2. Төрешілер екі фракцияның сайыста жинаған сараптамалық дауыстарын жариялайды.
3. Қорытынды.

Сайысымыздың ережесі:

1. Бос айтыс, тартыстан аулақ болу.
2. Қарсыласыңды тындау, сыйлау.
3. Мысқыл сұрақтар қоюға болмайды.
4. Қарама - қарсы сұрақтарға берілген уақытты тиімді пайдалану.
5. Қосымша қойылатын сұрақтарға дайын болу шарт.

Сайысымыздың төрешілерімен таныстырайық:

Сайысымызды бастамас бұрын жеребе таратылып қай фракцияның бірінші бастайтыны белгілі болады.

Ендеше бірінші бөлімге кезек берейік. Таныстыру. Әр топ өздерін таныстырады. Уақытыңыз 1 минут.

Жактаушы жақтың спикерлері (Ақиқат тобы. 3 оқушыдан)

Даттаушы жақтың спикерлері (Парасат тобы. 3 оқушыдан)

Жүргізуші: Қарсыластар өздерін таныстырып болған сынайлы, енді негізгі кезеңге кезек берсек дейміз. Оқушылар бұл кезеңде өз пікірлерін айтады, оларды дәлелдейді, керекті фактілер, мысалдар, статистикалық мәліметтер келтіреді.

Жактаушы мен қарсы даттаушы жақтың спикерлері әр дәлел бойынша кезекпен кезек сөйлейді.

Уақыттарыңыз шектеулі – 3 минут.

Пікірсайыс соңында төреші Мектебіміздің тәрбие жөніндегі орынбасарына сөз берейік...өз сөзінде жоғары бағалап, оқушыларға алдағы пікірсайыстарда сәттілік тіледі. Пікірсайыс ойыны ол бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеуге, қаншалықты шынайы ақпарат екендігін негізге ала отырып шешімдерін қабылдаймыз. Балаларға заман талабына сай бәсекелестікке бейімделіп отырған пікірсайыстарда алдағы уақытта да жетер жетістіктері биік деп сенеміз!!!

Б.Кудайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

«Отты жылдар жаңғырығы»
Ауған ардагерлеріне арналады.



Кітапханашы: Н.Мырзабек.

2024-2025 жыл

Мәлімет: Бүгін кітапханамамызда «Отты жылдар жанғырығы» Ауған ардагерлеріне арналады атты Тариха шоу, кітап көрмесі болып өтті. Іс-шараға 5-6 сыныптар қатысты.

Оқушыларымызға Ауған соғысы туралы баяндама оқылып, көрме таныстырылды. Мәксаты: Жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің тарихына қызығушылығын арттыру.

Баяндама.

1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғаныстан жеріне Кеңес әскерлерін енгізу туралы шешім қабылданды. Өзінің қаралы, зұлмат жылдарымен есте қалған Ауғаныстандағы сұрапыл соғыс 10 жылға созылды. Ауған соғысында өрімдей жас, бозбала жауынгерлер жаумен жаға жыртасып, Отан адындағы әскери антына адалдық танытты. Бүгін, яғни 15 ақпан күні Кеңес әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толып отыр.

- Ауған соғысының біздің халқымыз үшін қасіреті мен зардабы аз болған жоқ. Ауған соғысына қатысқан жерлестеріміз ұрыс даласына батырлық пен ерліктің, қайсарлықтың үлгісін көрсете білді.

Жиналған оқушылар ауған соғысында қаза болған боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алды.

«Интернационалдық бөрышын өтеу керек» деген үкіметтің өкінішті ұранының арқасында енді ғана 18-ге толған бозбалалар ауған жерінің топырағын басып, дәмін татты. 1979 жылы осы ана сүті ауыздарынан кетіп үлгермеген бала сарбаздар атақ-даңқ үшін емес, тыныштықты қорғаймыз, соғыс өртін өшіреміз деп қанды қырғынның ортасынан бір-ақ шыққан еді. Ауғанстандағы 10 жылға созылған сол соғыстың жарасы жазылды ма? Қазақ халқы осы бір нәубет жылдардың тарихи бағасын толық бере алды ма?

Ресми деректерге сүйенсек, 22 269 қарақоз сарбазымыз Ауғанстанда қан кешітті. Олардың 21-і із-түзесіз жоғалып, мыңға жуығына Ауған жерінен топырақ бұйырған. 1015 азаматымыз елге мүгедек болып оралған. Адамзат үшін соғыс қаралы ұғым. Өйткені қасіреті мен тауқыметі аяққа нық тұрған елдердің өміні есендіретін жібереді. 10 жылға жалғасқан Ауған жеріндегі айқас солардың бірі. Бүгінде Жамбыл облысында тұрып жатқан 1136 азамат Ауған майданының ардагері болса, оның бес жүзге жуығы тараздықтар. 2238 күнге созылған соғыстан 71 жерлесіміз оралмаған. Ал оларға деген тағзым мен құрмет қашан да бөлек.

Тарих не дейді?

1989 жылдың 15 ақпанында КСРО халқы Әмудария өзеніндегі көпірдің үстінде Ауғанстаннан қайтқан 40-армияның жауынгерлерін салтанатпен қарсы алды. Кеңес әскерлерінің жекелеген бөлімшелері 1988 жылдың 15 мамырынан бастап Ауғанстан аумағынан шыға бастаған. КСРО тоғыз айдың ішінде әскерлерін бұл елден шығаруға міндеттеме алды. Бұл өте күрделі операция еді. 4 ақпан күні Кеңес Армиясының соңғы бөлімі Кабулдан шықты, ал 15 ақпанда 40-армияның қолбасшысы, генерал-лейтенант Б.Громов Термез қаласында «Кеңес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты, артымда бірде-бір жауынгер қалған жоқ» деп басшылыққа баяндаған. Алайда өзеннің арғы жағында қалған шекарашылар тағы үш ай бойы Ауғанстанда жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Мәскеу тарапынан Ауғанстаннан әскерлерді шығару туралы ешқандай ақпарат болған жоқ. Америкалық баспасөздің мәліметтері бойынша осы операция кезінде Кеңес Одағының 523 жауынгері мен офицері қаза тауып, қаншама адам тұтқында қалған. 40-армия шыққаннан соң да шабуылдаушы можахедтерге қарсы қиян-кескі шайқастар болды. 1989 жылдың 23-26 ақпандағы «Тайфун» операциясы кеңес әскерлерінің ауған жеріндегі он жылға созылған соғыстағы ең ақырғы ұрысы болды. Ауғанстан соғысы – Кеңес Одағы тұсындағы тарихтың ең қайғылы беттерінің бірі. Он жылға жуық бөтен елдің мүддесін қорғаған Ауғанстандағы шектеулі контингент әскерлері құрамында Қазақстаннан 22 269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұраныл шайқаста ерлікпен қаза тапты, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған жігіт елге мүгедек болып оралды. Қаншама қазақ отбасына қасірет әкелген айдаладағы Ауғанстан соғысы біз үшін осылай аяқталған болатын. Сондықтан жыл сайын бұл күні табаны күректей он жылға жуық созылған соғыста қаза болған қаруластарының қабіріне барып тағзым етіп, еске алады, сүйегі шет елде қалғандарға бағыштап құран оқылады. Республика бойынша Ауған соғысы ардагерлерінің отыздан астам ұйымы бар.

Ауғанстан соғысы (1979-1989 жылдар) Кеңес үкіметінің Қарулы күштері үшін, соның ішінде қазақстандық жауынгерлер үшін КОКП ОК Саяси бюросының Ю.Андропов, Д.Устинов, А.Громыко, Л.Брежнев сияқты санаулы ғана мүшелерінің, аяқ астынан құпия түрде қабылдаған шұғыл шешімінен басталды. Сол кезде Ауғанстанда билікке таласқан ресми үкімет пен оппозиция (можахедтер) арасында қарулы қақтығыстар басталған болатын. Күрестің басты мақсаты Ауғанстан жерінде толықтай саяси бақылау жүргізу болды. КСРО Саяси бюросы КСРО-ның ықпалын кеңейту мақсатында Ауғанстанға қол ұшын беріп, сыртқы агрессиядан қорғау керек деген шешімге келеді. Сөйтіп Ауған елін басқарып отырған шах Хафизулла Аминді алып тастап, орнына Бабрак Кармалді отырғызу туралы идеясын күш көрсету арқылы жүзеге асырды. Осылайша, Кеңес Одағының әскерлері ұзақ жылдарға жалғасқан қарулы қақтығыстардың қас ортасынан бір-ақ шықты. Ауғанстанға әскер енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында, КОКП ОК Саяси бюросының отырысында түбегейлі қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілген екен. Бұдан бес ай бұрын 105-әуе десанты дивизиясының 111-парашютті десант полкі Баграм қаласына барып жайғасқан. Бұл Кеңес Армиясының Ауғанстанға кірген алғашқы бөлімі еді. 12 желтоқсан күні Қазақстан мен Орта Азия республикаларында жасақталған «мұсылман батальоны», артынша екі күннен кейін Баграмға тағы бір батальон кірген. Осы үш батальонның көмегімен Мемлекеттік қауіпсіздік

комитетінің (КГБ) жекелеген кішігірім отрядтары «Шторм» операциясына кірісетін болып жоспарланған. Осылайша, 27 желтоқсан күні Аминнің сарайына шабуыл жасалды. Бірнеше қала можахедтерден тазартылған. 1986 жылдың ақпанында болған КОКП XXVII съезінде М.Горбачев әскерді кезеңге бөліп, ауган жерінен шығару жоспарын жасау керектігін мәлімдеген. 13 қарашадағы Саяси бюросының отырысында Михаил Горбачев: «Біздің Ауғанстанда соғысып жатқанымызға алты жыл болды. Егер бұл іске басқаша келмесек, әлі 20-30 жыл соғысатын боламыз» деп мәселені көлденеңінен қойған. Оның сөзін Бас штабтың бастығы, маршал Ахромеев те қолдап: «Біз Кабулды, провинциалдық орталықтарды бақылауға алдық, бірақ басып алған жерлерімізге билік орната алмадық. Біз ауган халқы үшін күресте жеңіліс таптық» деп ағынан жарылған. Сөйтіп, осы отырыста Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы келісілген. Ауған соғысы аяқталған жылы «Правда» газетіне соғыстағы адам шығынының жалпы саны жарияланды. Онда қаза тапқандар 13 833 адам деп көрсетілген. Көрсетілген адам шығыны жыл сайын көбейе түсті. 1999 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша ішінде майданда өлгендер, жаралан, аурудан, оқыс жағдайдан қайтыс болғандар, хабар-ошарсыз кеткендер бар, барлық қаза тапқандардың саны Кеңес Одағы Армиясынан – 14 427 адам, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен (КГБ) – 576 офицер, Ішкі істер министрлігінен – 28 адам. Барлығы – 15 051 адам. Жараланған, контузия алғандар – 54 мыңға жуық, ауырғандар – 416 мың адам. Кеңес Одағының ауган соғысынан көрген зияны осындай қасіретті болды.

Қазақтың төккен қанының өтеуі немен өлшенбек?

Бейресми деректерге үңілсек, Ауған соғысына қатысты 800-ден астам кітап жазылыпты. Жиырмаға жуық деректі һәм көркем фильм түсірілген. Бірақ сол туындыларда бар шындық айтылды ма? КСРО мен АҚШ атты екі альянстың мүйіздесер алаңына айналған Ауғанстан халқының не кінәсі бар еді? Рас, ауганның бейбіт халқының шөкімдей де кінәсі жоқ-ты. Социализм мен капитализмнің арпалысы сол кінәсіз халықтың қанын 10 жыл төкті. Сол 110 айға созылған сұрапыл кезінде 2,5 миллион ауган халқы жер бетінен жойылып кетті. 15 мыңнан аса Кеңес әскері опат болды. Бұл әділетсіз соғысқа қаншама ұлт өкілдері қатысты. Сол ұлттардың арасында біздің қазақтардың шоқтығы биік тұрды. Қазақ батыр ел екенін КСРО мен АҚШ-қа тағы да бір мәрте дәлелдеуге мүмкіндік алды. 2265 жерлесіміздің жоғары наградалармен марапатталуы осыны айғақтайды.

Ауған ардагерлері статуска лайық

Ауған соғысы – әділетсіз соғыс. Ауған соғысы – мықтылардың текетіресі. Ендігі бар мәселе «тәуелсіз қазақ елі ол соғысқа қандай баға беру керек?» деген сұраққа ғана келіп тіреліп тұр. Мұндай сұрақтың қойылуында да мән бар. Мысалы, қазір «1941-1945 жылдарда болған екінші дүниежүзілік шайқасты «Ұлы Отан соғысы» деп атамайық, біздің Ұлы Отанымыз – Қазақстан» дейтін пікірлер айтыла бастады. Кейбір мамандар мұны бір дәуірдің ерлігін жоққа шығарып тастау десе, екінші біреулері мұны тәуелсіз санаға ұмтылудың белгісі санайды. Миллиондаған ата-

177
аналарымыз қан кешкен Ұлы Отан соғысына осындай ойлар айтылып жатқан тұста, мыңдаған азамат от кешкен Ауған соғысын ақтап алу оңай емес. Бірақ, ақтауға болады. Өйткені бұл соғысқа қатысқан ардагерлердің еш кінәсі жоқ. Олар осы дәуірдің батырлары. Олар қазақ ұлтының оғландары қандай екенін әлемге танытты. Сондықтан да тәуелсіз ел ретінде Ауған ардагерлеріне арнайы статус беруге тиісіз. Ел үшін, ұрпағы үшін Ұлы Отан соғысында от пен ок ортасынан оралғандар мен ауған соғысында қан кешкендердің мәртебесін бөле-жара карамауымыз керек. Өйткені соғыстың үлкен-кішісі жоқ. Қай-қайсысы да Отан үшін, мемлекет үшін басын оққа байлады. Мемлекеттің бұйрығын орындаған, Отан алдындағы борышын ерлік шежіресімен өтеген ардагерлерді ұлықтау бүгінгі ұрпақтың парызы.

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

"Қыз-Жібек" операсына –90 жыл

Кітапханашы: Н.Мырзабек...

Мәлімет: Кітапханамызда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Қыз Жібек" операсына –90 жыл толуына байланысты 5-9 сыныптар арасында кітап көрмесі болып өтті.

Максаты: Білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру

Қазаққа ғана емес, күллі әлемге танымал «Қыз Жібек» операсының көрермен көзайымына айналғанын 90 жыл толыпты. Ғабит Мүсіреповтың либреттосымен Евгений Брусиловский жазған «Қыз Жібектің» премьерасы 1934 жылы Алматыда қаласында өтті. Ғасырға жуық тарихы бар опера туралы не білеміз?

«Қыз Жібек» қазақ халқының кең тараған аңызына арқау болып, халқы үшін өз бақытын құрбан еткен Жібек пен оның сүйіктісі Төлегеннің қайғылы махаббат хикаясын баяндайды. Опера батыстық классикалық опера элементтерін қазақтың дәстүрлі әуендері мен ырғақтарымен үйлестіретін әсем музыкасымен және қазақ мәдениетінің этикасы мен құндылықтарын бейнелейтін әсерлі әңгімелерімен танымал. Бұл операның өшпес мұрасын, оның қазақ мәдени мұрасына қосқан үлесін және қазақ опера өнерін дамытудағы маңызын құрметтеуге негіз бар. «Қыз Жібек» операсы қазақтың халық аңызына негізделген, қазақ халқының салт-дәстүрін, құндылықтарын, баяндылық мұрасын көрсететін құнды мәдени жәдігерге айналды. Бұл аңызды опералық сахнаға шығару арқылы опера отандық және халықаралық аудитория үшін қазақ мәдениетінің қырларын сақтайды және дәріптейді. Опера Қазақстан үшін ұлттық бірегейліктің символы болып саналады. Ол қазақтың мәдени мұрасына деген мақтаныш сезімін оятып, қазақ халқының бірлік сезімін оятуда маңызды рөл атқарды. «Қыз Жібек» өзінің тақырыбы мен музыкасы арқылы қазақтың ұлттық болмысын қалыптастыруға және бекітуге үлес қосады.

«Қыз Жібек» қазақ мәдениетіне терең сіңгенімен, халықаралық аренада да танылды. Опера әр түрлі елдерде қойылды және өзінің музыкасы, әңгімесі және мәдени мәні үшін танымал болды. Оның халықаралық қатысуы бүкіл әлемде қазақ мәдениеті мен музыкасын білу мен бағалауға ықпал етеді. Осындай опералар мәдени мұраны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде шешуші рөл атқарады. Опера арқылы дәстүрлі аңыздар мен оқиғаларды қайталау арқылы мәдени құндылықтар, нанымдар мен дәстүрлер ұрпаққа беріліп, болашақ аудиторияға сақталады. Жалпы алғанда, «Қыз Жібек» Қазақстанның сүйікті операсы ғана емес, сонымен бірге Қазақстаннан тысқары жерлерге де таралатын құнды мәдени байлық. Ол өнердің, мәдениеттің және ұлттық болмыстың тоғысқан тұсын бейнелей отырып, оны қазақтың мәдени мұрасының қастерлі және мәңгілік бөлігіне айналдырды. Фильм туралы мәліметтер

«Қыз Жібек» — толық метражды, екі бөлімнен құралған көркем фильм, 1970 ж. Қазақфильм студиясы шығарған.

Сюжеті

Фильмнің бірінші бөлімінде Базарбай байдың Төлеген атты ұлы 14 жасқа толғанда өзіне жар іздеп, 210 сұлудың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатқандығы айтылады. Үш ай Сырлыбай ханның елінде болған Төлеген өз еліне бармақ болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіріп, қазасын Жібекке өзі келіп естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі.

Фильмнің 2-бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан інісі Сансызбай қалмақ ханы Қоренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат еткендігі айтылады.

Рөлдерде

Жібек — Меруерт Өтекешева

Төлеген — Құман Тастанбеков

Бекежан — Асанәлі Әшімов

Шеге — Әнуар Молдабеков

Сырлыбай хан — Кененбай Қожабеков

Айкөз — Гүлфайрус Ысмайылова

Кербез — Фарида Шәріпова

Қаршыға — Ыдырыс Ноғайбаев

Базарбай — Кәукен Кенжетәев

Қамқа — Сәбира Майқанова

Пақ махаббат пен шынайы сезімнің нышаны «Қыз Жібек» жыры қазақ халқының сарқылмас қазынасы. Өшпес мұра «Қыз Жібек» жырының желісімен түсірілген Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» көркем фильмі қазақ киносының алтын қорына айналды.

1968-1970 жылдары түсірілген «Қыз Жібек» көркем фильмінің тұсауы 1970 жылы Алматы қаласындағы «Целинный» кинотеатрында кесілген болатын. Бүкілодақтық тұсау кесері 1971 жылы Мәскеу қаласында өтті.

Фильм сценарийін жазған Ғабит Мүсірепов Жібек пен Төлегеннің махаббаттын ғана жазып қоймай, ел-жұртты бірлікке шақырып, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрді көрсетуге ұмтылған. Фильм музыкасын саз сайыпқыраны Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақышқа келтірсе, ән өлеңдерін Қадыр Мырза Әлі жазған.



Жағабайлы елінен шыққан Төлеген (Құман Тастанбеков) жар іздеп, көп қыздың арасынан Сырлыбайдың (Кененбай Қожабеков) қызы Жібекті (Меруерт Өтекешова) ұнатады. Алайда, өзара рұта бөлініп, екі жақ тартыстың салдарынан Төлеген әкесі Базарбайдың (Қаукен Кенжетәев) батасынан аттап кетіп, сүйіктісі Жібектің еліне кетеді. Жібектің елінен шыққан сарбаз Бекежан (Асанәлі Әшімов) қос ғашықтың махабатын көре алмай, үш ай Сырлыбай елінде болып, өз еліне сапарға шыққан Төлегенді өлтіреді. Сүйгенінің қазасын білген Жібек Жайық өзеніне батып өледі.



Фильм 1972 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

фильм режиссері Сұлтан Қожықов, сценарий авторы Ғабит Мүсірепов, басты рөлдерді сомдаған актерлер Меруерт Өтекешова, Құман Тастанбеков, Асанәлі Әшімов Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын иеленді.



1972 жылы Тбилиси қаласында өткен Бүкілодақтық кинофестивальде «Үздік көркемдік шешім» номинациясы бойынша жеңімпаз аттанды.

Аталған фестивальде Гүлфайруз Ысмайылова, Кененбай Қожабеков, Сұлтан Қожықов дипломмен марапатталды.



2010 жылдың 27 желтоқсанында «Құлагер» ұлттық кинематографиялық байқауында Асанәлі Әшімов, Меруерт Өтекешова, Құман Тастанбеков құрмет грамотасы мен «Экран шебері-2010» төс белгілері табыс етілді.

Бастысы - фильм қалып халықтың ыстық ықыласы мен үлкен марапатына ие болды.

Қызықты мәліметтер

- Фильмді түсіру жұмыстары Семей, Көкшетау, Ақтау өңірлері мен Алматы облысының сол кездегі Күрті ауданында, Жаркент маңында, Іле өзенінің жағалауында жүргізілген.
 - Басты кейіпкер Жібек рөліне лайықты бойжеткенді табу мақсатында 1968 жылы 1 қаңтарда «Лениншіл жас» (қазіргі таңда «Жас Алаш») газетіне хабарландыру жарияланады.
 - Төлегеннің ақсауыты мен Жібектің бүрмелі көйлегі бұл күнде «Қазақфильм» мұрағатында сақтаулы.
 - Бішкек қаласының хайуанаттар бағынан киноға түсіру үшін арнайы аққулар әкелінген.
 - Түрлі себептермен киноның 500 метрлік лентасы қиылған. Түпнұсқада фильм ұзақтығы 3 сағаттан асады.
 - Фильмге сегіз, он, он алты қанатты жалпы саны отыздан асатын киіз үйлер арнайы тігілген.
 - Фильмнің бас суретшісі Гүлфайруз Ысмайылова киноны көркем безендіру үшін мың жарымнан астам эскиз жасаған екен.
- Фильм сценарийін жазған Ғабит Мүсірепов Жібек пен Төлегеннің махабаттын ғана жазып қоймай, ел-жұртты бірлікке шақырып, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрді көрсетуге ұмтылған. Фильм музыкасын саз сайыпқыраны Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақышқа келтірсе, ән өлеңдерін Қадыр Мырза Әлі жазған.

Мектеп директоры



« Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп» КММ
Кітапхана жұмысының айлық жоспары

Наурыз айы

2024-2025 оқу жылы

№	Тақырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындалуы	Жауапты
1	1-Наурыз «Алғыс айту» күні	балалардың «сыйластық» құшылымы туралы түсініктерін кеңейту, әлсіздікке, қиындасқанға, ізеттілікке тәрбиелеу.	Кітап көрмесі		2-4 сыныптар	Кітапхананың Сыртқы жетекшісі
2	«Оқуға күштар жобасы» бейнелініп, «Әкемің ертегілері»	«Оқуға күштар мектеп» бағдарламасы аясында бастауып сынып оқушыларына берілген әдебиеттердің оқуға бағылту мақсатында «Әкемің ертегілері» кешін ұйымдастыру	Ертегі оқу		1-4 сыныптар	Кітапхананың
3	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі» тәрбие кеші	Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық нұсқаларының маңызын түсінуге үйрету, жандық тағзымның қара сөзінің нәзімдігін меңгерту.	Жарыс эстафета		5-9 сыныптар	Кітапхананың
4	«Қалаң қалай оқулық?»	Жыл соңында оқулықтарды тексеру	Рефл жүргізу		1-9 сыныптар	Кітапхананың

Кітапхананың Мырзабек Нағымбаев

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

«Оқуға құштар жобасы» бойынша
«Әжемнің ертегілері»

Кітапханашы: Н.Мырзабек..

2024-2025 жыл

Мәлімет:

«Оқуға құштар жобасы» бойынша «Әжемнің ертегілері»

Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында бастауыш сынып оқушыларына берілген әдебиеттердің оқылуын бақылау мақсатында «Әжемнің ертегілері» кешін ұйымдастыру.

- **ертегі** кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту;
- ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету;
- **ертегілер** арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- қиялдау, мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту.

Осындай тақырыпта кітапханамызда бүлдіршіндердің танымдық қабілетін арттыру, қиялын дамыту, адамгершілік пен шындыққа тәрбиелеу мақсатында ертегіні дауыстап оқу шарасы өтті.

Кітапханашымыз Розаның ұйымдастыруымен өткен шарада алдымен "Ерте, ерте, ертеде..." бұрышы жасақталса, халқымыздың ауыз әдебиетіндегі ең бай асыл мұраларының бірі – ертегі туралы кеңінен айтылып, "Жыл басына таласқан хайуанаттар" туралы ертегісі дауыстап оқылып, тыңдалды. Балаларымыз кезек-кезек дауыстап оқып, өзара пікір алмасты. Балалар ертегіні мәнерлеп оқумен қатар, ертегі кейіпкерлеріне дубляж жасауды да көрсете білді.

Сөйтіп, халқымыздың асыл мұрасы – ауыз әдебиеті ертегілерін дауыстап оқу арқылы бүлдіршіндер ұшқыр ойын, сөздік қорын шыңдап, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырды.

Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісі

Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтыпты:

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – дейді. Түйе айтады:

— Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық. Сныр айтады:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, күрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық. Қой айтады:



Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

1-Наурыз
«Алғыс айту» күні

Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет: бүгін кітапханамызда 1-Наурыз

«Алғыс айту» күніне орай 2-4 сыныптар арасында кітап көрмесі болып өтті. Көрмеге алғыс айту, салт-дәстүр, кішіпейілділік туралы кітаптар, суреттер қойылды. Балалар алғыстарын айтып видеоролик түсірді.

Максаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Кітапханашы:

Ардақты оқырмандарым, құрметті балалар, ұстаздар! Сіздерді келіп жеткен 1 наурыз – Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Алғыс айту күні ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні.

Бұл мереке тағдыр талкегімен Қазақстан жеріне қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқына деген терең тағзымның белгісі болса керек.

1 наурыз – Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сондай-ақ бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді. Айтулы күн жақсылықты бағалай білуге, әр іске жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Кең пейілді қазақ халқы қашанда әрбір игі іске ризашылығын білдіріп, алғыс айтып отырған. Осындай құндылықтардың қадіріне жете білген елдің қашанда келешегі кемел болары анық.

Ендеше, көңілді жадырататын жақсылық істеріміз бен айтар алғысымыз көп болсын. Сіздерді елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған айтулы мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ - береке тілеймін!

«Қалын қалай оқулық» рейд



Кітапханашы: Н.Мырзабек

Мәлімет:

«Қалың қалай оқулық?» оқулықтарға рейд

Білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету мақсатында.

Мектебімізде қаңтар айының 10-11 күні 1-11 сыныптар арасында «Қалың қалай оқулық?» атты рейд тексеріс жүргізілді.

Рейд тексеріс кезінде кітапханашылар мен мектеп белсенділері мектеп бойынша барлық сыныптарды аралап, оқулықтарды тексеріп өтті.

Тексеру барысында бастауыш сыныптар бойынша 4 оқушыға, 5-7 сыныптар бойынша 15 оқушыға, 8-11 сыныптар арасында 7 оқушыға оқулықтар күтімі жөнінде қатаң ескертулер жасалды.

Осы жағдайларды ескере отырып сынып жетекшілері оқулықтарды дұрыс пайдалану жөнінде оқушыларға және ата – аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізісін деген ұсыныс айтылды. Әр оқушы сабақ кестесі бойынша мектепке оқулықтарды міндетті түрде әкеліп пайдалану қажет. Осыны пән мұғалімдері де сабақ барысында дұрыс қадағалау керек.

Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалтқаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Құрметті білім алушылар мен ата-аналар! Оқу әдебиеттері-табысты оқудың шарты. Әрбіріміз таза және ұқыпты кітапты қолымызда ұстағымыз келеді, ал ол үшін оны сақтау керек. Оқулықтарыңыз қандай жағдайда екенін қараңыз! Оқулықтар оралып, таза болуы керек.!

Іс-шарадан суреттер:

«Абайдың қара сөзі- тәрбие көзі»

Кітапханашы: Н Мырзабек

Мәлімет: Бүгін Наурыз айының күні кітапханамызда 5-9 сыныптардың қатысуымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі-тәрбие көзі» атты Жарыс-эстафета болып өтті.

Мақсаты:

Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жырға тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, слайдтар, Абайдың суреттері, шаңырақ астындағы киіз үйдің көрінісі.

Өту барысы:

Музыка ойналып тұрады.

Жүргізуші:

Көп адам дүниеге бой алдырған.

Бой алдырып аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы.

Өлмей тұғын артына сөз қалдырған,-деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жарымен де бізбен бірге.

Қазақтың ұлттық философиясының негізін салушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған кемеңгер ойшыл, данышпан ақын тарихи тұлға- Абай Құнанбаев.

Абай ауқатты отбасынан шықса да халқына үнемі жақын болды, олардың дауын даулап, мұнын жоқтады. Мұны оның мына өлеңінен көруге болады:

...Кедейдің өзі жүрер малды бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып.

Тонған иін жылытып, тонын илеп,

Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы.

Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.

Бай ұлына жалшы ұлы жалынғышты,

Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Құрметті әдебиет сүйер қауым! Қазақтың бір туар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана гұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Абайдың қара сөздері – тәрбие көзі» атты жарыс, эстафетамызға кешімізге қош келдіңіздер!

Улы ақын, ағартушы Абай мұнақа саласында да айта калғандан мұра қалдырды. Оның асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса Абай өңдерінің бізге толық жеткен себебі – олардың ханықтың жүрегінде сақталуға санысы сай келетін шығармалар болғандығында, қалық санаданан өңіпес орын алғандығында. Абайдың қара сөздері сайыстан бастайық.... Сайыс ережесі:

Қара сөздің басын бастаймын, сендер ары қарай жалғастырыңдар.....

Кітапханашы: Бүгін 21- ғасырбасында біз Абайдың шығармаларынан қазаққа қажет руханилықты табамыз. Бізден кейінгілер де өздеріне қажетін табатыны сөзсіз. Себебі, Абай адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап береді.

Көрігі көңілде жыр, қолда қалам

Өмірдің өріне өрлей басқан қалам

Қазақтың өлеңінің ұла атасы ,

Ол- Абай, Ұлты- қазақ, Аты- Адам.

Абай Өлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар « Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы тұлғама тереңінен тек дәм татқан сияқтымыз. Сол себептен Абайды оқудан , білуге , ұмтылудан , ізденуден жалықпайық. Кешімізді Абайдың «Желсіз тунде жарық ай» әнімен аяқтайық.



« Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп» КММ
Кітапхана жұмысының айлық жоспары

Сәуір айы
2024-2025 оқу жылы

№/с	Тақырыбы:	Мақсаты:	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындальы	Жауапты
1	1-сәуір Тілендіен Нүрсен Атабайұлы, 100 жыл	композитор, дирижер, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның халық каһарманы, туралы оқырмандарға мәлімет беру	Дөңгелек стол		5-7 сыныптар	Кітапханашы
2	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күнi "Кітапхана- күнi шұғыл білімшi" балалар мен ата- аналармен бірге дөңгелек үстел	Кітап – сарқалмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кішкентай адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Ата-аналар арасында балаларға кітап оқуының қажеттілігін насихаттау.	Кітап көрмесі, дөңгелек үстел		5-9 сыныптар	Кітапханашы
3	«Ғарышқа ғимн салған қаған қазық» Төстәр Әубәкіров туралы мәліметтер	Ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастырып, ғарышкерлерге деген құрмет сезімін арттыру.	Кітап көрмесі		7-8 сыныптар	Кітапханашы
4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы анықтамалық Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығы	Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру. Адамгершілік қасиеттерге не жаң-жаңды адамға және тұлғаны тәрбиелеу.	Әдебиет көп		5-6 сыныптар	Кітапханашы Салтып Жетекші

Кітапханашы: Мырзабек Нәзімә



Б.Құлайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

Нұрғиса Тілендиев Атабайұлы, 100 жыл

Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет: Сәуір күні 5-7 сыныптар оқушыларымен Дөңгелек стол өткіздік.
Тақырыбы: Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы, 100 жыл
(1925-1998)

Мақсаты: композитор, дирижер, КСРО және
Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның халық қаһарманы, туралы оқырмандарға
мәлімет беру

Өмірбаяны

Шапырашты тайпасының Шам руынан

Туып өскен жері - Алматы облысының Іле ауданына қарасты Шілікөмер ауылы.

Топырақ бұйырған жері Жамбыл кесенесінің іргесі.

Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы консерваторисының дирижерлік факультетін
(проф. Н.П. Аносовың класы бойынша) бітірді.

Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында (1953-1961)

қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар
оркестрінде (1961-1964) бас дирижер, көркемдік жетекші.

1964-68 жылдары Абай атындағы опера және балет театрының директоры.

1968-81 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас
редакторы болып істеді.

тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары
оркестрінде (1981-1998) бас дирижер қызметін атқарды.

Жары Тіленді келіні Дариға - актриса.

Қызы - Тіленді Динара.

Туындылары

Нұрғиса Атабайұлы қазақтың музыкалық мәдениетіне композитор, дирижер,
орындаушы ретінде өшпес із қалдырған суреткер. Ол 500-ден астам музыкалық төл
туындылардың авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да қайран қалдырады:
ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера, балет. Сүйікті шығармаларынан

«Достық жолымен» (1958)

«Менің Қазақстаным» контатасын (1959)

К.Қожамяровпен бірлесіп жазған «Алтын таулар» операсын (1961)

«Ата толғауы»

оркестр үшін жазылған шығармаларын (1962)

«Халық қуанышы» (1963)

«Қайрат» (1964)

«Женіс солдаты» (1975) сияқты увертюраларын атауға болады. Оның

«Аққу»

«Аңсау»

«Арман»

«Ата толғауы»

«Әлкисса»

«Қорқыт туралы аңыз»

«Көш керуені»

«Махамбет»

«Фараби сазы» сияқты күйлері

«Саржайлау»

«Алатау»

«Ақжайық»

«Ақ құсым»

«Өз елім» сияқты ондаған әндері халықтық бояу нақышының қанықтығымен, өзіндік қолтаңбасының айқындығымен жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын рухани қазынасына айналған. Мұның сыртында қырықтан астам пьесаға және жиырмадан астам фильмге музыка жазған.

Нұрғиса Атабайұлы музыкасын жазған М.Әуезовтың, Ш.Аймановтың, Т.Ахтановтың, Ә.Тәжібаевтың пьесалары, сондай-ақ

«Қыз Жібек»

«Қилы кезең»

«Менің атым Қожа»

«Қарлығаштың күйрығы неге айыр»

«Ақсақ құлан» фильмдері әлдеқашан қазақ сахнасы мен экран өнерінің классикасына айналған.

Ол Абайдың

«Әсемпаз бөлме әрнеге...»

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім...»

«Ішім өлген, сыртым сау...»

«Қызарып, сұрланып...» өлеңдеріне ән шығарған.

Сонымен қатар қазақ ақындарының өлеңдеріне

«Ғашыққа мойын қой»

«Абай арманы»

«Әйгерімнің әні»

«Ақынның пайғамбары - Абай ата» әндерін жазды.

Музыкалық мәдениет

Нұрғиса Атабайұлы қазақтың музыкалық мәдениетіндегі сал серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Ол өнер туындату барысында уақыттың идеологиялық өктемдігіне, ассимиляцияшыл әсіре үрдісіне мүлде мойын ұсынбастан, өзінің тәнір дарытқан төлтума қалпынан қылдай ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қала алды. Бұл ретте, Нұрғиса жерден қуат алатын Антей сияқты, қазақтың музыкалық дәстүріне табанын нық тіреп тұрып, өзінің арман аңсарын еш жасқанбастан дыбысқа айналдыра білді. Ол өз заманының музыкалық танымын терең игерген кәсіпқой музыкант бола тұра суырыпсалмалық дәстүрді ұдайы шабыттығы етіп отырды. Былайша айтқанда, көргенді күйттеп, естігенді жаттап отыратын оркестрлік қасандыққа Нұрғиса буырқанған шабыт еркіндігін дарыта білді. Бұл ретте, Нұрғиса сахараның ақ бас абыздары сияқты, өз үнін көп дауысқа тұншықтырмай, өз лебізін көп данғазаға ілестірмей, қазақтың дәстүрлі музыкалық

тіліндегі дарашыл қасиетті (монодийность) тәу етіп өтті. Нұрғисаның композитор, дирижер, орындаушы ретіндегі ойы көпке ортақ, тілі көпке түсінікті. Егер, салсерілер өнері адамның жан жүрегіне бағытталуымен дараланса, сол ұлы дәстүр Нұрғисаның да барша шығармашылық болмысында аста төк болып, шалқып шашылып жатты. Дәл осы тұрғыда Нұрғиса қазақтың дәстүрлі музыкасының әрін тайдырмастан, нәрін жоғалтпастан тек қана өзіне тән профессионализмді қалыптастыра алды.

Толығырақ

Н. Тілендиев тұңғыш рет қазақтың төл музыкасын төл аспаптарымен оркестрлік үлгіде дыбыстау арқылы, әрі қалай дамытудың тамаша үлгісін көрсетті. Енді, орындаушы Нұрғиса, яғни домбырашы Нұрғиса туралы. Қашанда айғаксыз деректің бәрі қиялмен қосылас, болжаммен кіндіктес. Айғакты дерек атаулы шын тарихтын тапжылмас іргетасы. Қазақ мандайына біткен ұлы күйші – композиторлардың, шүкір қатары қалың. Бүгінге жеткен күй мұрасына да кенде емеспіз. Дегенмен, сұлулыққа інкәр көңіл кейде қиялдайды: шіркін – ай, осынау күдірет күйлерді сол шығарушы күдіреттердің өзі қалай тартты екен деп. Өкініштісі, арыдағы дәулескер күйшілерден жеткен «қолтанба» жоқ. Қолдан – қолға көшіп жеткен күйлеріне қанағат. Домбырашы – орындаушылық өнерді көксегенде де, сол көненің күйлерін көкірегіне қонақтатып, бүгінгі күнімізге жеткізген санлақтардың өнеріне жұбанамыз. Жай ғана жұбанып қоймаймыз, орындаушылық ұлы дәстүрдің жығасы қисаймай, барша сән – салтанатымен, барша шеберлік – шалымымен жеткеніне де күмәнсіз сенеміз. Сендірмей қоймайтын күдірет – бүгінгі күй құмар қауым Дина Нұрпейісқеліні, Қали Жантілеу, Әбікен Хасен, Жаппас Қаламбай, Төлеген Момбек, Нұрғиса Атабайұлы, Мағауия Хамза, Ырысбай Ғабди, Қаршыға Ахмедьяр, Әзидолла Есқали, Талас Әсемқұл, Шәміл Әбілтай, Секен Тұрысбек, Сыматай Үмбетбай, Мұхаметжан Тілеухан сияқты күйші – орындаушылықтың жылжыған жорғасы мен жылмиған жүйріктерін естіп – көріп отыр. Бұлардың әр қайсысы бір – бір мектеп, әр қайсысының саусағына ілесіп сан ғасырдың шеберлік – шалымы жеткен. Сонан соң, бұлардың бәрі де жай ғана жаттап тартатын жайдақ орындаушылар емес, күйші – орындаушылар. Яғни, күй туындататындар, содан да, олар тартатын күйінің ішіне түсіп, кейіпкеріне айналып тартады. Олар арыдағы күдірет күйшілердің өзі тіріліп келіп тыңдаса, өкіндірмейтін дүлдүлдер. Міне, осындай дүлдүл орындаушылардың бірі ғана емес, бірегейі – Нұрғиса. «Солақайдың сойынан сактан» дегендей, Нұрғиса солақай домбырашы болған. Мұның өзі он қол саусақтарының пернелерге қапысыз қадалатын икемділігін пайдаланып, мөлдір дыбыстар шығаруына дес берген сияқты. Ол бар айтарын домбыра арқылы жеткізген қайталанбас домбырашы.

Күй сезіну

Қазақ домбырашылары күй өнерін көз арқылы, қол арқылы және құлақ арқылы жұғады деп отырады. Осылардың ішінде күйлі құлақпен сіңіретіндердің жөні бөлек. Себебі, көз – көргенінен танбайды, қол – ұстағанынан – айырылмайды. Яғни, күйді көз бен қол арқылы жұғысты еткендер, әдетте, қасаң қайталаушылыққа ұрынады. Ал, құлаққа сіңген күй, сөз жоқ, санаға да сіңеді. Санаға сіңген күй жүректі тербеп, жүрекпен тартылмақ. Нұрғиса болса, күйді құлақпен сіңіріп, жүрекпен тартатын

домбырашы. Оның тартқан күйлері жүректен шыққан сон да жүректерді баурап жатады. Нұрғиса домбырашы – орындаушы ретінде қазақтың күйшілік мектептеріне тән төл ерекшеліктерді терең танып – түсінген; сол танып – түсінгенін дыбыстай алар әдіс-тәсілдерді қаныссыз меңгерген. Ол Алтайдың тік күйлерін, Арканын қоңыр күйлерін, Сыр бойының бойдауық күйлерін, Жетісудың жайсан күйлерін, Атыраудың адуын күйлерін тартқанда, солардың қай-қайсысының да әрін тайдырмай, нәрін жоғалтпай, сәні мен салтанатын келістіріп тарта алған санаулы ғана саңлақтардың бірі. Егер Нұрғиса композитор да болмай, қоғам қайраткері де болмай, тек қана домбырашы – орындаушы болса, ол сонда да қазақтың мәдени – рухани шежіресіндегі көрнекті тұлға ретінде төрден орын алар еді.

Дарын

Тіленділуді Нұрғисаның бойындағы осындай Тәңір дарытқандай көп қырлы, алуан сырлы аста-төк дарынның сыр-себебі кім-кімге де ден қойдыртса керек. Әрине, ондай сыр-себептің негізі қашанда туған топырақ, шыққан тек, өсіп-өнген ортамен кіндіктес. Бұл ретте, Нұрғисаны жарық дүниеге келген сәттен бастап-ақ әнге бөлеп, жырмен құлдақтап, күймен тербеткен Жетісудың өнерпаздық дәстүрін тағдырлы себептің зоры десе жөн. Мұндайда көктей шолып болса да, Жетісудың өнер мектебіне тұғыр болған тұлғалардың атын атап, түсін түстеп өті қажет. Бұл ретте, әрине, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Бақтыбай, Бармақ, Үмбетәлі, Қалқа, Кенен, Қуат, Балтағұл, сияқты айыр көмей акындар, Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты от ауызды, орақ тілді шешендер, Канадан, Байсерке, Бердібек сияқты дәулескер күйшілер, Дәурен сал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек сияқты толлықсып-бұлықсыған сал-серілер, Ұлбике, Әлмен, Аккүміс, Ләтипа, Жаңылдық сияқты жетпаңдай қыз-келіншектер алдымен еске түседі. Олар қалыптастырған ұлы өнер мектебі, ұлағатты өнеге Нұрғисадай туа біткен дарынды жөргегінде тыныш жатқызуы мүмкін емес еді. Осы орайда, Нұрғисаны ақ көйлекпен туған, ақжолтай жан деуге болады. Ол өнерпаздықтың ұлы дәстүрін талбойына сіңірген әкесі – Тілендінің бауырында өсті. Тәңірдің тіліндей күй сарындарын әке алдында отырып бала көкірегіне қонататты. Нұрғисаның анасы Салиха әйгілі Кенен ақынның қарындасы, ол кісі де төңірегін әншілігімен тәтті еткен. Сол кісінің сызылта салатын сұлу әндеріне бала Нұрғиса жан-жүрегінен тербеліп өсті.

Мүшел жасқа толар-толмас кезінің өзінде-ақ ауылындағы қазақ пен қырғыздың, орыс пен татардың музыкалық аспаптарын тегіс қолынан өткізіп, алуан түрлі ән мен күйді құйқылжыта тартқанда ауыл-аймағы аузын ашып, көзін жұматын болды. Есейе келе Нұрғиса әншіліктің ақынғы Кененнен бата алып, жыр жампозы Жамбылдың сарқытын ішті. Мұның бәрі де Нұрғиса өнерпаздығының себепшісі, бастау бұлағы деуге әбден болады. Алайда, үлкен өнердің сара жолына қадам бастыртқан, тағдырдың жазуындай орайлы сәтке Нұрғиса он төрт жасында кезікті. Кезігушісі – қазақ музыкасына пайғамбардай шапағаты тиген әйгілі Ахмет Жұбан еді. Жеті қабат жер астынан жаңа ғана бұлықшып шығып, бұлаға ағып, енді ғана жұлға тарта бастаған кәусар бұлақтың тегеурінін жазбай танитын қарт бағбан сияқты, бала Нұрғисаның бойындағы бұла дарынды дана Ахмет те бірден таниды. Таниды да, Нұрғисаны қолынан жетектеп алып келіп, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің

домбырашылар тобына қосады. Бұл, жазмыш дегенді қойсайшы, оркестр құрамындағы өңшең дәм-нескер домбырашылардың ішіндегі домбырашылықтың дүлдүлі Қали Жантілеуінің өң жағынан Нұрғисаға орын тиеді. Қалидың алдын көрген күйме құлақ Нұрғиса кешікпей-ақ, бұрын күйлі қызағын тартса, енді күйлі құнығын тартатын болады, бұрын күйлі еліріп тартса, енді күйлі елігін тартады. Міне, осының бәрі де Нұрғиса әлеміне тапжылмас тұғыр болды, осының бәрі де Нұрғиса дарынының саржылмас қайнар көзі еді.

Тілендірлім Нұрғиса өзінің барша қабілет – дарының халқының рухын асқақтатуға арнады. Бұл жолда ол халқымен етене тіл табысып, халқының сырласы да, мұңдасы да бола алды. Оның музыкасы баланың да, дананың да жүрегіне жол тауып, дүйім жұрттың рухани жан серігіне айналды. Ол атақ – данқ іздеген жоқ, атақ – данқ оны іздеп тапты. Қазақстан композиторларының ішінде тұңғыш рет Халық қаһарманы атағын алды. Кез – келген кесек дарынның күмәніз орындалатыны сияқты, бұған дүйім жұрт қалтқысыз көңілмен қуана қол-соқтырған Нұрғисаны біртуар дарын, қайталанбас тұлға ретінде көзінің тірісінде – ақ әйгілі замандастары бірауыздан мойындады. Олар Нұрғисаны мақтаған жоқ, халықтың мәдени – рухани өміріндегі құбылыс ретінде Нұрғисамен мақтанды.

Ұлылардың сөзі

Жамбыл Жабаев:

« "Менің ием, жолбарысым Тілендінің баласы Нұрғисаға кетті. Түсімде соның алақанын жалап тұр екен. Ендігі несі сол болар». »

Дінмұхамед Қонаев:

« "Музыка – адамзаттың әмбебап тілі ғой. Ол біздің жан – дүниемізді байытып, әсіресе, ұлттық сана – салтымызға бәулитын сиқырлы күш. Мен Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын тыңдаған сайын осындай ойға калам». »

Нұрсұлтан Назарбаев: «Тілендиев жазған күйлер тыңдаушысын қуанта да алады, жұбата да біледі: толғандыра отырып ойландырады; әлдилей отырып әдемі әсерге бөлейді, онда атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік асыл қасиеттер, ипабат нұрымдері, мейірім мен рахым шапағаты жаныңды баурайды; онда мұқалмас жігер, қанаттандырар қайрат, өрлік пен өжеттік, ұлттық рух, намыс бар; меніңше, Тілендиевтің күйлері бүгінгі тыңдаушысын қалай бейжай қалдырмаса, енді он, жырға, жүз жылдан кейін де дәл бүгінгі күдірет күшін солай сақтайды; өйткені ол ықылым заманғы бабалар рухымен, арман – мақсатымен сабақтас».

Қанабек Байсейітов:

« "Нұрғисаның тұла бойы толған дыбыс қой, оның денесінен бір жапырақ етті үзіп алып, лақтырып тастасаң, ол екеш оған дейін бүлкілдеп, өлең айтып жатады». »

Әбілжәмил Нұрпейісов:

« "Нұрғисаның талантты екенін, тұла бойы толған ән, әуен, саз екенін білу үшін онымен бір рет диалдасып, кездессе де жетіп жатыр... Осы бір аюқарқын, аржайым, ашық жігіттің қарапаймы дыбысқа қалай жан бітіріп жібергеніне таңданасың. Еш нәрсеге көңілі селт етпейтін осы дүниедегі ең бір енжар, самарқау жүретін кісіні де жағасынан ұстап алып жұлқып – жұлқып қалғандай, күдіретті күшті қапатып жіберетініне сенер – сенбесіңді білмейсің». »

Еркеғали Рахмадиев:

« "Н.Тілендиев бір ғасырда бір туып, ғасырлар бойы өзінің өнерімен халқының ортасында өмір сүретін тұлға». »

Әбін Кекілбаев:

« "Домбыраша Нұрғисаның қолына домбыра тисе, теңіз төрінде дауыл көтерілгендей, алай мен дүлейдің аласаңыранына түсіп, дирижер Нұрғисаның қолына оркестр тисе, Алатау жапырылып, Атлант сапырылып кеткендей, аламан – асырдың астында қалдырып, композитор Нұрғиса билік алса, аспан ашылып, шуақ шашылып, дүние жарқырап жүре беретін қазіргі дәуірімізді көре қалғандардың өксімей, ести қалғандардың көксемей өтуі еш мүмкін емес. Жүректің дүлгіріне, қиялдың қиярына, арманның тұңғығына ондай терең бойлай алатындар тым сирек еді – ау». »

Мырзатай Жолдасбеков:

« "Нұрғиса Тілендиев – қазақ даласын сахнаға айналдырып сазға бөленен жасампаз; музыка өнерінің ашылмай кеткен жұмбағы, шешілмей кеткен сыры; таусылмайтын кені, тот баспайтын асылы, сарқылмайтын бұлағы, сөнбейтін шырағы, талмайтын пырағы, қалқайған құлағы; лапылдаған жүрегі, құламайтын тірегі, ақиқат шындығы, асқақ үні; алтын дінгегі, мінсіз ұстасы; өшпейтін өнегесі, азбайтын рухы; әннің тіккен туы, асқар тауы, күйдің соққан желі, қара дауылы, ақ бораны; мауқымызды басқан, әні елге ем болған балгер; бармағынан бал тамған аркалы домбырашы, кеудесінен күй қоздаған күй – күдірет». »

Жәнібек Кәрменов:

« "Сөз жоқ, Нұрғиса Тілендиев окшау дара тұлға. Зор талант несі. Халқымыздың ақындық, әншілік, шешендік, күйшілік, композиторлық рухы, күш қуаты бір басында тоғысқан жаратылысы жомарт біртуар жан». »
Осы ой – толғамдардың алып – қосары жоқ, бәрі де ақиқат сөздер. Ойдың орамын Тілендіұлы Нұрғисаның өз сөзімен түйіндеуге болар: «Кейде мен өзімді әке – шешелен тумағандай сезінем. Өйткені, халық алақанына салып, өмір бойы аялап келеді.» - дейді екен. Бұл да шығар күндей шындық.

«Арман»

Бір ауылда той болып, сол тойға Тілендіұлы Нұрғиса арнайы шақырылыпты. Өзі той болған соң, оған Нұрғиса шақырылған соң, әрине, күй тартылады. Күйді, әрине, Нұрғиса тартады. Елдің де күткені сол, күй тартылған сайын тыңдаушы жұрттың айызы қанып, желпіне түседі. Жұрт желпініп, қошамет көрсеткен сайын Нұрғисаның аркасы қозып, домбырасын қырық құбылтады. Тыңдаушының делебесі одан сайын козады. Жұрт осылайша маз-мейрам болып жатқанда, бір ақ сақалды қарт құйған мүсіндей болып, шеттеу отырады. Бейне бір тас керең адам секілді, тартылып жатқан күйге селт етпейді. Әрбір күйді тартқан сайын қолпаңтты қардай боратқан көпшілік Нұрғисаны одан сайын қолқалай түседі. Еті қызып алған Нұрғиса домбыраны төсіне қойып, басына шығарып, шырақ үйіріп тартады. Тыңдаушы көпшіліктің есі шығып, одан сайын үздіге түседі.

Тек, алгі шеткерірек отырған ақ сақалды қарт сол құйған мүсін сияқты қалпынан селт етер емес. Нұрғиса болса арқаланып алған, домбырасын одан сайын бебеудетіп,

одан арман бейнделеті түседі. Әлден уақытта делебесі қозған бір жас жігіт: «Нұрғиса, сіз күйді башайыңызбен тарталы дейді ғой, башайыңызбен тартыңызшы!» деп өзеурейді. Нұрғиса болса сұраушыны жалындырмайды, кебісті қағып тастай, домбыраны башайымен қағады. Жұрт қыран-топан, айран-асыр, тап-тамаша.

Бірақ, шеткеріде отырған қарт қана, селт етпестен, сол тұнжыраған қалыңнан танбайды. Содан, күйдің неше атасы тартылып, әннің неше атасы айтылып, тыңдаушының құмары қанып, түннің бір мезгілі болған кезде Нұрғиса тынығып, дем аумақшы болады. Қонақтарды алдын-ала сайланған үйлерге бөліп-бөліп жатқызу үшін тарата бастайды. Нұрғиса болса, бағанағы күйтан мүсіндей тұнжыр қарттың үйіне бөлінеді. Үйге келеді. Тап-тұйнақтай қонақ түсетін үй екен. Нұрғисаның көзіне төрде ілулі тұрған қозы қарын қызыл домбыра алдымен шалынады. Домбыра көрсек Нұрғисада тағат қала ма, қызыл домбыраны қолына алып, шертін көрсек, домбыраның көмейі күмбірлеп, көкірегі өкпиді екен. Нұрғиса қыңқып кетеді де, үй иесіне: «Ақсақал, бір күй тартып берейінші!» дейді. Үй иесі самарқау қалпымен Нұрғисаның бетіне барлай қарап алады да: «Тартсаң тарт, шырағым. Тек, үйдің берекесін алмай, адам құсап тартшы!» - дейді. Қарттың үні мүлде түңілгендей, дені дұрыс күй тыңдаудан күдерін үңгендей болып естіледі.

Нұрғиса болса дүние төңкеріліп түскендей «Ах!» дейді. Күн ұзынғы қолпаштың, күн ұзынғы марапаттың бәрі желге ұшқандай, бәрі жалған сияқты жаны құлазып сала береді. Ол аздай-ақ, сол сәт әкесі Тіленді марқұмның дәл жаңағы қарт сияқты «Күйдің берекесін алмай, күйін келтіріп тартар бәлар» деп отыратын сөзі есіне түсіп, одан сайын құмғағыды. Тап бір әке өсиетін аттанғандай, күйші әкесінің арманына қылау түсіріп алғандай, жан-дүниесі әп-сәтте әңгір-дәңгір болады. Сол сәт көкірегінен «Ах, арман-ай!» деген сөздің қалай лықсып шыққанын өзі де аңғармай қалады. Нұрғиса тұғырдағы қырандай дүр сілкініп, есін жияды. Сол қалыңда домбыраны үгітіп жіберердей құшырлана бауырына басып отырып, жөргектен құлағына еңген ескі сарынды сұңқылдатып қоя береді. Күй қолымен емес, жүрегімен тартылады. Тереңнен тепсініп шыққан шұңғыла сарын гөй-гөйлеп, небір нақылшты иірім-қайырымдар өзінен-өзі құйылып арманымен қауышқандай сезіне беріледі.

Күй аяқталады. Нұрғиса қарсы алдында қалыңнан отырған қартқа қарайды. Қарттың қабағы ашылып, жанары шоқтай жайнап, мүлде басқа күйге түскен. Сол қалпы ботадай елпілдеп: «Ой, бәрекелді, өркенің өссін, қарағым!» дейді. Нұрғиса сонда ғана өзіне өзі келгендей болып, көңілі орнына түседі...

Сөйтсе, бұл қартыңыз соғысқа барғанға дейін тыңдаушысын тәпті еткен дәулескер домбырашы екен. [Соғыстан сол қолы шынтағынан кесіліп оралыпты. Қол кесілгенмен, көкірек сау, күйге ынтық көңілін өзінше аулап, домбырасын баптап қояды екен. Міне, осы қарттың алдында тартқан күйін Нұрғиса кейін «Арман» деп атап жұртқа жайса керек.

Марапаттары

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

“Кітапхана-күн шуағы білімнің”



Кітапханашы: Н.Мырзабек.

Мәлімет:

2- сәуір күні кітапханамызда «Балалар кітапханасы» бағыты аясында 2 сәуір- Халықаралық балалар кітабы күніне арналған 5-9 сынып оқушыларына, оқырман ата-аналарына “Кітапхана-күн шуағы білімнің” ат кітапханаға саяхат сабағы өтті. жасалып, оқырмандарға көрме туралы хабарлама жүргізілді. Іс-шара барысында оқушылар: жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып, викториналық сұрақтарға жауап берді. Кітапханада кітаптар көрмесіне шолу жасап, Г.Х.Андерсеннің кітаптарымен және бала арналған журналдармен таныстырды. Арнайы код белгісі ілініп, сол код қажетті шығармаларды тауып оқуға кеңес берілді.

Мақсаты:

Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілеті ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы түсіндіру. Ата-аналар арасында балаларға кітап оқудың қажеттілігін насих

Барысы:

Әдісі: пікірталас

Көрнекілігі: Ұлы адамдардың кітап, оқу-білім туралы сөздері, интерактивт

Барысы:

Кітапханашы:

Кітап та алма ағашы,

Жемісін біздер теретін,

Тәтті алмаға балашы,

Кітабыңның әр бетін, -деп Мұзафар атамыз жырлағандай, әдеби кітаптар ж оқулықтар сендерге білім көзі, рухани қазына. Біз кітап арқылы бастауыш класстардың өзінде – ақ бүкіл адамзаттың мәдениетімен таныса бастаймыз. Б рухани өмірімізде кітаптың алатын орны осымен тоқтап қалмайды. Алға ба сайын кітап біздің айнымас серігіміз болып қала береді. Кітап білімімізді молайтады, кітаптан көп үлгі – өнеге аламыз. Оқыған-тоқығаның көп болса, жеңбейтін жау, алынбайтын қамал жоқ. «Батыр бірлі жығар, білімді мыңды жығар», - деген халық даналығы бекер айтылмаған. Ендеше, кітап біздің сарқ рухани қазынамыз екен.

Кітапханашы:

Армысыздар қонақтар, оқушылар!

Бүгінгі «Кітап-сарқылмас рухани қазына» атты тәрбие сағатымызды Ж.Сам

Кітаптар бейне жапырақ,

Жырлайтын сырын өмірдің,

Оқисың кейде жатып ап,

-Онда мұндас болдық қой,-достым.Біздің Артықбай көзімді бакырайтып қойып,суреттерімді бастырып, бетімді шимайлайды.Адам өз мүлкіне ұқыпты ғой.Әдепті балалар көп.Мысалы,менің бір досым бар.Ол екеуміз парталас болдық.Соның иесін айт.Оқушы деп!Бүлдірмек түгілі шаң мен кір жуытпай,-Ендігі алдағы күніміз не болар екен?Мүмкін бәрімізді жинап, отқа жағар.Кі шығару үшін көп қаржы керек.Жанашыр балалар бізді түптеп,кажетке жара-Бәріміздің де арманымыз сол.Білімге қызығатын ұқыпты балалардың қолы түссек екен.

-Иә,достар,кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін.

Жүргізуші: Міне,балалар,арамызда кітапты ұқыпты,таза ұстайтын және кітап ұқыпсыз қарайтын балалар да кездеседі.

-Кітап-білім бұлағы,

Білім өмір шырағы,

Деген сөзді мен ұқтым,

Биікте ол тұрады,-дегендей енді «Кітап емханасы» деп аталатын көрініспен т сағатымыздың 3-ші бөлімін бастаймыз.

Кітапханашы:

-Балалар біз кітаптан барлық жақсылықты аламыз.Сондықтан оған біз де көмектесуіміз керек.

Дәрігер келеді: қолында құралдар: қайшы,желім,қағаздар,ине,жіп,мата бар.

Кітапханашы дәрігерден қолындағы кітаптардың ауруын анықтап беруін сұрайды.

Дәрігер: -Балалар, адамдар мен жан-жануарлардың ауыратыны сияқты,кітапты ауырады.

Кітаптарда мынадай ауру түрлері болады:

1.Туғаннан пайда болатын аурулар

(Яғни,баспадан дұрыс басылмаған).

2.Қартайғаннан болатын аурулар.

(Көп жыл ұсталған).

3.Жұқпалы аурулар (жыртылып,сия төгіліп немесе май қолмен ұстау т.б).

4.Дұрыс жағдай болмағандықтан болатын аурулар

(Терезенің алдында күнде көп тұруы немесе ылғал,дымқыл жерде сақталуы).

5.Бакытсыздықтан кездейсоқ болатын аурулар.

(Жығылып,батпаққа былғануы,жыртылуы т.б).

-Дәрігер кітаптың ауруын анықтау үшін тексеруден өткізеді:

А) сыртқы қабын шешеді.

Ә) кітапты шешіндіреді

Б) форзацты қарайды

В) рентгенге түсіреді

Осылар арқылы ауру кітаптың диагнозын қояды:

І.Судың әсерінен ішкі беттерінің былғануы,парақтарының бүктелуі-бұл жеңіл емделетін аурулар.

Көтеріп күйін көңілді.

Айдыны шалқар кейде бір,

Кітаптан тұнған көл дерсін.

Ауадай кәкет бейне бұл,

Татнасаң нәрін шөлдерсін! - деген өлең жолдарын оқи отырып, тәрбие сағатымыздың бірінші бөлімін бастасам.

1-оқушы: Кітап-адамның досы. Оны жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Фабрикада ол ағашты қағаз қылып шығарады. Содан соң оған авторлар жазды, сурет салады. Бастахана суреттер мен жазуларды басып, кітап етіп шығарады.

2-оқушы: Кітап-заманымыздың өмірі. Ол көрігі де, жасқа да қажет. Біз кітаппен күн сайын кездесеміз. Кітап сендердің дүниетанымдарыңды кеңейтіп, рухани жан-дүниелеріңді оятып, ертегі, әңгімелермен сыр шерткен, кітап-сенің ақылшың.

3-оқушы: Адамның досы-кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған дүние, жиган мүлкі,

Ақылшы, жанға серік, жол бастаушы,

Ақыл-ой, қазынасы, өмір көркі.

Жүргізуші: Кітап-адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Ол елді, жерлі сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап-жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді. Өздеріне белгілі 1997 жылдан бастап, төл оқулықтар шыға бастаған. Осындай көптеген еңбекпен келіп түскен оқулықтарды қыркүйек айында таратамыз. Өзінің әдемі суреттерімен, небір төгілген асыл сөздерімен, жиын да, қызықты есептерімен күлімдеп жеткен оқулықтарымыз мамырдың аяғында ренішпен, мұңды болып кітапханаға қайтады.

«Кітаптар мұны» деп аталатын әңгімесін тыңдасам.

-Беттерін шап басқан бір топ кітаптар бөлменің бұрышында жатыр. Көзін сығырайта ашып бір кітап жан-жағына қарады. Аздап керіліп, жанындағы кітапқа:

-Ей, тұрсаңшы! Біз қайда келдік? Тірімісің өзін?

-Ой, мазамды алмашы. Бұйткен тірлігі құрысын. Бұданда парактарымның жыртылып, желге ұшып кеткені жақсы еді ғой!

-Не болды соншама? Жалғыз сен деймісің?

Сосын келесі жағына бұрылып:

-Сыртың бүп-бүтін ғой өзіңнің? - деді келесі кітапқа қарап.

-Сыртымды кайтесін? Сыртым бүтін болғанымен, ішім түтін. Ана тілімің. Мені басып шығару үшін қаншама адам баласы еңбек етті. Балалар оқысын, сауат ашсын, адам болсын деген ниет қой бәрімізкі. Мен де өзімнің білімімді беруге тырыстым. Бәрімізде сондай ниетте едік. Адырбай деген баланың қолына түстім. Бір жыл болмай осы күйге түстім.

-Ал, мен Сотқарбай деген баланың кітабымын. Ол парактарымды жыртып алып, кептер жасап ұшырып ойнағанда қой демеді ғой үлкен ағасы.

2. Нәсекомдирдың зиянды әсерінен, сыртқы қабынның бүлінуі, форзацтың жартылуы, түбінің ажырауы, парақтарының босап қалуы-бұл ауруларды дәрігер мен кітап емшілері операция жасау арқылы емдейді.

Келесі кезекте кітап туралы мақал-мәтелдерге кезек берейік. Оқушылар өздері білетін кітап туралы мақал-мәтелдерді кезек-кезек айтады.

Ән: Тыңда балам, Орындайтын Сахи Ақбота

Жүргізуші: Балалар ендігі кезекте сендер үшін тыным таппай, кітапхана сөрелерін жаңа кітаптармен толтырып, әр кітапқа сендерді қызықтыра жетелеп жүрген кітапханашы апайларыңа сөз кезегін берелік.

Қорытынды бөлім.

Қазақстанның әрбір азаматы білімді, мәдениетті, өнерлі болуы керек. Ол үшін терең білім қажет. Ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқудың маңызы зор. Оқулықты бүктеп, жыртып, бүлдіруге болмайды. Өйткені, әр кітап-Отан байлығы, аға-апаларымыздың маңдай тері. Кітап-жаман әдеттерден аулақ болуға үйдейді. Арамызда кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін деген тілекпен бүгінгі дөңгелек үстелімізді аяқтаймыз.

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

«Ғарышқа ізін салған қыран қазақ»
Токтар Әубәкіров

Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет: «Ғарышқа ізін салған қыран қазақ» Тоқтар Әубәкіров туралы мәліметтер атты кітап көрмесі болып өтті. Көрмеге 7-8 сыныптар қатысты. Ғарышкердің өмірбаянымен танысып, көрмені тамашалады. Көрмеге ғарыш туралы кітаптар, суреттер қойылды.

Мақсаты: Ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастырып, ғарышкерлерге деген құрмет сезімін арттыру.

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, І-ші Май ауылында дүниеге келді. Ол кез соғыс жаңа бітіп, батырлықты, ерлікті уағыздаған уақыт болатын. Әкесі Оңғарбай мен шешесі Қамия көзге көрініп, көз жұмған 9 ұлдан кейінгі перзентіне «енді осы жаманымыз аман болсыншы» деген ниетпен азан шақырып, Тоқтар есімін беріпті. Ата-анасы ерте дүние салды. Кішкентайынан ата-анасынан айырылғаннан ба, Тоқтар бұйығы, оқшау өсті. Ол апасы Бикен мен жездесі Нығметтің тәрбиесінде болды.

1962-1965 жж. Теміртау құйма механикалық зауытында токарь болды. Есімі облыстық Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды.

1965 жылы Қарағанды облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен РСФСР-дың Краснодар өлкесіндегі Армавир қаласындағы ұшқыштар даярлайтын жоғары әскери училищеге жол тартқан. Бұдан кейінгі өсу, ержету кезінде зеңгір аспанда «МиГ» ұшағымен мінсіз ұшу, жаппай тұрмай жаттығу, тәжірибе жинақтау міндеті едәуір уақытын алған.

Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітірген (1969 ж.). 1969-1975 жж. Кеңес Одағы әскери-әуе күштерінің Қиыр шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилия командирінің орынбасары. 1976 жылы А.И.Микоян атындағы авиаконструкторлар бюросына қызметке қабылданып, ғұмырының ең қиын сәттерін бастан кешірді. Бұл тұста Тоқтар үшін өмір мен өлім ылғи қатар беттесіп отырыпты. Мәскеу ұшқыш сынақшылар мектебін (1976 ж.), Мәскеу авиация институтын бітірген (1979 ж.). Мәскеудегі А.И. Микоян атындағы Тәжірибелік-конструкторлық бюроның ұшқыш-сынақшысы. Т. Әубәкіров 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде қонбай ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды.

1991 жылы 2-ші сәуірде Кеңес Одағының Ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Зерттеу нәтижесіне Ақал үстіндегі тудың шын бұрамының пайда болу процесі, сол аңызды ауызшылдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері айыры. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды астанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. Әубәкіров 1991 жылдың 10 қазанында Жерге оралды.

Т.Әубәкіров Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауда, отандық Қарулы Күштердің әскери дәрімдігін жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

Ол 1992-1993 жж. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-ші орынбасары, 1993-1994 жж. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ақпараттық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жері технология министрінің орынбасары, 1994-1995 жж. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды.

Тоқтар Әубәкіров 45 жасында ғарышкер атанды. Ал, Кеңес Одағының батыры деген жоғарғы атақты 1988 жылы алды. Онда оған бұл биік мәртебе, жер құныш дыбыстан да шәпшаң ұшатын, мүлде жаңадан жасалған, ал сынақтан жеңді өтпеген, тағдыры беймәлім «Миг» ұшақтарын сынауды және оларды кеме палубасына қонадырып, одан ұшып шығуды қантарамақсыз өткені үшін беріліп еді. А.И.Микоян атындағы авиаконструкторлар бюросының бір құжатында бұрынғы Одақтың 26 сынақшы-ұшақышы болғандардың ішіне Қазақстанның жалғыз Тоқтар Әубәкіров қана кіргізілген. Солардың 9-ы сынақ кезінде апатқа ұшырап, қаза тапқан. Ал, қалғандары батыр атағына не болған. Тоқтар солардың бірі болыпты.

Б.Құдайыазаров атындағы негізгі
орта мектебі

Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына
135 жыл

Кітапханашы: Н.Мырзабек.

2024-2025 жыл

Малімет: «Оқуға құштар мектеп» жобасы

аясында Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына арналған әдеби кеш болып өтті. Кешімізге 5-6 сыныптар қатысты.

Мақсаты: - Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы туралы терең түсінік беру. Жазушының әдеби мұрасын негізгі ерекшеліктерін ұғындыру. Оқушылардың қазақ зиялыларының өмірі мен шығармаларымен жете танысып, ізденімпаз, шығармашыл болуға, сөз өнерін қадір - қасиетімен танысуға білімдерін жетілдіру. Оқушыларды көркем әдебиетті оқуға, адамгершілік - рухани дүние танымын байыта білуге баулу.

Кітапханашы: Сәлеметсіздер ме? Құрметті ұстаздар, оқушылар! Жастар апталығы аясында өтіп жатқан Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай ұйымдастырылған іс-шараға қош келдіңіздер! Жүсіпбек Аймауытов – XX ғасырдың басында жіктелген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол қоғамның аласапыран шындығын әдебиет әлемінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі еді.

Топқа бөлу. Оқушылар «Ғажайып сандық» бойынша шариктерді таңдап 2 топқа бөлінеді.

1-топ. «Жүсіпбек-ақын».

2-топ. «Жүсіпбек-жазушы»

Презентация көрсетіледі:

1-слайд. Жүсіпбек – жазушы, ақын, сыншы, драматург, аудармашы, публицист. Павлодар облысының, Баянауыл ауданының тумасы.

2-слайд. 1907ж Баянауылда, 1911ж Керекуде екі классты орыс - қазақ мектебінде, 1914 - 1919ж Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Семинарияда оқып жүргенде Қ. Сатбаев - пен, М. Әуезовпен танысып бірге оқиды.

3-слайд. Семинарияда оқыған жылдары «Абай» атты журнал шығарып, «Сарыарқа» газетімен қызметтес болды. Семинарияны бітірген соң (1919 - 1920ж) Семей губерниялық Атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, «Кедей таңы» атты газетінің редакторы болып жұмыс істейді.

4-слайд. 1921ж. «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922ж. Мұғалімдік ықызметке ауысқан. Пьесалары туралы түсінік Жүсіпбектің сан саналы шығармашылық мұрасының салмақты жағының бірі - оның драматургиясы. Ол қазақ әдебиетінде төңкеріс қарсаңында ғана туа бастаған осы жанрдың да негізін салушылардың қатарында аталады. Сонымен қатар Жүсіпбек - қазақтың ұлттық театр өнерінің де бастауында тұрған адам.

Кітапханашы: Сахналық көрініс. 6-сынып оқушысы Сабина «Ақбілек» роман желісі бойынша монолог оқиды. Қарсы алыңыздар.

Мынау – өзен. Өзен бойындағы ел қайда? Күздігүні бұл өзенде ел отырмаушы ма еді? Жерде жол жатыр ғой. Ойбай-ау, жақын маңдағы ел босып

кеткен екен ғой. Манифам жың ойындай қылды ғой. Мал-жанымда биік қалды ма? Талай қыз мен ерлерді сөрі қайнады ғой!

Бірақ дәл мендей болған жоқ шығар. Қоста әкелген әйел көрмедім. Оңде өлтіріп тастап жүрді ме? Орыс тіркін әйелді аймайды екен ау. Құрғыр атып атамайыныңа тағыз көлің қалыр. Олар... не болды екен? Бірденеге ұшырады ма екен? Олар кіммен соғыстап жүр. Оңде төңіректегі қазақтармен... Ой, қазақ бұлармен не қып соғыласың, не қауқары бар? Оңде қазақ біткенді қырып тастап малдарын, қыз келіншектерін тартып алғай жүр ме? Мына бәледер бірденеге кетті. Бес алтауды біресе да малтықтарымен бір тайпа ел жұртты қарар. Оңдері қорыққан кісіден алды артына қарамайды ғой. Оңде күнгі жау келіп қалды ма. Олардың жауы кім? Ойбай, ақтар қыпалдар деп отырушы еді ғой, соңғысы ма екен. Қыпал да орыс па екен. Олар қыз алып қана ма? Орыс болсаң қара мұрттай ақ бола. Бірақ ол да мені өлтіріп кетем деді ғой. Жасаған

Кітапханашы: Еңдене ойынымызды бастаймыз.

Ойынның шарты: топтар кезектесіп ұшықтар тандайды, жауап бере алмаса келесі топқа мүмкіндік беріледі.

Сұрақтары:

1. **Жүсіпбек Аймауытов кім?** қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист
2. **Туып өскен жері?** Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы.
3. **Әкесі кім?** Аймауыт
4. **Ж. Аймауытов өмір сүрген жылдар?** (1889—1931)
5. **Пьесалары?** «Қартқожа», «Күнекейдін жапағы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар»
6. **Жүсіпбекті бүркеншік аты?** Екеу
7. **1918-19 ж. Семей қаласында кіммен бірлесіп «Абай» журналын шығарды?** М. Әуезовпен
8. **Абай туралы қандай мақалалар жазды?** «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3)
9. **Абай туралы мақалаларында Абайды кіммен салыстырды?** Пушкин
10. **Арғы аталары кім?** Дөңдебай мен Қуан
11. **Білім алу жолы?** 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс-қазақ мектебінде
12. **Жазушы қай тілде хат таныған?** арабша

Әдеби кеңіс саңында оқушылар марапаттау қағаздарымен марапатталады.

Жүсіпбектің әдеби мұрасы қазақ әдебиетінің тарихи қорынан ерекше орын алатыны сөзсіз. Жүсіпбек есімін мектепке және театрға берудің өзі жазушы шығармашылығын қазақ үшін өте маңызды екенін білдіреді екенін дәлелдейді. Еңдене бұл мұраны ары қарай жалғастыру сіздерге міндет. Аймауытовша айтқанда: «Ойланыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туганбыз». Келесі кездескенше сау болыңыздар!



«Бибол Құдайназаров атындағы орта мектеп» КММ
Кітапхана жұмысының айлық жоспары
Мамыр айы
2024-2025 оқу жылы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Жұмыс түрі	Уақыты	Орындалуы	Жауапты
1	Тұңғыш Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай: «Достықтану жеріміз»	Оқырмандарға жолдасты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігіне таныту.	Кітап көрмесі		8-9 сыныптар	Кітапхананың Қазақ тілі мұқалы
2	Мұхамет Сәбит: Мұхаметтің туғанына 125 жыл Қазақстанның әйгілі жазушысы, ақын.	Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, қазақтың әйгілі жазушысы, ақын, туғанына 125 жыл (1900-1973) ықпалын шығармаларымен таныстыру.	Лого сөздер үстелі		7-8 сыныптар	Кітапхананың
3	9. Және құнымы орай «Бейбіт күн жасасын» жастың батырлар Салаты Нұрғатайбетов пен Рәхымжан Қошқарбаевтің туғанына 100 жыл	Балаларға әдебиеттің дүниесін, Отанның сүйегі, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншіліктің арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елінің жерін қастерлейтін санаты да парасаты екендігіне ұлтжанды адамға етіп тәрбиелеу.	Кітап көрмесі		6-8 сыныптар	Кітапхананың
4	«Осман қандар нектен» жобасы ақсақалы Александр Ташкенттің 155 жылдық мерейтойы.	қазіргі заманғы мұнымен таныстырып, ақсақалының ұлттық да өнерінің басын қараған этнограф Александр Ташкенттің өмірі, шығармашылығымен таныстыру.	Кітап көрмесі		2-4 5-7 сыныптар	Кітапхананың Музыка және мұқалы
5	«Кітап – білімнің қайнар көзі»	Оқушылардың жұмыс.	Оқулықтары жинау		1-9 сыныптар	Кітапхананың

Кітапхананың: Мырзабек Н.-----

Б.Құдайыназаров атындағы негізгі
орта мектебі

Александр Затаевичтің
155 жылдық мерейтойы

Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Александр Затаевичтің 155 жылдық мерейтойына байланысты Мамырдың күні 2-4, 5-7 сыныптардың қатысуымен Кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қонаққа Музыка пәні мұғалімі шақырып музыкант туралы кеңінен насихатталды.

Мақсаты: қазақ халық музыкасын зерделеп, қағазға түсіріп, ұлттық ән өнеріміздің басын құраған этнограф Александр Затаевичтің өмірі, шығармашылығымен таныстыру

Олардың қатарында фотоматериалдар, мақалалар, өлеңдер жинақтары, кітаптар және музыкант-этнографтың жеке репертуарындағы дала әуендерінің ноталық жазбалары бар. Сондай-ақ келушілер композитордың қызына жазған хаттарын, Затаевичтің 1925 жылы Әліби Жангелдинге берген қолтанбасын және қазақ әндері мен күйлерін түсіру барысында жасалған фотосуреттерді көре алады.

Айта кетейік, Александр Затаевич – қазақ кәсіби фортепиано музыкасының негізін қалаушылардың бірі. Ол 2300-ден астам музыкалық фольклор туындысын жазған. Ол «Фортепианоға арналған миниатюралар түріндегі қазақ әндері», «Қазақстандық татар әндері», «Қазақстан әндері», «Қазақстандық татарлардың 60 әні», «250 қырғыз аспаптық пьесасы мен әуені», «Түрлі халықтардың әндері», «Қырғыз аспаптық пьесалары мен әуендері» және басқа да еңбектердің авторы. Музыкант-ғалымның «Қазақ халқының 1000 әні» және «500 қазақ күйлері мен әндері» атты еңбектері – ежелгі заманнан 1930 жылдарға дейінгі барлық қазақ музыкалық фольклорын қамтитын жинақ

Александр Затаевичтің туғанына – 155 жыл Ол алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жылдың басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап А. Затаевич өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады.

ан
п,
ая
ты
ске
Сіз
әрі
здің
зды
рет

алды
ында
құра-

2024-2025 жыл

Мәлімет: Кітапханамызда Мамыр айының күні 9-Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жаевсын» атты көме ұйымдастырылды. Даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақым-жан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты.

6-8 сыныптардың қатысуымен Кітап көрмесі, библиографиялық шолу болып өтті. Батырлар туралы баяндама оқылып, Ұлы отан соғысына байланысты көрме жасалынды. Көрмеде кітаптар, суреттер болды.

Мақсаты:

Балаларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.

Рақымжан Қошқарбаев – Ақмола облысының тумасы. Астанаға іргелес Қосшы қаласының арғы жағындағы Қырыққұдық ауылында туып өскен. Қазір бұл ауыл жоқ. 4 жасында анасынан айырылып, 13 жасында әкесін «халық жауы» ретінде ұстап әкетеді. Тірі жетім қалған Рақымжан қазіргі Қосшы қаласынан 3 шақырым жерде орналасқан Тайтөбе ауылындағы балалар үйін паналауға мәжбүр болыпты. 1941 жылы 22 маусымда соғыстың басталғанын Қосшы ұжымшарында еңбек етіп жүріп естиді. Алғашқы күндерден-ақ майданға аттануға сұранғанымен, жасы жетпегендіктен оны соғысқа жібермейді. Тек 1944 жылдың аяғында ғана әскерге алынып, соғыс іс-қимылдарын 1945 жылдың қаңтар айында Польша астанасы Варшава қаласының маңындағы ұрыстың біріне қатысудан бастайды.

350 метрге созылған «сырат көпірі»

Ол алғаш келген күннен-ақ 150-Идрицк дивизиясының құрамындағы 674-полктің 1-батальоны 2-взводының командирі болып тағайындалды. Батысқа жылжыған кеңес әскері қатарында бұлар да жаумен айқаса жүріп, 20 сәуір күні Берлинге ат басын тірейді. Өліспей беріспейміз деп бекінген фашистер қаланы жанқиярлықпен қорғайды. Мұны 20 сәуірдегі артиллериялық атқылаудан басталған шабуылдың 10 күнге жалғасып, 30 сәуірде атакты «Гиммлер үйінің» алынуына дейін созылғанынан көруге болады. Жеңістің ауылы бір караганда өте жақын көрінгенімен, шын мәнінде, тым алыс еді. Жақын дейтін себебіміз – «Гиммлер үйінен» Рейхстагқа дейінгі аралық бар-жоғы 350 метр ғана болатын. Ал алыс болатын себебі – бақайшағына дейін қаруланған 10 мың фашист неміс парламенті ғимаратына бекініп алып, оқты бұршақша боратып, қыбыр еткеннің бәрін қырып салып отырған еді.

Рақымжан Қошқарбаев кейінгі бір естелігінде «Гиммлер үйінің» Рейхстаг беттегі терезесінен сыртқа секіріп түсудің өзі сырат көпіріндей қатерлі болғанын айтады. Фашистер дәл осы терезені көздеп, шыға келгеннің бәрін қағып түсіруге дайын отырған еді. Бірнеше жауынгер сол жерде оққа ұшады. Бір кезде оқ даусының

тыйыла қалғанын пайдаланған лейтенант сыртқа қарай мысықша қарғып, бір ойпаңның ішіне жата қалады. Қараса, өзімен бірге тағы бір адам секіріпті. Ол – Гриша Болатов еді. Екеуі де дін аман. Бірақ бұл Рейхстагқа дейінгі 7 сағатқа созылған ұзақ та тозақ жолының тек бастамасы болатын. 350 метр жерді Болатов екеуі 7 сағат дегенде әрең бағындырады. Бораған оқтың астынан жер бауырлап өте ақырын жылжығаны сондай, тіпті оларды өлген адам деп те ойлауға болатын еді. Ал ғимарат ішіне енгеннен кейін әр бөлме үшін болған шайкастар одан да қиындай түсіпті. Өйткені бір жағынан іштегі жау әскерімен айқасуға тура келсе, екінші жағынан сырттан Рейхстагты атқылап жатқан өз әскеріміздің оғы да тиіп кетуі әбден мүмкін болатын. Дегенмен «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, Гриша Болатов екеуі от пен түтіннің арасында атыс сала жүріп Рейхстагтың ең үстінгі қабатына көтеріледі де, ғимараттың қасбетіне алғашқы жеңіс жалауын тікті.

Еленбеген ерлік

Дәл осы күні Рейхстагтың жан-жағына 40 шақты ту ілінгені туралы деректер бар. Соның ішінде Р.Қошқарбаев пен Г.Болатов тіккен ту ең алғашқы жеңіс туы екендігіне дәлелдер жетіп артылады. Ал кейін жеңіс туын алғаш болып қалады деп танылып, Кеңес Одағының батыры атағы берілген М.Егоров пен М.Кантария шын мәнінде ол туды бірінші болмаса да, Рейхстагтың ең ұшар басына тіккен еді.

Ардагер журналист Жанболат Аупбаевтың 1984 жылы Рақымжан Қошқарбаевтан алған сұхбатында батыр одан әрі болған жағдайларды былай еске алыпты: «Сол күні де, одан кейінгі аптада да бұл оқиға бүкіл дивизия, армияға белгілі болып, мұны жазбаған газет, жоғары жаққа хабарламаған адам қалған жоқ. Қайта-қайта комиссия келіп, әлденеше беттік баянат та дайындалды. Суретке түсіріп, жеке анкетамыз да толтырылды. Тіпті 6 мамыр күні ерекше тапсырмалар жөніндегі әскери бөлім қызметкерлері Григорий екеуімізді ертіп жүріп, біздің 30 апрель күні «Гиммлер үйінің» бірінші қабатындағы қай терезеден қалай секіріп түскенімізді, сөйтіп, Рейхстагқа қандай жолдармен қанша уақытта жеткенімізді схема түрінде сызып алғаны да бар».

Оның айтуынша, басшылар бұларды Кеңес Одағының батыры атағына да ұсынған екен. Бірақ Григорий екеуінің де әкелерінің 1937 жылы «халық жауы» деп ұсталып, істі болуы салдарынан бұл шешім кейінге шегерілген. Ал ресейлік «Новая газетаның» жазуынша, 1945 жылы мамырдың ортасында Григорий Болатовты Сталиннің өзі қабылдаған көрінеді. Ол жайында досы Виктор Шуклин былай еске алады: «Гриша әкелінді. Әңгіме қысқа-нұсқа болды. «Жолдас Болатов! Сіз қаһармандық іс жасадыңыз, сондықтан Кеңес Одағының батыры атағына әрі «Алтын Жұлдызға» лайықтысыз. Алайда қазіргі таңдағы жағдайлар сіздің орныңызда басқа бір адамдардың болуын талап етіп тұр. Сіз ерлік жасағаныңызды ұмытпаңыз. Уақыт өтеді, кейін сіз «Алтын Жұлдызбен» екінші рет марапатталасыз», деді Сталин».

Дегенмен дәл осы кездесуден кейін көп өтпей Г.Болатовқа қыз зорлауға оқталды деген жалған айып тағылып, бір жарым жылға түрмеге қамалады. Ал қатарында Р.Қошқарбаев бар 674-полк 1947 жылға дейін Берлиндегі шектеуді әскер құрамында қалып, содан кейін ғана елге оралыпты.

Жоғарыдағы естелікте айтылғандай, неміс астанасындағы шайкастар аяқтала салысымен Рейхстагқа алғаш ту тіккен сайыпқырандар жайында бірнеше басылым жарыса жазған болатын. 1987 жылы журналист Ж.Аунбаевқа берген екінші сұхбатында Р.Қошқарбаев былай дейді: «2 мамыр күні Рейхстаг түбінде демалып жатқан бізге өзіміздің 150-Идрицк дивизиялық газетінің тілшісі Василий Субботин келді. Ол командирден болған жайды тәптіштеп сұрап алып, содан кейін менімен, Григорий Болатовпен сөйлесті. Ертесіне, яғни 3 мамыр күні біз сол дивизиялық «Войн Родины» газетіне ірі әріптермен жазылған листок іспеттес хабардың шыққанын көрдік. Онда былай деп жазылыпты: «Отан өз ерлерінің есімін құрметпен атайды. Кеңес қаһармандары – халықтың адал ұлдары. Олардың теңдес-сіз ерлігі туралы кітаптар жазылады, әндер шығарылады. Бұл жаужүрек жігіттер гитлеризм ордасына басып кіріп, Рейхстагқа жеңіс туын қалады. Батырлар есімін жадымызда сақтайық: лейтенант Рақымжан Қошқарбаев, қызыл әскер Григорий Болатов...».

Он жылға созылған үміздік

Иә, алғашқыда әділдік салтанат құрып, бәрі ойдағыдай басталған. Марапат өз иесін табуға тиіс еді. Алайда кейін уақыт көрсеткендей, Рейхстагқа алғаш ту тіккен адамдар ретінде мүлдем басқа жауынгерлердің есімдері аталып, Кеңес Одағының батыры атағы соларға берілді. Жоғарыда айтылғандай, Р.Қошқарбаев 1947 жылы елге оралған соң оның сол Берлинде жасаған ерлігі мүлдем ұмытылды десе де болады. Ара-тұра кейбір ресейлік газеттер ләм-мим деп қойғанымен, қазақ басылымдары мүлдем жақ ашпайды.

Тек он жыл өткеннен кейін ғана, яғни 1957 жылдың аяғында Бауыржан Момышұлы қызметінен босап, Алматыға келді дегенді естіген кейіпкеріміз оған арнайы сәлем бере барып, өзін таныстырып, әңгіме-дүкен барысында 1945 жылы 30 сәуір күні болған оқиғаның бәрін айтып береді. Сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің жауапты хатшысы Кәкімжан Қазыбаев «Кернеген кең» атты деректі хикаятында осы кездесуден кейін өзін Бауыржан Момышұлының шақырып алғанын былай еске алады: «Сендер журналист емессіңдер, қайдағы журналист?! Соғыс біткелі он үш жыл! Ана Рақымжанды көрмей жүрген неғылған журналистесіңдер?! Знаешь кто такой Рақымжан? Мен де оны бүгін бірінші рет көрдім. Сәлем бере келіпті. Білесің бе, кімнің сәлем бере келгенін? Это исторический человек!.. Берлинді алардағы, Рейхстагқа ту тігердегі қырғын – ол нағыз жойқын қырғын! Как воин, как командир я представляю что это такое, это было невероятно! Рақымжан сол тозақтың ішінде болған, сол тозақтан аман шыққан! Жеңіс жадауын тіккен! Кім үшін?!»

Міне, осылайша, көзі тірісінде батыр атағын алмаған қазақтың бір қаһарманы көзі тірісінде батыр атағын алмаған тағы бір қаһарманының тарих қойнауында ұмыт қалып, аты өшпеуіне ықпал жасапты. Көп өтпей журналист К.Қазыбаев Р.Қошқарбаев туралы жазу үшін онымен кездескенде: «1946 жылдың 9 мамырынан кейін ләм-мим деп ешкім ауыз ашқан жоқ. Содан бері көріп тұрған тілшім, тіпті қазақ баспасөзінен көріп тұрған бірінші адамым өзіңсің», деген батыр.

Содан 1958 жылғы 20 ақпан күні «Лениншіл жас» газетінде К.Қазыбаевтың «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» атты көлемді очеркі жарық көреді. Бұл соғыстан кейін

13 жыл өткенде ғана қазақ баспасөзінде ол туралы жазылған ең алғашқы мақала еді. Сол жарияланымнан кейін басқа да қазақ газеттері батыр жайында деректер бере бастаған сыңайлы. 1958 жылдың 9 мамырында «Социалистік Қазақстан» газетінде соғыста ерлік көрсеткен бірнеше жауынгердің суреттері жарияланыпты. Солардың арасында Рақымжан Қошқарбаев та тұр, оған «Рейхстагты алуға қатысушы» деп қана анықтама беріліпті. Газетіміздің одан кейінгі жылдардағы нөмірлерін ақтарып көргенде, 1961 жылдың 9 мамыр күні жарияланған «Рейхстагқа ту тіккенде» атты шағын ғана мақалаға көзіміз түсті. Авторы – Р.Қошқарбаевтың өзі. Содан бір үзінді келтірсек, былай деп жазыпты: «...Мен Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап майдандарда болып соғыспен Берлинге дейін бардым. Фашистік Германияның қанқұйлы ұясы – Рейхстагты тікелей алушылардың қатарында болдым.

...1945 жылдың 8 майы. Батальон командирі Василий Давыдов шақырды деген соң штабқа бардым. Командир мен кірісімен басымнан аяғыма дейін түгел шөлып шықты. Ол кезде бұған онша таңғалмайтынбыз. Себебі командирдің бұлай қарауы заңды, қантөгіс ауыр кезең, қазір барсың, минутында жоқсың, қатерлі күн еді ғой. Аз үзілістен кейін ол:

– Лейтенант Қошқарбаев! Гриша Булатовпен екеуіңіз Рейхстагқа ту тігесіздер. Жауынгерлік тапсырма осындай! – деп келте қайырды.

Біз бұл тапсырманы орындауға шұғыл кірістік. Біздің бөлім тұрған квартал мен Рейхстагтың аралығында ашық алаң жатыр. Жау оғы қарша борайды. Терезеден секіріп түскеннің өзі қандай қауіпті кезең десеніңізші! Бірақ бұл тапсырманы біз ажал дегеніміз жоқ, абырой, сенім деп түсіндік. Осы сезім бізді сеніммен алға жетеледі. Қызыл ту менде болатын. Бас көтерсен жұлып кеткелі тұр. Рейхстагқа бекінген фашистер үсті-үстіне атқылап, снарядтар жаудыруда.

Біз Рейхстагпен арадағы алаңда біраз отырып, түн қоюлана бергенде бірден алға ұмтылдык. Көп ұзамай Рейхстагтың іргесіне жетіп, қабырғасына қолымыз, табалдырығына табанымыз тиді. Желбіреген жеңіс туы тігілді.

Тапсырма орындалған кезде басқалар да келіп жетті. Олардың арасында аты әйгілі батырлар Егоров пен Кантария бар. Үлкен үйдің бір мүйісіне олар да ту тігіпті. Рейхстагқа шабуыл кезінде ұмытылмас оқиға осылай болған еді. Ұлы жеңіске біз өз үлесімізді осылай қостық».

Осындай жарияланымдардан кейін қазақ халқы тұңғыш рет өзінің хас батырын таныған еді. Бірақ мұнымен шектелмей, кеңес заманында Бауыржан Момышұлы, Ілияс Омаров, Жұмабек Тәшенов орталыққа дүркін-дүркін хат жазып, Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының батыры атағын әперуге талпынғанымен, бұған Мәскеу мойын бұра қоймапты. Тіпті 1980 жылы республиканың 60 жылдығын тойлауға арнайы келген бірінші хатшы Л.Брежневке де бұл туралы құлаққағыс етілгенде ол: «Тарихты қайта қарап қайтеміз» деп қысқа қайырған деседі. Осылайша, Жеңіс туын тіккен қаһарманға да, атакты Бәукенеге де бұл атақ көзі тірісінде бұйырмай кетті.

Дегенмен 1990 жылы Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Осылайша, біз өз тарапымыздан Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен батыр екенін әлемге паш етуге тырысып келеміз. Ал кеңес одағының заңды мұрагері саналатын Ресей тарапы бұны мойындады ма?

Кім бірінші?

Әрине, көрші ел ресми тұрғыда Егоров пен Кантарияны Рейхстагқа алғаш ту тігушілер деп санайды. Ресей президентінің 1996 жылдың 15 сәуіріндегі жарлығымен солай бекітілген. Бұған дейін «Кім бірінші болды?» деген сұраққа Ресей Қорғаныс министрлігінің Әскери тарих институты «Бұл мәселеде пікір қайшылығы бар» деп екіншті жауап қайтарған болатын. Дегенмен кейінгі жылдары бұл бағытта белгілі бір жылымық бары сезіледі. Олай дейтініміз, Ресейдің Сыртқы істер министрлігі бірнеше жылдан бері 30 сәуірде Р.Қошкарбаев пен Г.Болатовтың Рейхстагқа бірінші болып ту тіккені туралы ақпаратты жариялап келеді. Алғаш рет РФ СІМ 2021 жылы жариялаған мақалада былай делінген: «1945 жылдың 30 сәуірінде Рейхстагқа шабуылдау кезінде алғашқы қызыл ту ілінді. Оны 674-атқыштар полкінің жауынгерлері Рақымжан Қошкарбаев пен Григорий Болатов қалады...

Рейхстагты алудағы көрсеткен қайсарлығы мен ерлігі үшін Рақымжан Қошкарбаев пен Григорий Болатов Қызыл Ту орденімен марапатталды. Қошкарбаевқа өзінің Отаны – Қазақстанның Ақмола облысында және ел орталығы Астанада, ал Болатовқа – Киров қаласында ескерткіш қойылған».

Ал биыл 30 сәуірде Ресейдің СІМ жариялаған ақпаратта Рейхстагты алу хронологиясын былайша берген: «Қызыл армияның бөлімшелері қабырғадағы ойықтар арқылы Рейхстагқа басып кірді. Кескілескен қоян-қолтық ұрыс басталды. Лейтенант Р.Қошкарбаев пен қатардағы Г.Болатов қолдан жасалған қызыл туды басты кіреберістің баспалдағындағы бағанға бекітті. Аға сержанттар Г.Загитов, А.Лисименко, А.Бобров, сержант М.Минин Рейхстагтың төбесіндегі «Жеңіс құдайы» мүсініне аяғаш болып қызыл туды ілді.

Шатырдың батыс қасбетіне С.Сорокин бастаған 674-полктің барлаушылары үшінші қызыл туды бекітті. Батальон командирінің орынбасары лейтенант А.Берест бастаған 756-атқыштар полкінің барлаушылары сержант М.Егоров пен кіші сержант М.Кантария И.Саян ротасы автоматшыларының қорғауымен зақымдалған Рейхстагтың күмбезіне қызыл туды қалады. Осы ту Жеңіс туы болды».

Иә, Ресей тарихшылары да, саясаткерлері де соғыстың аяқталуын білдіретін Жеңіс туы Егоров пен Кантарияға тиесілі болғанын айтқанымен, оларға дейін Р.Қошкарбаев пен Г.Болатовтың алғашқы туды қадағанын ақырындап мойындап келеді. 1945 жылы майдан газеттерінде жарияланған алғашқы деректерді оқыған адамның оны мойындамасқа да амалы жоқ. Әзірге олар жалауды біресе баспалдақ бағанына, біресе ғимараттың қасбетіне ілді деп түрлі пікір айтқанымен, сол тудың алғашқы жеңіс белгісі болғанына көздері жете бастағанына шүбә жоқ.

Біз осы мақаланы дайындау барысында Халық қаһарманының Астана іргесіндегі Қыркыңшы стансада тұратын келіні Қалам Темірованың шаңырағына арнайы бас сұқтық. Ол кісі – Р.Қошкарбаевтың інісі Мұқатайдың жұбайы.

«Рақымжан ағатайым соғыстан кейін Алматыда қалды. Бірақ 9 мамырда, басқа да мерекелер кезінде Ақмолаға жиі келетін. Келген сайын үйімізге соқпай кетпейтін. Өте бауырмал, мейірімді адам еді. Жолдасым Мұқатайдың атын атамай, Мұқажан деп отыратын. Тойларда ән айтқанды, қалжыңды жақсы көретін», деп еске алады Қалам апай.

Оның айтуынша, Рақымжан атамыздан Әлия есімді жалғыз ғана қыз тұған. Ол қазір көзі тірі, Алматыда тұрады. «Ағатайым бізге соғыс туралы көп айта бермейтін. Білетінім, соғыста екі рет қана кішігірім жаракат алғанын айтқан еді. Бірінші рет шайқас кезінде оқ қабағын жырып өтіпті. «Құдайдың сақтағаны ғой, тек терімді ғана жартып кетті» деп отыратын. Ал екінші рет аяғына оқ тиіпті. Бірақ ол да аса қатерлі емес. Рейхстагқа ту тіккені жайында сұрасақ: «Бізге бермеді. Бәлкім, сол кездегі елдің басшылығына жақсы көріну үшін қандасына берген шығар» деп қысқа қайыратын еді», дейді Қалам апай.

Шыныдақ қанша жасырылса да, уақыт бәрібір бәрін өз орнына қояды. Фашизммен соғыста ажалмен бетпе-бет келіп, аяқбай күрескен Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін де әлемге танытар күн алыс емес.

Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толады.

(1924 – 2013 жж.)

25 мамырда Тәуелсіз Қазақстан армиясының тұңғыш қорғаныс министрі және тұңғыш генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толады.

Сағадат Нұрмағамбетов Ақмола облысы Трудовое ауылында дүниеге келген. Ол ерте жетім қалды. Оның ата-анасы мен әпкелерін аға ағасы Сағит алмастырды, ол бірінші қатарда Екінші Дүниежүзілік соғыс майданына аттанды және көп ұзамай Псков қаласын қорғау кезінде қайтыс болды.

1943 жылы Түркістан пулемет училищесін бітіргеннен кейін Сағадат Нұрмағамбетов майданға жіберілді. 1945 жылдың мамырына дейін ол 5-ші ереуіл армиясының 301-ші атқыштар дивизиясының құрамында пулемет взводының, ротаның және атқыштар батальонының командирі ретінде шайқасты. Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдованы, Батыс Беларусь пен Польшаны азат етуге қатысты. 20 жасында Сағадат Нұрмағамбетов Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. 1945 жылы сәуірде көрсеткен батырлық пен батылдығы үшін ол екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды.

Сағадат Нұрмағамбетов батальоны Рейх канцеляриясы ғимаратына шабуыл жасауға қатысты, ал соғыстан кейін батальонның жеке құрамы мемлекеттік маңызы бар маңызды объектілерді күзету жөніндегі міндеттерді орындады.

1991 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы, ал 1992 жылғы мамырда Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болып тағайындалды. 1994 жылы Президенттің Жарлығымен оған біздің елімізде «Алтын жұлдыз» табыс етілген «Халық Қаһарманы» жоғары атағы берілді. Сағадат Нұрмағамбетов Қазақстан Қарулы Күштерін құру мен қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарды.

Сағадат Нұрмағамбетов көрнекті әскери қолбасшы ғана емес, шығармашылық адам болған. Оның перуінде «Отқа қарайтын», «Менің алдыңғы жиегім», «От жылдарынан егеменді армияға дейін», «Жадында тыныштық жоқ» атты естеліктер бар.

Қазақстандықтар өз батырларын мақтан тұтады. Бүгінде оның есімімен Қазақстан қалаларындағы көшелер мен әскери оқу орындары, ескерткіштер, мемориалдық тақталар мен мұражайлар ашылды. «Қазақфильм» отандық киностудиясында ол туралы «Сағадат Нұрмағамбетов. соңғы сұхбат» атты деректі фильм әр түрлі халықаралық кинофестивальдерде жүлделер алған.

Сағадат Қожахметұлы – соңғы демі таусылғанша туған еліне қалтқысыз қызмет еткен дара тұлға. Рейхсканцелярияға шабуыл жасаған қазақтан шыққан батальон - командирі.

Батырдың балалық шағы тауқыметке толы болды. Сағадат дүниеге келместен бір ай бұрын әкесі Қожахмет көз жұмады. Алты жасқа толар-толмаста анасы Айса бакиға озды. Осылайша, бала Сағадат ағасы Сағит пен жеңгесі Құлтайдың қолында тәрбиеленді. Сабакқа ынтасы зор, мұғалімдерінің ерекше ықыласына бөленген Сағадат өзі қатарлы сыныптас орыс балаларынан озып, екі сыныпты бір жылда аяқтай жүріп, мектепті бітірді. Алайда сол екі ортада соғыс өрті бұрк ете түсті. Сағит ағасы майданға аттанып, көз ұзамай Новгород түбінде қаза тапты. Осыдан соң отбасының бар ауыртпашылығы Сағадаттың иығына түскен еді. Батыр «Мой передний край» кітабында өзінің осылайша бала жастан ересектермен қатар тер төгіп, еңбекпен есейгенін жазады.

Сағадат Нұрмағамбетов 1942 жылдың шілде айында 18 жасында Кеңес әскері қатарына қабылданып, Түрікменстандағы пулеметшілер даярлайтын училищені үздік аяқтайды. Кейін взвод командирі ретінде майдан шебіне аттанады.

Оның Отан үшін от кешкен майдан жолы Кубаньнан басталып, Донбассе, оңтүстік Украина, Батыс Беларусь, Молдавия, Польша арқылы Берлинде аяқталды. Гитлердің рейхсканцеляриясын алғанда атқыштар батальонының командирі, Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетов жиырма бір жасқа да толмаған еді.

Сағадат 1945 жылы 17 қаңтарда Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жердегі Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде Сағадат Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайкастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуіші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша бөрітады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашистің көзін жояды. Осылайша, Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін жер жастандырып, 6

Соғыс аяқталғаннан кейін Сағадат Қожахметұлы кеңес армиясында командалық лауазымдарды атқарды.

Егер Сағадат Қожахметұлы тумысынан қайсар болмағанда, Фрунзе атындағы әскери академияға түсінуі де мүмкін еді. Емтихандарды сәтті тапсырып болған соң, мандаттық комиссиясының төрағасы генерал-лейтенант Сухомлинов офицерлерді жеке-жеке қабылдайды. Ол «Сен небәрі жиырма екіде екенсің, әлі жан-жәксің. Академияда оқуға ертерек» дегенді айтады. Сонда Сағадат ағамыз жұлып алтаңдай: «Соғысқанда жас болмадым, оқуға келгенде жас болып қалдым ба? Менің қазір түскім келеді, болмаса ешқашан! Әйтпесе, әскерден босатыңыз!» дейді. Генерал да азамат екен, сөйге тоқтайды. Осылайша, бірауыз сөз бүкіл тумырып әскери қызметке арнауға жол ашады.

Академиядан соң әскери қызметтің барлық баспалдағынан өтіп, ұзақ жылдар бойы Ортадық Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Мажарстандағы кеңес армиясы Оңтүстік тобы қолбасшысының бірінші орынбасары қызметтерін атқарады. Кеңес одағы кезінде мұндай жоғары әскери лауазымда болған қазақ азаматтары некен-саяк.

1989 жылы «әскери қызметтің шекті жасына жетуіне байланысты» зейнеткерлікке шыққаннан Сағадат Қожахметұлы соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ардагерлер істері комитетінің басшысы болды. Сонымен бірге ол кісінің қатарынан бірнеше шақырылымға депутат болып сайланғанын да айта кету керек. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қарулы күштердің ардагерлері мен мүгедектері істері жөніндегі комитетін басқарды.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең басым міндеттердің біріне айналды. Сол кездегі жағдай ел аумағында орналасқан әскери бөлімдерге дұрыс және қатаң бақылау орнатуды талап етті. Осы мақсатта 1991 жылдың 21 тамызында еліміздің Қауіпсіздік кеңесі құрылды.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста генерал-лейтенант С.Нұрмағамбетов құрметті демалыста болатын. Елдің егемендігін сақтап, оны нығайта түсу үшін шегеге ілген ішкінің қайта киюге тура келді.

Қазақстанның мемлекеттік саясатын дәйекті түрде жүзеге асыра отырып, 1991 жылы 25 қазанда Президент Жарлығымен Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы болып Кеңес Одағының батыры, генерал-лейтенант Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен комитет Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992 жылғы мамырда Сағадат Қожахметұлы Қорғаныс министрі болып тағайындалып, оған кезекті генерал-полковник әскери атағы берілді. Ал 1993 жылы 5 мамырда армия генералы атағын иеленді.

Сағадат Қожахметұлы ел тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап Қарулы күштерді басқарды, төл әскеріміздің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Осы ерен еңбегі үшін Президенттің 1994 жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке Халық қаһарманы атағы берілді.

пулемет орналасқан жердің көлін жояды. Осылайша, оның ротасы кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл шайқастарды кеңес әскерінің қолбасшысы Георгий Жуковтың өзі бақылағанын айтады. «Нұрмағамбетов қатысқан ұрысты Кеңес Одағының маршалы Жуков бақылапты. Ол Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының батыры атағын беруді ұсынады. Бұл нақты ерлік еді», дейді ол «Долг, Честь, Подвиг Сағадата Нурмағамбетова» атты деректі фильмде. Осылайша, 1945 жылдың 27 ақпанында 20 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының батыры атағы беріледі.

1945 жылғы 16 сәуірде күндізгі сағат 12-де майор Нұрмағамбетов қызмет ететін атқыштар полкі өзіне берілген танк батальонымен тізе қосып, Гузов қаласына бағыт алды. Бұл жөнінде полк командирі подполковник Пешков пен дивизия командирі подполковник Антонов қол қойған наградалық мінездемеде «Батылдық пен шеберлік көрсете отырып, ұрысты одан әрі дамыта білді, күндізгі сағат 3-те Гузов қаласының шығыс шетіне ие болды. Мұнда оның батальоны 200 гитлершіні жойды, 18 атыс позициясын, 8 тірек пунктін жойып, жаудың 68 солдаты мен офицерін тұтқынға алды», деп жазылған.

Бұл тұстағы ұрыстар сұрапыл болған. Күні таянғанын білген гитлершілер өлімге бел байлап, жан аямай қарсыласты. Зеелов шыңын бағындырар алдында шабуылды тоқтатудың бар амалын жасап бақты.

Екінші күні жау Гузов қаласында аса көп жаяу әскерімен, танктерімен, өздігінен жүретін зеңбіректерімен кеңес жауынгерлеріне қарсы тұрды. Майор Нұрмағамбетовтің батальоны үшін 18 сәуір күнгі соғыс та естен шықпастай еді. Жан алып, жан беріскен ұрыс ұзаққа созылды. Полк командирі мен дивизия командирі қол қойған наградалық мінездемеде 18 сәуірдегі осы бір аса қиын соғыс жайы айтыла келіп, былай деп жазылған екен:

«Хармесдорф елді қонысы маңында 1945 жылдың 18 апрелінде күні бойы жау контратака жасады. Майор Нұрмағамбетов асқан табандылық пен шеберлік көрсетіп, немістердің барлық контратакасын тойтаруды қамтамасыз етті. Әскерлер күшін керекті жерінде тамаша ұйымдастыра білді. Жауды әскері жағынан да, техникасы жағынан да үлкен шығынға ұшыратып, орныққан шебінен қуып тастады. Оның батальоны жау фаусшылары мен автоматшылары ірі топтарының табанды қарсыласуын таптай отырып, 18 сәуірде Буков қаласына басып кірді. Көше ұрыстарының небір қиын жағдайында қаланың шығыс шетіне ие болу жөніндегі полк командирінің бұйрығын орындауды өте жақсы қамтамасыз етті. Буков үшін жүргізген ұрыстарда бұл батальон 100 гитлершіні жойды, 12 атыс ұясын талқандады, жаудың 3 танкін, 1 өздігінен жүретін зеңбірегін құртып жіберді».

1945 жылдың сәуірінде оны командалық Кеңес Одағы батыры атағына екінші рет ұсынады. Алайда қыр баласына келгенде жоғары жақтың қырсығып қалатын әдеті емес пе, «Алтын жұлдыздың» орнына осыны да қанағат тұтсын дегендей «Қызыл Жұлдыз» орденін табыстайды.

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

**Мұқанов Сәбит Мұқанұлы,
туғанына 125жыл**

Кітапханашы: Н Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет: Кітапханамызда мамыр айының күні 7-8 сыныптардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Баяндама оқылып, Сәбит Мұқанов өмірі, шығармалары туралы кеңінен насихатталды.

Максаты: Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, қазақтың әйгілі жазушысы ақын, туғанына 125 жыл (1900-1973) ақынның шығармаларын таныстыру

Баяндама

Жастайынан жетім қалған

Сәбит Мұқанов 1900 жылы 26 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Жеті жасқа толғанда әкесі Мұқан қайтыс болып, сегізге аяқ басқанда анасынан айырылады. Сөйтіп жастайынан жетім қалған бала Сәбит ағасы Мұстафаның қолында қалады.

Жетімдіктің тауқыметін тартқан Сәбит еңбекке ерте араласады. Он жасынан бастап байлардың есігінде жүріп күн кешті. Қойын бақты, отыны мен суын тасыды, жылқышы болды. Жоқшылықтан көзін аша алмай, мұқтаждық қолын байлап оқи да алмады. Алайда білімге деген құштарлығы бір сәт те басылған емес. Өз бетінше оқу-білімге ұмтылып, ауыл молдасынан хат таныды. 14-15 жасында ел аузындағы жыр-толғауларды, кисса-дастандарды жаттап, мақамдап айтып үйренді. Өлең шығаруға талаптанды, ел аузына ілігіп, ауыл ішінде өлеңші бала атанды. Абай Құнанбайұлының 1909 жылы басылған өлеңдер жинағымен танысып, Абайдай ақын болуды армандады. Абайдың поэзиясы Сәбит Мұқановтың ақындық талантына зор қозғау салады.

Сәбит Мұқановтың еңбек жолы

Сәбит Мұқанов 1918 – 1919 жылдары Омбыдағы оқытушылар курсына білім алды. Оқып жүріп Мағжан Жұмабаевқа хатшылық етті. Оның педагогика курсы тарихынан оқыған дәрістерін қағаз бетіне түсірді. Өзі шығарған алғашқы өлеңдерін Мағжанға оқып беріп, ақындық өнерін шыңдады. Оқуын тәмамлағаннан кейін Сәбит Мұқанов біраз уақыт мұғалім болып қызмет етті. 1920 жылы жазда Мағжан Жұмабаевтың жетекшілігімен оқытушылар курсы қайта ашылып, күзге дейін сонда оқуын жалғастырды.

Тағы оқыңыз: Бибігүл Төлегенова 90 жасқа толды: "Әдемі қартайып келемін"

1921 жылы Сәбит Мұқанов коммунистік төтенше әскери бөлімнің жауынгері болды. 1921–22 жылдары әр түрлі қызметтер атқарды. 1922 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетіне түсіп, 1926 жылы бітіріп шықты.

Сәбит Мұқанов 1926-1928 жылдары баспасөз орындарында қызмет атқарып, республикалық "Еңбекші қазақ" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газеті бөлімінің

менгерушісі, Қазақстан Мемлекеттік баспасының бас редакторы болды. 1928 жылы Петропавл қаласының "Кеңес ауылы" газетінің редакторы және Жазушылар бөлімінің жетекшісі қызметін атқарды. 1930 жылы жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары негізінде "Жарыс" альманахын шығарды.

1932-1935 жылдары Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөлімінде оқыған. 1935 жылы республикалық "Кеңес ауылы", "Қазақ әдебиеті" газеттерінің редакторы болып, 1936-1937 жылдары Қазақстан Жазушылар одағын басқарды.

Сондай-ақ, Сәбит Мұқанов 1937-1941 жылдары Абай атындағы педагогикалық институттың профессоры болып, қазақ әдебиетінен сабақ берген. 1943-1951 жылдары екінші рет Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқарды. 1958-1969 жылдары Дүниежүзілік Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшелігіне, 1965-1969 жылдары Араб елдерімен достық және мәдени байланыстар қоғамы қазақ бөлімшесінің төрағалығына сайланған.

Сәбит Мұқановтың шығармалары

Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің барлық жанрында өнімді еңбек етті. Жазушы қаламынан туған әдеби мұра – көп жанрлы, мол көлемді, идеялық-эстетикалық мәні жоғары әрі құнды. Сәбит Мұқанов 80 мың жолға жуық лирикалық өлең, жиырмаға тарта поэма, бірнеше повесть пен роман, көптеген әңгіме, очерктер, оннан астам пьеса, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын талдайтын монографиялар, қазақ мәдениетінің тарихы мен этнографиясы туралы зерттеу еңбектер және тағы басқа кітаптар жазып қалдырды.

Сәбит Мұқановтың алғашқы өлеңдері мен поэмалары, мақалалары мен әңгімелері 1917 жылдан жариялана бастады. 1924 жылы өлеңдер мен мақалалардан және аударма шығармалардан тұратын "Совет өкіметі һәм қазақ әйелі" атты тұңғыш кітапшасын шығарды.

Жиырма жасынан поэма жаза бастады.

1928 жылы "Сұлушан" дастаны, 1931 жылы "Адамқандар" романы және тағы басқа туындылары жарық көрді. "Сұлушан" дастанында ғашықтық, махаббат мәселесін көтере отырып, әлеуметтік мәні зор түйіндерді толғаған. Ал "Адамқандар" романы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш романдардың бірі саналды. Ол бұл романды едәуір өзгерістер енгізіп, 1959 жылы "Мөлдір махаббат" деген атпен қайта бастырып шығарды.

"Жұмбақ жалау" (кейіннен "Ботагөз" аталған) романында Қазақстандағы 1910-1920 жылдардағы күрделі оқиғаларды бейнелеген. Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан революциясы, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы,

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы, тағы басқа ірі тарихи оқиғалар роман сюжетіне арқау болды. Романдағы басты тақырып – қазақ халқының, Қазақстанның тарихи тағдыры. "Ботагөз" романы – қазақ халқы өміріндегі төңкерістік ірі кезеңді шебер бейнелеген келелі шығарма. Роман КСРО халықтары тілдерінде және бірқатар шет ел тілдерінде аударылып басылды. "Ботагөз" романына негізделіп пьеса жазылып, Қазақстан театрлары сахнасына шықты, кинофильм түсірілді. Сәбит Мұқанов 40-шы жылдары "Менің мектептерім" романын, "Балуан Шолақ" повесін, "Сырдария" романын, "Поэзия маршалы", "Майданға хат", "Женімпаз Қызыл Армия", "Фашизмнің ажалы" және тағы басқа прозалық және поэзиялық шығармаларын жазды.

Прозада роман мен мемуарлық әдебиеттің дамуына үлес қосты.

Сәбит Мұқанов қазақтың он тоғызыншы ғасырдағы ойшыл-ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармаларын ұзақ жылдар бойы терең зерттеді. Омбының, Ленинградтың (Санкт-Петербург) мұрағаттары мен кітапханаларында болып, Шоқан өміріне қатысты материалдар жинаған. Соның нәтижесінде оның қаламынан "Шоқан Уәлиханов" пьесасы мен "Жарқын жұлдыздар" атты зерттеу еңбегі туды. Сәбит Мұқанов өмірінің соңғы жылдарында Шоқан өмірінен "Аққан жұлдыз" романын жазып, оның екі кітабын шығарған. Жазушы 4 том ретінде жоспарлаған бұл роман аяқталмай қалды.

Сәбит Мұқанов драматургия саласында да көп еңбектенді, сын, әдебиеттану саласына да көп еңбек сіңірді.

Сәбит Мұқановтың шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылған.

Шығармаларынан

«Менің мектептерім»

Сәбит Мұқанов өз өмір өткелдерін әңгімелей отырып, сол кездегі халық басында болған ауыртпалықтарды сөз етті. Қазақ ауылының революцияға дейінгі тұрмысын суреттеуде жазушы балалық шағын бір шолып өтеді де, Мұқан мен Тұрағұлдың, Мұстафа мен Нұртазаның араларындағы қайшылықтардың бетін ашады.

«Менің мектептерім» мен «Өмір мектебі» мемуалдық шығарма болғандықтан, басынан аяғына дейін сюжеттік желі үзілмей, біріне-бірі өрбіп отыра бермейді. Алайда, әңгімеге тікелей қатынасып, әр істің басы-қасында жүретін негізгі кейіпкердің типтік образы арқылы белгілі бір дәуірдің оқиғасын шығармадан айқын көруге болады.

Мұның өзі шын мәнінде өмірбаяндық (библиографиялық) шығармалардың жанрлық ерекшелігінен келіп туады, өмір фактілері, тарихи оқиға басты кейіпкерлердің көз алдынан өтеді. Сондықтан да белгілі бір кездегі оқиға да, әдет-ғұрып, салт-сана да бұл романда әңгімешінің өмірге қоян-қолтық араласуы арқылы

көрінген. Осыған орай шығармада жаңа адамдар, тың оқиғалар пайда болып отырады.

Шығармаларда өмір күнделігі басты геройдың бір жүріп, бір тұрған еңбек адамдарының тұрмыс тіршіліктерінен де танылады. Бет қарышын шыңылтыр аялдарда, боранды күндерде бай малының соңында жүрген жалшылар мен еңбегі еш болған кедей шаруалардың ауыр тұрмысы тебірендірмей қоймайды. Орыс крестьяндарынан көргендерін тұрмыс тіршіліктеріне пайдаланып, егін егін, өз беттерінше күн көрмекші болған кедей шаруаларды бұра бастырмай, жайқалған астықты жылқыға жеткізіп тастап отыратын Тұртай сияқты байлар да романда әшкереленеді. «Малы бағылмай бос жүретін кең жайлауға егін сеппе деп едім, таңдамадыңдар, өз обалдарың өзіңе» деп қарап тұратын Нұртаза би де сол Тұртай, тұрағұлдардан асып кете алмайды. Қараңғылық жайлаған қазақ аулында дүние молдалардың тигізген кесір-кесепаттары да аз емес. Сол бір ауырпалықтарды өз басынан кешірген басты герой үнемі кедей жалшылардың арасынан көрінеді де, болашаққа зор сенім артып отырады.

«Өмір мектебі»

«Өмір мектебінде» қала мен ауыл өмірі қатар суреттеледі, негізгі кейіпкерлер тап күресін жүргізушілер болып келеді. Жазушы «Менің мектептерімде» кісі есінде жүрген кедей, жалшылардың айғағы ретінде көрінсе, екінші кітапта сол жалшылардың оқу оқан, әлеумет ісіне араласып жүргендіктерін елестетеді. Шығармада автор әрбір істің басы-қасынан көрініп, не сол жұмысты атқарушылардың бірі болғандығын үнемі аңғартып отырады. Октябрі революциясының жеңісі нәтижесінде туған жаңалықтар, Қазақстанда Совет үкіметінің орнауы бұл шығармада нақты және жан-жақты суреттелген.

Романда әрбір эпизод әлеумет өмірінде болған үлкен оқиғалар тынысын аңғартып отырады. Кооператив ұйымдарын ашу, оқу-ағарту жұмыстарын жандандыру істері шығармада өзекті мәселе. Боржабай, Шегеннің Айсасы, Қазыбайдың сұлтаны сияқты байлар мен алаш партиясының мүшесі Абылай тәрізділердің бет пердесі ашыла түскен. Ел атынан сенім хат жазып, кооперацияға берілген товарлар мен ауыл шаруашылығына деген заттарды талғамай жұтып жататын олар Совет үкіметіне қарсы зиянкестік әрекеттерін жан таласа жүргізеді. Жаңа дүние құрушыларға кес-кестеп көлденең тұратын Абылай тәрізділердің құбылмалы екі жүзділігі де, бандиттердің құлымдық әрекеттері де терең ашылған.

Бұл шығармалар өз дәуірінің шежіресі есепті. Станция жұмыскері Бексент пен Нұркіннің Омбыдағы қолчактар ұжыын талқандауға қатынасуы да бір кездегі тарихи жағдайдың айғағы. Романда халықтың мәдени тұрмысы мен өнерге деген құмарлығы кең суреттелген. Көңіл-күйін, жүрек сезімін ақтара жазған қыз бен жігіттің өлең хаттарында өмір қыспағының іздері жатса, Оспан мен Мақметті мүқзату үшін шығарылған өлеңде поэзияны құрал ретінде жұмсаушылық, ән мен күй, өлеңге деген құмарлық, ұлттық дәстүр шығармадан өзекті орын алады.

«Алуа басында нелер бір әдемі түндер болады. Кейбір айлы, жұлдызды немесе алашабыр бұлтты тымық түндерде ауылдан қалаға қарай беттеп шығып, жар қабақтана біткен жағалағы жұпар иісті жасыл шалғынның арасында бауырлай жата кетіп, жаң-жағына көзінді тіксең де, құлағыңды тіксең де нелер бір көркем суреттерді, нелер бір көркем дауыстарды естисің... Әлде қайдағы ауылдардан кейде екі әйел қосылып, кейде бір әйел мен бір еркек қосылып, кейде екі еркек қосылып, кейде әйелдердің я еркектердің бірнешеулері қосылып, кейде бірнеше еркектер мен бірнеше әйелдердің дауыстары сапырылып кетіп тымық түнде жұлдызды аспанға биіктеп көтерілген ән құлағыңа шалынса, ол алтыбақан тепкен қыз бозбалалардың әндері екенін айтпай-ақ шамалайсың... Әлдеқайдағы сайлардан кісінеген де шырқала, кейде баяулап естіліп жатады». («Өмір мектебі», 103-бет.)

«Өмір мектебінде» халықтың рухани тұрмысы басты геройдың күрес жолдары арқылы көрінеді де, «Есею жылдары» атты үшінші кітапта тамырын тереңдете түседі. Совет үкіметін нығайту жолында болған әр алуан күресті арқау ететін бұл роман социалистік зор оқиғаларды қамтиды.

«Есею жылдары»

«Есею жылдарында» жазушы бұрыннан көтеріп келе жатқан тақырыбына қайта оралып, ұлтшыл, байшыл акын-жазушыларға қарсы жүргізілген күрес өмір фактісіне сүйене отырып баяндайды. Еліміздегі мәдени революция кезінде әлеуметтік зор істер атқарған қоғам қайраткерлері қатарында Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбеков, Әбілқайыр Досов, Белаш, Зікірия Мухеев, Ораз Исаев, Жанайдар Садуақасов, Ораз Жандосов, Сейітқали Меңдешевтер есімі аталады. Негізгі кейіпкерлердің бірі болып отыратын жазушы шығарманың басынан аяғына дейін көрініп, үлкен тартыс, зор оқиғаға тікелей араласып жүреді. Солай бола тұрса да, автор кейде көргеннің куәсі болудан әрі аса алмай қалады.

Романда сөз болатын кейіпкерлер саны өте көп, олардың көпшілігі жиын, митинг, мәжілістерде көрініс береді де, шығарма өрісінен шығып қалады. Бұл салада жазушының кейіпкерлерге деген субъективтік қатынасы да біраз әсер еткен. Ел біліп, жұрт таныған тарихи адамдардың қайсы бірі шығармадан өз орнын таппай жататындығы да бар. Дегенмен, бұл роман өз жаңалығымен, өзіндік өзгешелігімен танылған. Шығармада елімізде жүргізілген мәдени революцияның адам санасына әсері нақтылы характерді ашу үстінде көрінген.

Әлеуметтік ішкі қайшылықтар роман сюжетінің тартыс желісін құрған. Совет мекемелеріне, үкімет орындарына орналасып алып ұлтшылдық уын себу үшін совет кадрларын қуғынға салған әрекеттерді шығармада терең ашылған.

Социалистік құрылыстың әрбір саласынан көрінетін тарихи адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін жазушы ұтымды әңгімелеген. Революционерлердің социалистік құрылысты нығайту жолындағы, идеология майданындағы жүргізген күресін көркемдік шындыққа көтере суреттеген.

Жазушы бір-жүріп, бірге болған адамдар жайып сөз еткенде олардың характерлерін ашудан көрі өмірбаяндарына көбірек тоқтайды. Романда қаһармандардың арасындағы өзара кикілжің, атак мансапқа таласу жақтары көп айтылған. Бұл ұнамды образдардың саяси, әлеуметтік мәселелерде атқарған зор істерін көрсетуге көленке түсірген.

Сәбит Мұқанов ақындық өнерін лирикадан бастап, жиырмаасыншы жылдардың екінші жарымында көлемді поэмалар жазды. Ұлы Октябрь революциясына дейінгі қазақ әдебиетінде өріс алған поэзия жанры жас талантқа игі ықпал жасаған. Ол халық мұрасының асыл дәстүрлерінің де молынан үйренген.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ықпалы
Әдебиет тарихында белгілі бір кезең үшін құбылып болып оқырманын он сан ойға салып келетін шығармалар болды. Өзі құбылыс болумен бірге кезең үшін көркем сөзге талапкер жастарды даярлай келетіні бар. Қазақ совет әдебиетінің классиктерінің бірі – Сәбит Мұқановтың өлеңмен жазылған тұңғыш роман осындай шығарма санатына жатады. Қазақ совет әдебиетіндегі өлеңмен жазылған тұңғыш роман әдебиетке жаңа деп, тың тыныс ала келген. Бұл жауһар туынды күні бүгінге дейін оқырманның барша буынын сұлулыққа баулуда.

Роман алпысыншы жылдарға дейін талай талапкердің әдебиетке келуіне айтарлықтай ықпал-әсер етті. Жастарды сұлулыққа құштарландыра, сөз құпиясын меңгеруде тәрбиеші болды. Мұның өзі қазақ совет әдебиетінің профессионалдык тәжірибесі аз, халықтың сан ғасырлардан бері рухани қажетін өтеп келе жатқан фольклордан әлі де іргесін бөлектеп үлгермеген сәтте дүниеге келген көркем шығарманың күні бүгінге дейін атқарған үлкен эстетикалық қызметін көрсетсе керек. Сондықтан тұтас бір халықты оқырмандық белгілі бір кезеңнен алып өткен, туған әдебиетіміздің қазір ағасына айналған ат төбеліндей аға буынын, сан-сапасы молайған кейінгі толқын қаламгерлерін тәрбиелеген, қазіргі салауатты көркем шығармамен бірге тәрбиелесіп келе жатқан романның қыр-сырына бүгінгі уақыт биігінен үнілуге, творчестволық тарихы, кейінгі тағдыры туралы қызыға әңгімелеуге болады. Жакында ғана жарық көргеніне елу жыл толған роман кейінгі ұрпақтан жаңаша сөз етуді тілейтіні де анық.

Халық арасында айтылатын жыр негізінде эпикалық таптық туынды жазуды көздейді. Өйткені «Сұлушаш» эпосы жас ақынға өте жақын, етене таныс материал еді. Халық эпосы – «Сұлушаш» бала Сәбиттің талай-талай домбыраға қосып айтып тыңдаушыларын риза еткен, тіпті күндік дәм-тұзын айырған жыры. Ол кейін «панасыз жетім күнімде, халық жиналған жерлерде, немесе әдебиетке әуес жеке үйлерде жаттаған өлеңдерімді, әсіресе, хиссаларды айтып сонымен тамақ асырадым» («Осу жолдарымыз», 654 бет) деп жазған, «Сұлушашты» ойға алғаны деп түсінуіміз керек. Халық эпосы Сәбитті осылайша сұлулыққа тәрбиелеген. Көкірегіне құлай жатталған жыр қашанғы айна-қатесіз қайталанып айтыла береді. Орындаушының көңіл-күйіне орай кейде асып-тасып толығып та, қысқарып та сан мәрте айтылған болар-ау?! Осы жайды назарға алсақ, Сәбит Мұқанов белгілі

дәрежеде эпос («Сұлушаш») айтушысының біріне айналған екен. Эпос айтушысы – творчестволық тұлға. Жанынан алмай, жадынан қоспай айтпайды. Эпос және оның айтушыларының тарихи тәжірибесіне қарап, халықтың ғашықтық лиро-эпикалық жыры – «Сұлушаш» – Сәбитті, Сәбит – жырды байытты, дамытты, жетілдірлі деп нық сеніммен айта аламыз.

Дүниеге осылай келген шығарма жөнінде мақтаған, дақтаған әр түрлі пікірлердің болғаны мәлім. Бір кезде айтылған сындарға назар аударсақ, көпшіліктің фольклорлық эпостан реалистік шығарма жасаудың мәніне жете түсінбегенін көреміз. Ауыз әдебиеті материалы негізінде жана заман, жарқын дәуір идеясын жырлау мүмкіндігін жете пайымламаған. Уақытында әр қилы пікір тұғызып, әдеби айтысқа себепкер болған роман жайлы пікір оған бері де айтылып келеді. Бұл – шығарманың өміршендік сипатын танытса керек, әлі де бұл романды әдебиеттің әр түрлі мәселелеріне орайластыра зерттеу қажет.

Рас, лиро-эпостық сюжетті пайдаланған автор аңыздық, фольклорлық сарындардан тысқары тұра алмады. Көптеген портреттерде, майдан сахнасында эпостық бейнелеу тәсілдері қолданылған. Алтайдың ата-анасының Тезек, Шұнақ аталуында да фольклорлық шартылық жатыр. Бірақ, сол кездегі эпикалық жанр табиғатын барлайтын болсақ адам характеріне нақты деталь негізінде назар салудан, идеяның образдар жүйесінде айтылуынан гөрі авторлық концепцияның ашық публицистік сарынға шығып кететінін байқар едік. Сондықтан романның жеке образдың жүйесіндегі фольклоризм элементтерін автордың саналы түрде барған әдеби тәсілі деп қарау жөн. Аға буын орыс әдебиеті мен ұлт әдебиеттерінің отызыншы жылдардағы даму тенденциясына назар аударғанда мұндай тәсілдің ортақ сипат алғанын байқаймыз.

Содан соң автордың оқырманына қарайлайтыны болады. Сол кездегі оқырман ой-санасы, психологиялық көңіл күйін, аңсарын көркем әдебиетті қабылдау мүмкіндігін ескергенде, автор фольклорлық сарындарға әдейі барған. Бұл орайда да фольклорлық әуен-мотивтер әдеби тәсіл ретінде өзін-өзі ақтайды.

Абай Құнанбаев, Владимир Маяковский, Максим Горький шығармашылықтарының әсері.

Сәбит Мұқанов отызыншы жылдары көптеген сын мақалалар, әдебиет зерттеу еңбектерін жазды. Қазақстан жазушыларының II-III съездерінде әдебиет сыны, проза, поэзия жанрларының даму процестері жайында баяндамалар жасап, қазақ Совет әдебиетінің негізгі салаларынан теориялық мәселелер көтерді. Эпостық жырлар, ақындар айтысы жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп көлемді мақалалар жазды. Абай мұралары жөнінде көптеген еңбектер берді. Жазушы «XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдебиеті тарихының очерктері» атты кітапта кейбір мәселелерді жаңасак топшылап, қателіктер жіберді. Автор Абай творчествосы туралы жазылған еңбектерінде ертеректе жіберген ағат пікірлерін түзеп, өтінін «Жарқын жұлдыздар» атты еңбегінде ұлы ақынның мұрасын дұрыс бағалады. Әдебиет зерттеу мәселесінде теориялық жағынан тың пікірлер ұсынды.

Жиыrmасыншы жылдардың алғашқы жарымындағы шығармаларында Сәбит Мұқанов көбінесе өткен өмірдің ауыр қыспағын реалистікпен сипаттады. Бұдан кейінгі кезеңде ол үгіттік сипаты басым саяси-лирикалық шығармалар тудыра бастады. Жаңа өмірдің жарқын көрінісін беруде сюжеттік шығармалар жазып, теңдікке қолы жеткен бұқара халық өкілдерінің табысын жырлады.

Отызыншы жылдардағы шығармаларында жазушы Владимир Маяковскийдің жалынды жырларынан, Максим Горький дәстүрінен үйрене отырып, оны өзінше меңгеріп, қазақ совет поэзиясына жаңалықтар енгізді, саяси лирикаларының идеялық-көркемдік сапасын жаңа белгі көтерді; поэзиялық шығармаларында жаңалықтар тудырып, түр мен мазмұн тұтастығын жетілдіре түсті.

Сәбит Мұқановтың 1937 жылғы Семейге сапары Абайды жазаша ұғынуына бетбұрыс жасады. Абай шығармаларының 1939 жылы бірінші томы, 1940 жылы екінші томы шыққан академиялық басылымына жазған кіріспе сөзде Сәбит Мұқанов Абайды «халықтың ақыны» деп, өзінің бұрынғы пікірлеріне түбірлі түзетулер жүргізді. Мұның алдында біраз уақыт бұрын, 1934 жылы жазушылардың бірінші съездегі баяндамасында Абайды «қазақ феодализмінің либерал беті» деген болатын. 1940 жылы Сәбит Мұқанов Семейге екінші рет келеді. Абайдың туғанына 95 жыл толуына арналған мерекелік шараларға қатынасып, ұйымдастыру, жұмыстарына басшылық етіп, баяндамалар жасайды. Абайтанудағы көзқарасының өзгеруі мен дамуы сапалана түседі және жеделдейді.

1945 жылы Абайдың туғанына жүз жыл толу мерекесіне арналып шығарылған академиялық толық жинақтың кіріспе сөзін Сәбит Мұқанов «Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері» деп атап жазды.

Осы жылы, Сәбит Мұқанов өзі Абай шығармаларының 1939 жылғы бірінші томына жазған алғы сөзінде ескерткеніндей, абайтанумен тиянақты шұғылданып, қалың кітап арнамақ жоспарын орындайды. 1945 жылғы толық жинақтағы кіріспе сөз сол «Абай Құнанбаев» атты монографияның арқауы екен.

1947 жылы Ғылым академиясының мерекелік сессиясында «Қазақтың ұлттық әдебиеті туралы» баяндама жазған Сәбит Мұқанов түпкілікті шешуші пікірін біржола қалыптастырады: «Абай қазақтың көлемдегі ғана ақын емес. Ол өз тұсындағы қазақ поэзиясын дүниежүзілік ең мәдениетті жазба поэзияның дәрежесіне түр жағынан да, мазмұны жағынан да жеткізген ақын».

Әр ұлттың өнерлі иелерімен оның ішінде орыс әдебиетінің талантты қаламгерлерімен, белді зерттеушілерімен арадағы қарым-қатынас Сәбит Мұқановтың жазушылық қаламының ұштаса түсуіне, көркемдік танымның кеңейе түсуіне әсері баса айтқан жөн сияқты. Сәбит Мұқанов үшін орыс әдебиеті қазақ әдебиетінің көркемдік талап-мұраттар тұрғысынан жаңа биіктерге көтерілуіндегі мектебіне айналды. Осы орайда

Б.Құдайназаров атындағы негізгі
орта мектебі

1-мамыр
«Достығымыз жарасқан»

Кітапханашы: Н.Мырзабек

2024-2025 жыл

Мәлімет: 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай

« Достығымыз жарасқан» атты кітап көрмесі болып өтті. Көрмеге 8-9 сыныптар қатысты.

Кітапханамызда, Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру, Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу және басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету мақсаттарында, «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» орай «Достығымыз жарасқан» атты көрме ұйымдастырылды.

Оқырмандар мен қонақтар Отандас басқа ұлттардың салты, ұлттық киімі, тағамдары және тілімен жақынырақ танысып, ақпарат алды. Көрмеде тілі бөлек, діні бөлек болған ұлттардың Отаны бір; туған жері ортақ Қазақстан екені көрсетілді.

«Достығымыз жарасқан» атты кітап көрменің библиографиялық шолуымен аяқталды.

Іс-шарадан суреттер:



